

www.ttc.kz

2021

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2021 ///



«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2021 ///

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2021 ///

```
CLASS TRANSTELECOM {  
    PUBLIC STATIC VOID MAIN(STRING[] ARGS) {  
        SYSTEM.OUT.PRINTLN(«ANNUAL REPORT»);  
        //2021  
    }  
}
```

ТРАНСТЕЛЕКОМ
ТРАНСТЕЛЕКОМ
КОМПАНИЈА

2021 ЖЫЛЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
САЛАСЫНДАҒЫ КӨШБАСШЫ



МАЗМҰНЫ

01 . Компания бүгін	006
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	008
Қоғамның Басқарма төрағасының үндеуі	010
Даму тарихы	012
Компания сандармен	016
Қызметтің негізгі индикаторлары	020
2021 жылдың негізгі оқиғалары	024
Қысқаша шолу	026
Компанияның профилі	026
Акционерлік капиталдың құрылымы және бағалы қағаздар	027
Ұйымдық құрылымы	028
02 . Стратегиялық шолу	030
Қоғамның сипаттамасы	032
Қатысу географиясы	032
Даму стратегиясы	032
Болжам	032
Миссиясы	033
Құндылықтар	033
Инвестициялық тартымдылық	034
Реттеуші ортаға шолу	034
2021 жылы телекоммуникация нарығына шолу	036
ҚР телекоммуникация қызметтерінің нарығы	036
Әлемдегі шолу және даму	040
Бизнес-шолу және қоғам позициясын бағалау	042
Бизнес-модель	042
Қоғамның ұстанымын және оның даму перспективаларын бағалау	043
Қоғамның функционалдық стратегиялары	043
2022 жылға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттер	045
03 . Операциялық қызмет	046
Аутсорсингтік қызметтер көрсету	048
Өнімдер мен сегменттер бойынша негізгі жетістіктер	051
B2C	051
B2B/ B2G/ B2R/B2O	052
Халықаралық B2O бизнес	053
B2G/B2R	056
Қоғамның жобалары	057
АЕМ	057
Фискалдық деректер операторы	057
БКМ – ФДО – МКК өзара іс-қимылының тұжырымдамалық схемасы	058



Оқу орындары үшін қауіпсіздік жүйесі	058
«109» бірыңғай байланыс орталығы	059
«Smart Kasipodaq» ақпараттық жүйесі	059
Сүт өнімдерін таңбалау және қадағалау бойынша жоба	060
«Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» жобасы	060
«ҰАТ» АҚ-мен ынтымақтастық	060
«ITICKET.KZ» электрондық билеттеу жүйесі» жобасы	061
TTC TV қызметі	061
SAP басқару жүйесі	062
Бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталық	063
«Service Management Automation X» жобасы	063
ДӨӨ инфрақұрылымын пайдалану	064
«TTCdocs» электрондық құжат айналымы жүйесі	064
«Дабыл» автоматтандырылған құлақтандыру жүйесі» жобасы	065
Операциялық қызмет блогы	066
«Энергодиспетчерлік тартым» АБЖ	066
Магистраль АБЖ	067
Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу	068
04. Қаржылық нәтижелер	070
Негізгі қаржылық көрсеткіштер	072
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық талдау	072
Инвестициялар	073
05. Тұрақты даму	074
«Транстелеком» АҚ әлеуметтік үлесі	078
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	079
«Транстелеком» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға көзқарасы	079
Персонал	082
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік	084
Қызметкерлер құрамы	088
Әлеуметтік саясат	095
Сатып алуды ұйымдастыру	104
Қоршаған ортаны қорғау	105
Экологиялық бастамалар және қоршаған ортаны қорғауға көзқарас	105
Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия үнемдеу	106
2020-2021 жылдардағы энергетикалық тиімділік мониторингі	110
Атмосфераға шығарындылар және климаттың өзгеруі	111
Ресурстарды үнемдеу	114
06. Корпоративтік басқару	116
Қоғамдағы корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат	118
Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары	118
Ірі мәмілелер және жасалуында мүдделілік бар мәмілелер	118

Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы	119
Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі	119
Акционерлердің жалпы жиналысы	120
Қоғамның Директорлар кеңесінің есебі	120
Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру	120
Директорлар кеңесінің құрамы	121
Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат	123
Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің жекелеген мүшелерінің және оның басшысының қызметін бағалау	123
Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметтік тізімі	130
Корпоративтік хатшының қызметі	135
Басқарма	136
Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау, олардың міндеттері мен жауапкершілігі	136
2021 жылғы 31 желтоқсандағы Қоғам Басқармасының құрамы	136
2021 жылдағы Қоғам басқармасының отырыстары	145
Басқарма мүшелерінің сыйақысы	146
Ішкі аудит қызметі	147
Мүдделер қақтығысын реттеу	148
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет	149
Этика және адалдық	149
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті басқару	149
Террористік қауіптерге қарсы іс-қимыл	150
Азаматтық қорғаныс іс-шаралары	151
Құндылықтар және этикалық қағидалар	152
Қоғамның корпоративтік құндылықтары	152
Шағымдар мен өтініштер	152
Бәсекелестермен қарым-қатынас	153
Тәуекелдерді басқару	154
2021 жылы тәуекелдерді басқару	157
Сапаны басқару	159
Біріктірілген менеджмент жүйесі	159
Біріктірілген менеджмент жүйесінің (МИЖ) ішкі аудиті	160
07. Қосымшалар	162
Қаржылық есептілік	164
Глоссарий	172
Есеп туралы	178
Есепті кезең және Есептің шекаралары	180
Есеп мазмұнын анықтау процесі	180
Таңдалған маңызды тақырыптар тізімі	181
Болашаққа қатысты мәлімдеме	181
Куәландыру	181
Байланыс ақпараты	182
GRI стандартты элементтерінің кестесі	184



2021 ЖЫЛ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ
ИНДУСТРИЯСЫ ҮШІН САПАЛЫ
ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖЫЛЫ БОЛДЫ.

«Транстелеком» АҚ телекоммуникациялық және инфокоммуникациялық қызметтердің кең спектрін, оның ішінде халықаралық, қалааралық, жергілікті телефония қызметтерін және интернет желісіне, сондай-ақ магистральдық байланыс арналарына қолжетімділікті ұсынуға маманданған.

```
CLASS TRANSTELECOM {
  PUBLIC STATIC VOID MAIN (STRING[] ARGS) {
    SYSTEM.OUT.PRINTLN («ANNUAL REPORT»);
    //2021
  }
}
```

КОМ- ПАНИА БҮГІН



- 2000
- 2001
- 2002
- 2003
- 2004
- 2005
- 2006
- 2007
- 2008
- 2009
- 2010
- 2011
- 2012
- 2013
- 2014
- 2015
- 2016
- 2017
- 2018
- 2019
- 2020
- 2021 ✓

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТОРЛАР, СЕРІКТЕСТЕР МЕН КЛИЕНТТЕР!

Сіздердің назарларыңызға «Транстелеком» АҚ кезекті жылдық есебін ұсынамын.

2021 жыл жаңа жағдайларға бейімделу жылы болды. Біз COVID-19 ешқайда кетпегенін түсіндік. Бірақ біз алға жылжыдық. Жүргізілген талдау Қоғамның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, қызметтерді дамыту және елдің телекоммуникациялық нарығындағы позицияларды нығайту жөніндегі міндеттерді табысты іске асырғанын көрсетті. Біз басқарудың базалық қағидаттарын сапалы түрде қайта құрып, нарықтың шынайылығы мен шарттарын қабылдап, өзгерістерге жедел жауап бере алдық.

Жасыратыны жоқ, бизнесте ұзақ мерзімді құндылықтарды құру тұжырымдамасын ұстанатын ұйымдар ең жақсы қаржылық нәтижелерді көрсетеді, жоғары білікті қызметкерлерді тартады және ұстайды, ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарға ие болады. Сондықтан «Транстелеком» өз стратегиясына тұрақты даму қағидаттарын кіріктірді. Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік, ашық корпоративтік басқару Қоғам үшін жай сөз ғана емес, біздің қызметіміздің базалық құрамдастарына айналды.

Бүгінде Қоғам барлық заңнамалық нормаларды сақтайды және өзіне алған міндеттемелерді орындайды, клиенттермен, серіктестермен, жеткізушілермен және қызметкерлермен құрметке негізделген және өзара тиімді қарым-қатынас жасайды, ақпараттық ашықтық пен айқындықты жетілдіреді, әдепті іскерлік тәсілдерге сүйенеді және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізеді. Сонымен қатар, Қоғам қоршаған ортаға

ұқыпты қарайды және клиенттер мен серіктестер арасында жоғары экологиялық стандарттардың таралуына ықпал етеді.

Лайықты еңбек жағдайларын қолдау және персоналды дамыту үшін мүмкіндіктер ұсыну да біздің қызметіміздің басты аспектілерінің бірі болып табылады. Жасыратыны жоқ, дұрыс таңдалған команда компания табысының 90%-ын құрайды. Бірақ IT саласындағы үрдістер мен трендтер өте тез өзгереді. Уақыт талабына бейімделу үшін компания қызметкерлері өздерінің біліктіліктерін арттырады, соның арқасында білім базасы кеңейіп, нарықтағы мамандардың құндылығы артады.

2021 жылы Қоғам елде қолайлы климат жасау үшін көп жұмыс атқарғанын айта кету керек. Бұл ретте, барлық қиындықтарға қарамастан, біз тұрақты және техникалық сенімді компания болып қала бердік. «Транстелеком» АҚ өзінің даму динамикасын одан әрі де сақтап қалатынына сенімдімін. Есепті жылы қол жеткізілген барлық көрсеткіштер Директорлар кеңесіне Басқарманың, топ-менеджменттің және қызметкерлердің қызметін жоғары бағалауға мүмкіндік беретінін атап өткім келеді. Өз сөзімді қорытындылай келе, акционерлерге және серіктестерге – сенім мен көп жылдық ынтымақтастық үшін, менеджментке – қойылған міндеттерді адал орындағаны үшін, ұжымға – еңбексүйгіштік және жұмыстағы инновациялық тәсілдері үшін шынайы алғысымды және ризашылығымды білдіргім келеді. Біздің компаниямыздың клиенттеріне де біздің дамуымызға үлес қосқандарыңыз және жетілуге көмектескендеріңіз үшін алғыс айтамын.

НҰРӘЛІ РАХАТҰЛЫ ӘЛИЕВ

«Транстелеком» АҚ Директорлар
кеңесінің Төрағасы

ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР МЕН ӘРІПТЕСТЕР!

2021 жыл экономиканың көптеген салалары үшін сапалы трансформация жылы болды. Оның ішінде телеком-индустрия үшін де. Пандемия ел үшін шок болуды қойды және шиеленіс төмендеді. Біздің компания уақыт, қоғам және экономика сұраныстарына бейімделуді жалғастырды. Біз барлығына болып жатқан жағдайларға жедел ден қоя алатынымызды көрсеттік.

2021 жылы интернетті пайдаланушылар саны сенімді түрде өсе берді. Қызметкерлердің көпшілігі қашықтан жұмыс істеді, ал оқушылар қашықтықтан оқыды. 2021 жылы «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша кеңжолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» жобасы шеңберінде «Транстелеком» торабынан ТОБЖ салу арқасында елдегі шалғай елді мекендердің 19 мыңға жуық тұрғыны жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізді. Абоненттердің басым бөлігі Жамбыл, Түркістан, Ақмола, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында болды.

Коронавирустық пандемия бизнесті цифрлық трансформациялауды жеделдетіп, компанияларды бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін озық шешімдерді енгізуге итермеледі. Бұлтты технологиялар іскер қоғамдастық үшін мейнстримге айналды. Табысты жұмыс істейтін бизнес-процестердің басты заңы – тұтынушыларға қажетті тауарлар мен қызметтерді ұсыну. Біз ДӨО құрылысын жалғастырдық, шілдеде жұртшылыққа аумағы мың алты жүз шаршы метрден асатын Ақтау дата-орталығын ұсындық. Бүгінгі таңда компанияда республика бойынша аумақтық шашыраңқы орналасқан 9 деректерді өңдеу орталығы бар, бұл басқа ойыншылардың алдында айқын

бәсекелестік артықшылық болып табылады. Клиенттерге серверлік жабдықтарды орналастыру (colocation), бұлтты инфрақұрылым (IaaS), резервтік көшірме жасау, әкімшілік ету және басқа да қызметтер қолжетімді.

Сонымен қатар, біздің компания үшін 2021 жыл интеграциялық процестер белгісімен өтті. Ірі шетелдік компаниялармен бірден бірнеше меморандумдарға қол қойылды. Атап айтқанда, Кремний алқабының әлемдік көшбасшысы Plug and Play, ол өз платформасында 40 мыңнан астам стартаптарды біріктіреді. Болашақта біздің компания корпоративтік инновациялардың көмегімен IT және TELCO қызметтерін дамытуға ниетті. Бұл бизнестің өзекті мәселелерін шешуге және клиенттер мен серіктестер үшін жаңа құндылықтар жасауға көмектеседі деп ойлаймын.

Жылды қорытындылай келе, мен мақсатты көрсеткіштерге жету үшін Қоғамның белсенді түрде өзгеріп, сенімділікті арттырып, жаңа мүмкіндіктер ашатынын көремін. Бүгінгі таңда «Транстелеком» қатысатын өңірлердің дамуына елеулі үлес қосады, инфрақұрылымды жаңғыртуға қатысады және маңызды міндеттерді шешуге жәрдемдеседі. Мысалы, Smart City бағдарламасын дамыту аясында Алматы қаласында компания алғаш рет «Ақылды жаяу жүргінші өткелі» жүйесін іске қосты. Жобаның мақсаты – жолдардағы қауіпсіздікті арттыру. Сонымен қатар, Қоғам Қосшы кентінде бейнебақылау жүйесін орнату жобасын іске асырды. Нәтижесінде мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін тану функциясы бар 62 камера орнатылды.

Көріп отырғандарыңыздай, 2021 жылы біз «Транстелеком» АҚ-ның дәстүрлі және цифрлық сегменттердегі позицияларын нығайттық, сондай-ақ компания



ЕЛНАР РУСЛАНҰЛЫ АДАЙБЕКОВ

«Транстелеком» АҚ
Басқарма төрағасы

үшін перспективалы бағыттарды игеруді жалғастырдық. Бірақ, егер біздің қызметкерлеріміздің кәсібилігі мен жоғары біліктілігі болмаса, мұның бәрі де болмас еді. Біздің барлық үлкен және тату ұжымымыз қазақстандықтарды цифрлық әл-ауқатқа жетелеу жөніндегі біздің миссиямызды сенімді түрде жалғастыруда. Қоғамның

барлық қызметкерлеріне еңбексүйгіштік, адал жұмыс, құзыреттілік және креативті идеялар үшін алғысымды білдіремін. Біз көп іс тындырдық, бірақ алда одан да көп жұмыс күтіп тұр. Бізді жаңа жауапты міндеттер, үлкен жоспарлар мен маңызды бастамалар, жаңа жеңістер мен жетістіктер күтіп тұрғанына сенімдімін!

ДАМУ ТАРИХЫ

1998

- + «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Сигнализация және байланыс шаруашылығын басқару жүйесін оңтайландыру туралы» бұйрығының негізінде «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

1999

- + **Тамыз.** ҚР Үкіметінің «Қазақстан темір жолы» РМК-ны қайта ұйымдастыру және оның құрамынан мемлекеттің 100% қатысуымен «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамын бөлу жөніндегі шаралар туралы» қаулысы шығарылды.
- + **Қараша.** «Транстелеком» ААҚ бастапқы мемлекеттік тіркеу күні.

2003

- + Автоматтандырылған биллинг жүйесін және техникалық есепке алу жүйесін енгізу.
- + Спутниктік байланыс желісі құрылды.
- + Деректерді беру желісінің тораптарын орнату және енгізу, сондай-ақ клиенттерге интернет желісіне қолжетімділікті қоса алғанда, жаңа қызметтердің кең ауқымын ұсыну басталды.
- + **Қыркүйек.** Алматы станциясында цифрлық автоматты телефон станциясын енгізу.
- + Байланыс операторы ретінде «Қазақтелеком» акционерлік қоғамын желіге қосуға орталықтандырылған шартқа қол қойылды.

2004

- + «Транстелеком» ААҚ атауы «Транстелеком» АҚ деп өзгертілді.
- + 30-дан астам жаңа цифрлық АТС орнатылды.

2005

- + **Наурыз.** Ұзындығы 1 340 километр болатын Алматы-Астана учаскесінде ТОбЖ құрылысы аяқталды.
- + **Сәуір.** Байланыс желілерін басқару орталығын

ашу және ТОбЖ мониторингі мен әкімшілендірудің бірыңғай жүйесін іске қосу.

- + **Қараша.** ИСО 9001-2000 Халықаралық сапа менеджменті стандарттарына сәйкестік сертификатын алды.

2006

- + **Наурыз.** Қоғам Германияның Ганновер қаласындағы SEBIT халықаралық телекоммуникациялық көрмесіне қатысты.
- + **Наурыз.** Қоғам Халықаралық Қордың «Іскерлік тәжірибедегі жоғары сапасы үшін» алтын медалімен марапатталды.
- + **Қараша.** Алматы қаласында жұмыс істеп тұрған 2 АПСК 120/120 және АТ-ПС-ПД 72/64 телеграф станциялары бірінші цифрлық – «Вектор-2000» телеграф коммутациялық серверіне ауыстырылды.

2007

- + **Қыркүйек.** «ПОТОК» автоматтандырылған есеп айырысу жүйесі енгізілді.

2008

- + **Қаңтар.** АТ-ПС-ПД жұмыс істеп тұрған 6 телеграф станциясын бір «Вектор-2000» цифрлық телеграф коммутациялық серверіне ауыстыру арқылы Астана (2 дана), Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Екібастұз қалалары бойынша телеграф станцияларын жаңғырту басталды.
- + **Ақпан.** Бастапқы магистральдық желі және ТОбЖ учаскелерінің қызметін үйлестіру үшін «Бастапқы магистральдық желі» орталығы құрылды.
- + **Наурыз.** Қоғам тарихында алғаш рет «Orange» үшін сыйымдылығы 45 Мбит Астана-Лондон арнасы ұйымдастырылып, пайдалануға берілді.
- + **Сәуір.** Алматы-Астана учаскесінде ҚТЖ-ның жедел-технологиялық байланысының SDH желісі салынды (жабдық конфигурациясы, бағдарламалық қамтамасыз ету және тестілеу жүргізілді).

- + **Шілде.** Алматы, Шу, Көкшетау, Қарағанды, Астана қалаларында магистральдық желінің аумақтық учаскелері құрылды.
- + **Тамыз.** Қоғамның ресурстарын ұтымды пайдалану үшін, сондай-ақ Қазақстаннан тыс клиенттерге сервис ұсыну бойынша жедел жұмыс үшін сыйымдылығы STM1 болатын Мәскеу қаласында М9 виртуалды POP торабы ұйымдастырылды.
- + **Қазан.** Астана-Петропавл-Атырау STM1 деңгейіндегі арнаны тестілеу аяқталды, бұл Атырау филиалының телефония желілерін Алматы, Қарағанды, Астана, Көкшетау қалаларының филиалдарымен біріктіруге, сондай-ақ Атырау қаласындағы клиенттер үшін арналарды жалға беру қызметтерін ұсынуға мүмкіндік береді.
- + **Қазан.** «British Telecom» компаниясы үшін екі VC3 Гонконг-Алматы-Мәскеу тестілеуі өткізілді. Қазақстанның басқа қалаларында Қоғамның көлік желісі бойынша «British Telecom» жобалары іске асырылды.

2009

- + **Желтоқсан.** Alcatel-Lucent компаниясымен ірі магистральдық көлік желісін жеткізу және монтаждау туралы шартқа қол қойылды. Жобаны Еуропалық қайта құру және даму банкі қаржыландырды.
- + Бір жыл бұрын пайдалануға берілген 128 спутниктік байланыс жүйесі «РФБО РЖҚ ЭУО» АҚ-да электромагниттік үйлесімділіктен өтті және кейіннен радиожиілік спектріне рұқсат ала отырып, ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінде тіркелді.

2010

- + **Маусым.** Астана – Алматы – Астана қатынасындағы «Тұлпар-1» және «Тұлпар-2» фирмалық пойыздары үшін деректерді беру қызметтерін коммерциялық пайдалануға енгізу жүргізілді (Қоғамның 01.06.2010 ж. № 174-П бұйрығы).
- + **Маусым.** Алматы е/м-дегі Ортақ Пайдаланылатын Телекоммуникациялар Желісіне транзиттік телефон

трафигін ұйымдастыру және трафикті халықаралық бағыттар бойынша және ұялы операторлар желісі бойынша өткізу үшін «KazTransNet» ЖШС және «Space.KZ» ЖШС оператор желісін Қоғам желісіне қосу.

- + **Шілде.** Мемлекеттік комиссияның қаулысымен ОП-39 HUB (орталық басқару станциясы) пайдалануға қабылданды.
- + **Тамыз.** Астана қаласындағы Қоғамның басқару станциясына «Жоғары жылдамдықты жолаушылар қозғалысы» деректер мен дауысты берудің жерүсті спутниктік желісін (ОП-39) ауыстыру жүргізілді.
- + **Қыркүйек.** «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ шешімі негізінде БКБ ұйымдастыру үшін № 3 медициналық пойызда деректер мен дауыстарды берудің спутниктік терминалы орнатылды.

2011

- + Жобалау және даму басқармасы Қоғамды Ново-ишимский елді мекеніне ОПТЖ-ға қосу бойынша жұмыстар жүргізді.
- + **Қыркүйек.** Байланыс арналарын ұйымдастыру және «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшелерін магистральдық желіге қосу үшін ұзындығы 3,9 мың км магистральдық кабельден талшықтар тармақталды. Сол кезде ТОбЖ жалпы ұзындығы 6,6 мың км құрады.

2012

- + Ұзындығы 96 км Ақтөбе-Қандыағаш учаскесінде ТОбЖ құрылысының бірінші кезеңі іске асырылды.
- + ТОбЖ трассасының бойында орналасқан мониторингі басқару жүйесі (кабельдік желі) іске қосылды.

2013

- + «Астана-Щучинск ақылы жолы» жобасы бойынша арнаны ұйымдастыру және «ЭнергоРемСервис» компаниясы үшін ақылы жолдар үшін коммутатор мен маршрутизатор жабдықтарын баптау жүзеге асырылды, «Қазсатнет» және «Астел» компанияла-

рымен бірлесіп «Мониторингке арналған сервис» (Vlan), «Қазтелепорт» компаниясымен бірлесіп «Ақы алуға арналған сервис».

2014

- + 20 т/ж станцияларында SkyEdge-1 спутниктік байланыстың жаңа жер станцияларын орнату бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.
- + Жыл қорытындысы бойынша «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесінің стратегиялық жобасы шеңберінде ЭДТ АБЖ бағдарламалық-аппараттық кешенімен жаратқандырылды және 856 тепловоз секциясы мен 983 электровоз секциясы өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.
- + ТОБЖ ұзындығы 8 139 км құрайды.
- + «Саламатты Қазақстан», «Жәрдем» және «Денсаулық» медициналық пойыздары үшін телефония, интернет желісі және бейнеконференцбайланыс қызметтерін ұсыну бойынша жұмыстар тұрақты негізде ұйымдастырылған.

2015

- + Қоғамды жекешелендірудің басталуы.
- + **Қыркүйек.** «Кайдзен – Үнемді өндіріс» өндірісін жақсарту және басқару жөніндегі процесті өрістету.
- + **Желтоқсан.** «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің №1141 қаулысына сәйкес Қоғам 26% минус 1 акция басым тәртіппен бәсекелес ортаға беруге жататын активтер тізбесіне енгізілді.
- + **Желтоқсан.** Парижде қоғам «Ekipors» компаниясының 100G DWDM оптикалық көлік жабдығын елдің бүкіл аумағын, соның ішінде Қытай мен Батыс Еуропа арасындағы ірі желінің бөлігі болып табылатын Қытаймен шекараны қамтитын оптикалық желіге орналастырды.
- + **Желтоқсан.** Қоғамның Қазақстандық автоматтандыру және робототехника қауымдастығына кіруі.
- + ЭДТ АБЖ жобасы шеңберінде локомотивтерді ЭДТ АБЖ бағдарламалық-аппараттық кешенімен жаратқандыру аяқталды. Жоба басталғаннан бері барлығы 1 240 тепловоз секциясы және 1 043 электровоз секциясы жабдықталған.
- + ТОБЖ ұзындығы 10 954,2 км құрайды.

+ «Магистраль» автоматтандырылған басқару жүйесі бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар аяқталды. ҚР бойынша теміржол магистралінде таратуды бастау.

2016

- + **Ақпан.** Қоғам – Трансформациялау Жол картасы шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін IT-шешімдерді, автоматтандыру және телекоммуникациялар жөніндегі шешімдерді енгізу жөніндегі бірыңғай интегратор.
- + **Ақпан.** Қоғамның Куәландырушы орталығын аккредиттеу және жұмысқа енгізу.
- + **Мамыр.** Ресей мен ТМД-дағы телекоммуникациялық көлік желілері нарығын дамытуға арналған жыл сайынғы ең ірі іс-шараға – «Transport Networks Russia 2016» VII Халықаралық конференциясына қатысу.
- + **Мамыр.** Астанада әйелдер арасындағы бокстан әлем чемпионатына ресми демеушілік, онда Рио-де-Жанейрода өтетін жазғы Олимпиада ойындарына 12 лицензия ойнатылды.
- + **Маусым.** Қоғамның акциялар пакетінің 49%-ын сатып алу-сату шарты күшіне енді.
- + **Шілде.** Одақтың хабарламасы бойынша «Ұлттық бизнес-рейтинг» Қоғамға «Сала көшбасшысы» мәртебесі беріледі.
- + **Тамыз.** ОҚО-да уран өндіруші кәсіпорында «Цифрлық кеніш» ақпараттық жүйесі пайдалануға енгізілді.
- + **Тамыз.** Қоғам тарихындағы алғашқы жазғы Спартакиада Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы стадионда 16 спорт командасына өз есігін айқара ашты.
- + **Қараша.** China Telecom Global Limited пен Қоғам арасындағы екіжақты кездесу аясында «250 адамнан астам халқы бар ауылдық елді мекендерді интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділікпен (бұдан әрі – КЖК) қамтамасыз ету» жобасын іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.
- + **Қараша.** Қоғам «ASTEX-2016» ірі халықаралық көрме-конференциясының бас серіктесі болды.
- + ТОБЖ ұзындығы 15 000 км-ден асады.

2017

- + 26% минус 1 акцияны сатудың ашық екі кезеңді конкурсының қорытындысы шығарылды, жеңімпаз анықталды.

- + Қоғамның 2026 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді.
- + «SOC» – Security Operation Center киберқауіпсіздікті жүзеге асыру бойынша қызметтерді іске қосу.
- + Қоғамның жаңа ұйымдық құрылымы күшіне енді.
- + «АСТАНА ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің серіктесі ретінде қатысу.

2018

- + 191 бірыңғай қоңырау шалу нөмірі бар Қоғамның байланыс орталығы ашылды.
- + Қоғам ребрендинг өткізді. Ребрендингтің бір бөлігі – тауар белгісін «Транстелеком» белгісінен «ТТС» белгісіне ауыстыру.
- + «Транстелеком» АҚ Головкин – Наурызиросян боксының жарнамалық серіктесі болды.
- + Қоғам дарынды жастарды іздеп бакалавриат түлектері арасында олимпиада өткізеді.
- + Қоғам Waves Platform-пен Қоғамның Vostok блокчейн-платформасы негізінде интеграция бойынша серіктестік туралы келісімге қол жеткізді.
- + Астана қаласында «Изумрудный квартал» бизнес орталығы ғимаратының жанында екі жаңа модульдік Деректерді өңдеу орталығын өнеркәсіптік пайдалануға енгізді.
- + «Транстелеком» АҚ алғашқы бұлтты провайдер ретінде жекеше бұлтты Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік желісіне қосты.
- + Шілдеде басталған ҚТЖ SAP виртуалды инфрақұрылымының «Транстелеком» АҚ-ның ескі бұлтынан жаңасына табысты ұзақ мерзімді көші-қоны аяқталды.
- + Қоғам қазақстандық ауылдарды кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету бойынша Қазақстандағы ірі бірлескен МЖӨ жобасына шарт жасасты.

2019

- + «Smart Almaty» тұжырымдамасын іске асыру аясында Алматы қаласының метросында тегін Wi-Fi іске қосу.
- + «Транстелеком» АҚ Қазақстандағы фискалдық деректер операторы болып анықталды, ФДО қызметін іске қосу.
- + Қытайдан Ресей мен Еуропаға дейінгі жаңа транзиттік дәлізді іске қосу – 500 Гбит/с-тан басталатын қабілеті бар іске қосу.

- + Сбербанктың BI.ZONE еншілес компаниясымен бірлесіп Қазақстанда киберқауіпсіздік бойынша қызметтер көрсету үшін бірыңғай платформа құру.
- + «WOW!HR» халықаралық бизнес-сыйлығының «LEVEL UP» номинациясындағы жеңіс, «Жақсартуға тарту. Транстелекомша геймификация».
- + Жыл сайынғы «HR-бренд Орталық Азия 2019» премиясында «ТТС Digital HR» жобасымен «Қазақстан» номинациясындағы жеңіс.
- + Ауылдық елді мекендерді интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз ету жөніндегі жоспар іске асырылды – жоба Қазақстанның 9 облысын қамтыды.

2020

- + Интернет желісіне КЖК-ға 429 елді мекенді қосу бойынша «ТОБЖ технологиясы бойынша ҚР ауылдық елді мекендерін КЖК-мен қамтамасыз ету» жобасы аяқталды.
- + Қарағанды, Қызылорда, Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал және Жезқазған қалаларында клиент үшін ақпараттық ресурстар инфрақұрылымы бар ДӨО ғимараттарын салу бойынша жоба іске асырылды.
- + «Транстелеком» АҚ блоктарының функционалдық стратегиялары бекітілді.
- + Жаңа ұйымдық құрылым енгізілді.

2021

- + «Unit Telecom» ЖШС «Транстелеком» АҚ-ның бір акциясын алып тастағанда акциялар пакетінің 75%-ының ресми иесі болды.
- + Алматыда метроның 9 станциясында Transtelecom-нан WI-FI-ға қолжетімділік пайда болды. Жоба «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.
- + «Транстелеком» TransCaspian Fiber Optic (TCFO) шеңберінде Өзбекстан мен Қырғызстан операторларымен ынтымақтастық туралы меморандум жасасты.
- + «Транстелеком» АҚ және Türk Telekom International компаниясы TransCaspian Fiber Optic (TCFO) жобасы шеңберінде ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Тараптар бірлескен күш-жігермен телекоммуникациялық дәлізді дамытуды жоспарлап отыр.
- + «Транстелеком» АҚ «Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы» ЗТБ қосылды.

КОМПАНИЯ САНДАРМЕН

4 8 2 3

Таза пайда – 4 823 млн теңге

4 1

EBITDA margin – 41%

3 4 1 2 9

EBITDA – 34 129 млн теңге

8 5 4 4 9

Кірістер – 85 449 млн теңге

8 4 6 1 5

Түсім – 84 615 млн теңге

3 5 8 6 6

Меншікті капитал – 35 866 млн теңге

5 8 4 2 9

Сатудың өзіндік құны – 58 429 млн теңге

7 3 4 1

Жалпы әкімшілік шығындар – 7 341 млн теңге

3 3 5 8

Қызметкерлер саны – 3 358 адам

2 5 6 3 3

1 қызметкерге табыс – 25 633 мың теңге

8 7 0 9 3 2

Жергілікті байланыс қызметі – 870 932 мың теңге

Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтері

– 489 805 мың теңге

Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері

– 9 805 743 мың теңге

Телеграф байланысы

– 1 235 760 мың теңге

Спутниктік байланыс және деректерді беру қызметтері

– 4 827 369 мың теңге

ТӨБЖ магистральдық арналарын жалға алу қызметтері

– 13 362 935 мың теңге

Халықаралық транзит

– 4 184 604 мың теңге

АЕМ сервисі

– 1 249 108 мың теңге

ОТС сервисі

– 5 483 885 мың теңге

ОТТ және жабдықты жалға алу

– 130 847 мың теңге

Жеке тұлғалардың тіркелген желілерінің саны

– 30 426 абонент

Тіркелген КЖҚ порттарының саны





– 87 072 порт

Ақылы TV қосу нүктелерінің саны





– 11 655 абонент

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ТИМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ



ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ТЕЛЕФОНИЯ БОЙЫНША АБОНЕНТТЕР САНЫ (ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР)


АБОНЕНТТЕР



АКТИВТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

АКТИВТЕР, БАРЛЫҒЫ

МЛН ТЕНҒЕ



ТІРКЕЛГЕН ҚЖК ПОРТТАРЫНЫҢ САНЫ

АБОНЕНТТЕР



МІНДЕТТЕМЕЛЕР

МЛН ТЕНҒЕ



АҚЫЛЫ TV ҚОСЫЛУ НҮҚТЕЛЕРІНІҢ САНЫ

АБОНЕНТТЕР



МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

МЛН ТЕНҒЕ



АБОНЕНТТЕР САНЫ (ЗАҢДЫ ТҰЛҒА)

АБОНЕНТТЕР



2021 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

Қ А Ң Т А Р

- + Қызылорда қаласында GPON технологиясы бойынша бірінші өңірлік IT-парк жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілді.
- + Шымкент қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығында Интеллектуалды бейнебақылау жүйесі іске қосылды.

А Қ П А Н

- + «Транстелеком» «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында астанадан Қосшы ауылына дейін ұзындығы 25 шақырым болатын кең жолақты оптикалық магистраль өткізді. Бұл учаскедегі инвестиция көлемі 228 миллион теңгені құрады.
- + «Транстелеком» АҚ «Digital forum 2021» қатысты. Сессияны Қазақстан Президенті Қасым-ЖоНаурыз Тоқаев ашты.
- + 2021 жылғы 5 ақпанда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкімет басшыларының қатысуымен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің (ЕУАК) отырысы өтті. «Транстелеком» жалпы өткізу қабілеті 320 Мбит/с Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін ұсына отырып, оператор болды.
- + «Unit Telecom» ЖШС «Транстелеком» АҚ-ның бір акциясын алып тастағанда акциялар пакетінің 75%-ының ресми иесі болды.

Н А У Р Ы З

- + «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы Е.Р. Адайбеков жапондық компанияның цифрлық технологиялар саласындағы инвестициялық жобаларын іске асыруды талқылау үшін Јарап DX компаниясының атқарушы төрағасы Соджи Сузукимен кездесу өткізді.

С Ә У І Р

- + Алматы қаласында метроның 9 станциясында «Транстелеком» АҚ-дан WI-FI-ға қолжетімділік пайда болды. Жоба «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.
- + «Транстелеком» АҚ басшылығы One Web компаниясының өкілдерімен кездесті. Тараптар 2022 жылдың мамырына қарай Қазақстанның барлық өңірлерін сапалы интернетпен қамту мақсатында іскерлік ынтымақтастық пен әріптестік мәселелерін талқылады.
- + ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Орал қаласындағы Қоғамның ДӨО-да болды.

М А М Ы Р

- + Қоғам қызметкерлері еріктілермен бірге Ұлы Отан соғысының ардагерлерін Жеңіс күнімен құттықтады.
- + Қосшы кентінде «Транстелеком» АҚ интернет желісіне қосу бойынша халықпен есептік кездесу өтті.

М А У С Ы М

- + Балаларды қорғау күні Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында «Балалар болып қала береміз» науқаны өтті. Ұйымдастырушы «Транстелеком» АҚ болды.
- + «Транстелеком» АҚ Президенттік жастар кадрлық резерві форумының ұйымдық серіктесі болды.

Ш І Л Д Е

- + Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Асқар Мамин Ақтау қаласындағы «Транстелеком» АҚ ДӨО-да болды.

І А М Ы З

- + Байқоңыр ғарыш айлағынан 34 OneWeb спутнигі бар зымыран ұшырылды. Пилоттық жобаны жүзеге асыруға арналған интернет-арнаны Қоғам ұсынды.
- + «Транстелеком» АҚ республика астанасында жеке тұлғалар үшін жаңа кеңсе ашты.

Қ Ы Р К Ү Й Е К

- + «Транстелеком» АҚ компаниясы мен «Murou System» (Жапония) компаниясы өкілдерінің жұмыс кездесуі өтті. Тараптар цифрлық трансформация тәжірибесін талқылап, өз жобалары туралы айтып, болашаққа арналған жоспарларымен бөлісті.

Қ А З А Н

- + «Транстелеком» TransCaspian Fiber Optic (TCFO) шеңберінде Өзбекстан мен Қырғызстан операторларымен ынтымақтастық туралы меморандум жасасты.
- + «Транстелеком» АҚ және Сулейман Демирель атындағы университет SDU Open бағдарламалау бойынша студенттік чемпионатын (ICPC) өткізді.
- + «Транстелеком» АҚ Digital Bridge халықаралық форумы алаңында Astana Hub және әлемдегі ең ірі Plug and Play акселераторы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.
- + Үздік материалға байқау аясында журналистер үшін ДӨО экскурсия ұйымдастырылды. Іс-шара «Транстелеком» АҚ-ның туған күніне орайластырылды.

Қ А Р А Ш А

- + «Транстелеком» АҚ және Логистика және көлік академиясы теміржол көлігінде цифрландыру саласында бірлескен зерттеулер жүргізуге ниет білдірді.

Ж Е Л Т О Қ С А Ң

- + «Транстелеком» АҚ және Türk Telekom International компаниясы TransCaspian Fiber Optic жобасы шеңберінде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Тараптар бірлескен күш-жігермен телекоммуникациялық дәлізді дамытуды жоспарлап отыр.

ҚЫСҚАША ШОЛУ

КОМПАНИЯНЫҢ ПРОФИЛІ

«Транстелеком» акционерлік қоғамы («Транстелеком» АҚ, Қоғам) ІТ, байланыс, автоматика және энергетика саласында телекоммуникацияларға, цифрландыруға және жүйелік интеграциялауға маманданған Қазақстан Республикасының ірі байланыс операторларының бірі болып табылады.

«Транстелеком» АҚ қайта тіркеуге дейін «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы» деп аталған, бұрын – «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорны «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 1998 жылғы 16 маусымдағы № 426 – Ц «Сигнализация және байланыс шаруашылығын басқару жүйесін оңтайландыру туралы» бұйрығына сәйкес құрылған, кейіннен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі № 135 бұйрығымен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 тамыздағы № 1101 қаулысының негізінде «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды.

Қоғам «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының барлық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагері болып табылады. «Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Компанияның қызметі «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 13 шешімімен бекітілген Жарғының шеңберінде жүзеге асырылады, ол оның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін айқындайды.

«Транстелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары:

- + коммерциялық қызметтен пайда алу және оны акционерлердің мүддесіне пайдалану;
- + Қазақстан Республикасының аумағында заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық желілерді құру және оларды ІТ-технологиялардың әлемдік желісіне интеграциялау;
- + Қазақстан Республикасының аумағындағы және шетелдегі тұтынушыларға озық технологиялардың әртүрлі түрлерін ұсыну.

Компанияның бірінші кезектегі міндеті желілерді дамыту және жаңғырту арқылы Қазақстан аумағында байланыс және көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру болып қала береді.

«Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасының байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады және телекоммуникациялық және инфокоммуникациялық қызметтердің кең спектрін, оның ішінде халықаралық, қалааралық, жергілікті телефония қызметтерін және интернет желісіне, сондай-ақ магистральдық байланыс арналарына қолжетімділікті ұсынуға маманданған.

«Транстелеком» АҚ транзиттік әлеуетті дамытуға және Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағындарды ұлғайтуға ұмтылады, өйткені Ресей Федерациясының, Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Өзбекстан Республикасының және Түрікмен Республикасының халықаралық операторларымен (іске асыру сатысында) байланысты қамтамасыз ете отырып, магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілері бар.

«Транстелеком» АҚ 14 филиалдан тұратын сервис желісі, 9 дата-орталықтан тұратын меншікті желісі, сондай-ақ еліміздің бүкіл аумағындағы байланыс орталықтары бар.

Қоғамның атқарушы органының орналасқан жерінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05H9A7, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 10-үй.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР


ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 «Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес «Транстелеком» АҚ жекешелендіруге және бәсекелес ортаға иеліктен шығаруға жататын компаниялар тізіміне енді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның акционерлері: «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ – иелену үлесі 25% плюс 1 акция, «Unit Telecom» ЖШС – иелену үлесі 75% минус 1 акция.

Акцияларды шығару және орналастыру туралы толық тарихи анықтама 2017 жылғы жылдық есепте «Акционерлік капиталдың құрылымы» бөлімінде көрсетілген.

Жарияланған жай акциялардың саны, дана	6 471 089
Орналасырылған акциялардың саны, дана	5 638 097
Орналасырылмағандардың саны, дана	832 992
Бір акцияның номиналды құны, тг.	1 000
Акцияларды орналастырудан тартылған ақша қаражатының сомасы, тг.	12 241 487 000
Артықшылықты акциялар қарастырылмаған	

6 471 089
ЖАРИЯЛАНҒАН ЖАЙ
АКЦИЯЛАРДЫҢ САНЫ,
ДАНА



2021 жыл ішінде Қоғамның жарғылық капиталында өзгерістер болған жоқ және қосымша акциялар орналастырылмады.

ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ

2020 жылы Компания қосымша төленген капиталдан бөлінбеген пайдаға 2011 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дан алынған пайызсыз қарыздың номиналды және әділ құны арасындағы 244 190 мың теңге мөлшеріндегі айырманы аударды.

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 22 шілдедегі шешімімен (№7/2019 хаттама) ішкі нарықта 22 млрд теңгеден аспайтын сомаға облигацияларды шығару туралы шешім қабылданды.

2020 жылғы 10 қаңтарда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жылдық 11,5% купондық мөлшерлеменен 10 000 000 мың теңге мөлшерінде Қазақстан қор биржасында шығарылған Компанияның облигацияларын сатып алды. Облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес шығарылған облигациялардың айналым мерзімі – 12 жыл.

2021 жылғы 19 қарашада Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 қазандағы шешіміне (№ 8/2021 хаттама) сәйкес 7 жыл мерзімге жылдық 13,0% купондық мөлшерлеменен 15 000 000 мың теңге мөлшерінде облигациялар орналастырылды.

«Транстелеком» АҚ ұзақ мерзімді құнның өсуін және қызметтің тұрақты дамуын қамтамасыз ету арқылы акционерлердің мүдделерін сақтауға ұмтылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2016 жылғы 04 тамыздағы шешімімен Дивидендтік саясат бекітілді (№1 хаттама).

Қоғамның дивидендтік саясатының мақсаты Қоғам мен Акционерлер мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезіндегі тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 2021 жылы дивидендтер жарияланбады және төленбеді.

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қоғам бизнесінің тиімділігін арттыру және нарықтың жаңа сын-қатерлерін табысты еңсеру үшін 2020 жылы жаңа ұйымдық құрылым енгізілді. Ұсынылып отырған құрылым Адизес институтының өзгерістерін басқару әдіснамасына негізделеді және сыртқы ортаның, инновациялардың өзгерістеріне тез әрекет ете алатындай етіп құрылған және бірегей құзыреттерді жинақтауға бағытталған.

Қоғамның орталық аппаратының ұйымдық құрылымының жаңа редакциясын әзірлеу кезінде біз мынадай қағидаттарға негізделдік:


- + бекітілген даму стратегиясына сәйкестік;
- + бизнестің пайда орталықтарына шоғырлануы;
- + клиентке бағдарланушылық және клиенттердің адалдығын арттыру;
- + иерархиялық жүктемені төмендету;
- + өнемге бағыттылығын күшейту және түсімдерді тұрақтандыру;
- + даму және пайдалану функцияларын бөлу;
- + мүдделер қақтығысын болдырмау.

Пайда көзінен қашықтықты қысқарту мақсатында бизнес-бағыттар бойынша неғұрлым далиған құрылым ұсынылды, оның негізгі артықшылығы оның сыртқы ортаның өзгерістеріне, инновацияларға жылдам әрекет ету және бейімделу қабілеті және бірегей құзыреттерді жинақтау болып табылады. Компанияны басқарудың далиған ұйымдық құрылымы шешім қабылдау процесіне аз адам қатысады дегенді білдіреді. Шешімдерді жетекшілік ететін бағытқа/клиентке қарай релевантты ақпараты бар және өкілеттіктер берілген басшылар қабылдайды.

Даму стратегиясын жүзеге асыра отырып, Қоғам аралас бизнес-модельге көшеді, онда Қоғам қолданатын жобалық бизнес-модель жеке және бизнес-клиенттің жаппай тұтынушысына бағытталған өнім бизнес-моделімен толықтырылады. Осыған байланысты, ұсынылып отырған құрылымда АКТ саласындағы жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу бойынша құзырет орталығы болып табылатын бөлінген Өнімдік кеңсе көзделген, бұл биз-

несті жүргізудің өнімдік бағыттылығын күшейтуге және біржолғы жобалармен шектелмей, тиісінше түсімдер ағынын (рекурренттік түсім) тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ





ҚОҒАМНЫҢ 2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАСЫНА АЙНАЛДЫ.

Стратегиялық бағыт әлемдік трендтерге, бәсекелестерге және компанияның нарықтағы жағдайына талдау жүргізді. Сыртқы факторлар мен ішкі өзгерістерді ескере отырып, компанияда жол картасы жаңартылды. Директорлар кеңесі 2021 жылғы 29 желтоқсанда Қоғамның Даму стратегиясын жаңа редакцияда бекітті.

```
CLASS TRANSTELECOM {
  PUBLIC STATIC VOID MAIN(STRING[] ARGS) {
    SYSTEM_OUT.PRINTLN(«ANNUAL REPORT»);
    //2021
  }
}
```



- 2013
- 2014
- 2015
- 2016
- 2017
- 2018
- 2019
- 2020
- 2021 ✓

ҚОҒАМНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

КАТЫСУ ГЕОГРАФИЯСЫ

«Транстелеком» АҚ ҚР ірі байланыс операторларының бірі болып табылады. Қоғамның бүкіл Респу-

блика бойынша тармақталған филиалдық желісі (14 филиалы) бар.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қоғамның 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру жылдың маңызды оқиғасына айналды. Алдыңғы Даму стратегиясын J'son & Partners Consulting компаниясы 2018 жылы әзірледі және көптеген жағынан өзектілігін жоғалтты.

«Стратегиялық жоспарлау және талдау» бағыты әлемдік трендтерге, бәсекелестерге және компанияның нарықтағы жағдайына талдау жүргізді. Сыртқы факторлар мен ішкі өзгерістерді ескере отырып, компанияда жол картасы жаңартылды. Директорлар кеңесі 2021 жылғы 29 желтоқсанда Қоғамның Даму стратегиясын жаңа редакцияда бекітті.

Функционалдық стратегиялар да Қоғамның өзекті Даму стратегиясына сәйкестендіріліп, жаңа редакцияда бекітілді.

Есепті кезеңде 7 жаңа ДӨО салынды, бұл компаниядағы тұрақты орындар санының күрт өсуіне ықпал етті.

2021 жылдың тамызында Қоғам Ұлттық коммуникация және цифрландыру қауымдастығына кірді.

2021 жылғы қарашада Plug and Play (АҚШ) ірі бизнес-акселераторымен ынтымақтастықта Astana Hub. esa базасында стартаптар акселераторы іске қосылды.

БОЛЖАМ

Компанияның пайымы – бұл Қоғам, жеке және мемлекеттік секторларда ірі кешенді жобаларды іске асырады және АКТ қызметтерінің кең спектрінің әртараптандырылған операторы ретінде жеке тұлғалар мен ұйымдарға қызметтердің кең спектрін көрсетеді.

Мұндай пайымдаудың негізгі фактілері:

- + Нарықтың барлық сегменттерінде қызмет көрсету.
- + Қызмет көрсету мен жобаларды іске асыруды үйлестіру.
- + Дәстүрлі байланыс қызметтерін, сондай-ақ АТ және бұлтты қызметтерді біріктіретін қызметтердің үлкен портфелінің болуы.

Қоғамның бүкіл Республика бойынша тармақталған филиалдық желісі (14 филиалы) бар.

МИССИЯСЫ

Компанияның бірегей қабілеттеріне сүйене отырып, қазақстандықтарды цифрлық әл-ауқатқа жетелеу:



Ақпараттық қауіпсіздік орталығы SOC



Өзінің талшықты-оптикалық магистральдық желісі, еліміздің барлық ірі қалаларын бірыңғай желіге біріктіреді



Бірегей АКТ жобаларын іске асыру тәжірибесі



Халықаралық, трансшекаралық өткелдер



Шешім қабылдауда жылдамдық пен икемділік



Аттестатталған Куәландыру Орталығы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумағында заңды ЭЦҚ-мен

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ҚҰРМЕТ –

БІЗ БІР-БІРІМІЗДІ ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ.

- + Клиенттерді, серіктестерді, бәсекелестерді тең деп қабылдау, олардың өзіндік құндылықтары мен мақсаттарының болуын қабылдау, оларды тыңдай және ести білу, байланыс нүктелерін табу және өзара тиімді қарым-қатынас құру, егер бұл Қоғамның құндылықтарына қайшы келмесе.

ЖЕТІЛДІРУ –

БІЗ ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛІП ОТЫРАМЫЗ

- + Қоғам көрсетілетін қызметтердің сапасы мен клиенттер үшін оларды пайдалану ыңғайлылығымен,

сондай-ақ өз қызметін, қызметкерлердің біліктілігін және олардың Қоғам қызметіне тартылуын, бизнес-процестер мен рәсімдердің тиімділігін, Қоғамның ұйымдық құрылымын жетілдірумен үздіксіз жұмыс істейді.

СЕНІМДІЛІК ЖӘНЕ БЕДЕЛ –

БІЗ СЕНІМДІ КОМПАНИЯМЫЗ, ӨЗ АТЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙМЫЗ

- + Қоғам сенімді қызмет көрсетуші және серіктес, әлеуметтік жауапты және заңға бағынатын нарық ойыншысы беделін сақтау және арттыру үшін күш салады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚ

Қазақстанның телекоммуникация саласы ұзақ мерзімді инвесторлар үшін де, қысқа мерзімді инвесторлар үшін де экономиканың тартымды сегменті болып табылады.

Бұл ретте Қоғам тұрақты ақша ағынын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және технологиялар мен клиенттердің қалауларының жылдам өзгеруімен толықтырылған күрделі макроэкономикалық жағдайлардың өзінде лайықты операциялық нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік беретін күшті бәсекелестік артықшылықтарға ие.

«Транстелеком» АҚ нарықтық сын-қатерлерге табысты жауап беріп қана қоймай, жаңадан пайда болған мүмкіндіктерді де тиімді пайдаланады. Сапалы активтердің, жолға қойылған бизнес-процестердің және жинақталған құзыреттердің арқасында Қоғам өз қызметінің негізгі сегменттерінде тұрақты өсуді көрсете алады.

РЕТТЕУШІ ОРТАҒА ШОЛУ

«Транстелеком» АҚ қызметін реттейтін ҚР негізгі нормативтік құқықтық актілері:

- + Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- + Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі;
- + «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі;
- + «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- + «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- + «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- + «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- + «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- + «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- + «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- + «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- + «Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерін, біртұтас телекоммуникация желілерінің ресурстарын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының қажеттері үшін әзірлеу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 164 Қаулысы;
- + «Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 120 бұйрығы;
- + «Өтініш берушінің байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын біліктілік талаптарын және құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 21 бұйрығы;
- + «Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желілерін күзету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 281 бұйрығы;
- + «Жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығы;

- + «Телекоммуникация желілерінің қосылу және өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 119 бұйрығы;
- + «Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі тауар-ақша қатынастарын және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастарды, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты жеке мүліктік емес қатынастарды реттейді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайды, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, оның ішінде кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге және қолдауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі салық салудың негіз құраушы қағидаларын белгілейді, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу, өзгерту, олардың күшін жою, есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының аумағында байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді, мемлекеттік органдардың аталған қызметті реттеу жөніндегі өкілеттіктерін, байланыс қызметтерін көрсететін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы акционерлік қоғамның құқықтық жағдайын, құрылу, қызмет ету, қайта ұйымдастырылу және таратылу тәртібін; акционерлердің құқықтары

мен міндеттерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды; акционерлік қоғам органдарының құзыретін, құрылу және жұмыс істеу тәртібін; оның лауазымды адамдарының өкілеттігін, сайлану тәртібін және жауапкершілігін айқындайды.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы эмиссиялық бағалы қағаздардың және өзге де қаржы құралдарының шығарылуы, орналастырылуы, айналысы және өтелуі процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің құрылуы мен олардың қызметінің ерекшеліктерін реттейді, бағалы қағаздар нарығының қауіпсіз, ашық және тиімді жұмыс істеуін, инвесторлардың және бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарының қорғалуын, бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың адал бәсекелестігін қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығын реттеу, бақылау және қадағалау тәртібін айқындайды.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген басқа да тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді жүзеге асыруының рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізуге және іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында, оның ішінде Қазақстан Республикасында құрылыс қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын қатынастарды реттейді.

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының аумағында, ақпараттандыру объектілерін құру, дамыту және пайдалану кезінде мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын ақпараттандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы зияткерлік меншік

саласындағы, оның ішінде ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларды жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

- + кәсіподақ ұйымдарының қызметіне ниеттестік деңгейін арттыру.

«Smart Kasipodaq» АЖ арқылы кәсіподақтың кез келген мүшесі өз құқықтарын электрондық түрде іске асыра алады: еңбек заңнамасы туралы ақпарат алу, ұжымдық шарт жобасына ұсыныстар енгізу, еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралармен танысу, заң көмегіне жүгіну және т.б.

Пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде «Транстелеком» АҚ Ақмола, Ақтөбе, Қостанай облыстарының «YNTYMAQ» РҚБ бастауыш кәсіподақ ұйымдарын іске қосты. Жүйе пайдаланушылар тарапынан оң баға алды.

Ақпараттық жүйені әзірлеу 2019 жылғы желтоқсанда басталды және 2020 жылғы наурызда Техникалық

тапсырма талаптары шеңберінде аяқталды. 2021 жылы жүйені пилоттық пайдалану жалғасты. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Smart Kasipodaq» АЖ белсенді пайдаланушыларының саны «YNTYMAQ» РҚБ кәсіподағының 4757 мүшесін құрады.

СҮТ ӨНІМДЕРІН ТАҢБАЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ БОЙЫНША ЖОБА

2020 жылғы 9 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Транстелеком» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ арасындағы ынтымақтастық туралы үшжақты меморандумға сәйкес Қоғам сүт өнімдерін сәйкестендіру және бақылау құралдарымен таңбалау жөніндегі пилоттық жобаны (бұдан әрі – пилоттық жоба) іске асыру шеңберінде жабдықтау және затбелгі жапсыру жөніндегі салалық әріптес мәртебесіне ие болды.

Пилоттық жобаның мақсаттары:

- 01. тауарларды таңбалау және қадағалау бойынша сервистік интегратор және сервис-провайдер мәртебесін алу;
- 02. ұлттық экономика салаларында «Транстелеком» АҚ қатысуын кеңейту;
- 03. бизнес және мемлекеттік органдар үшін ұсынылатын қызметтердің құзыреттілігін, желісін өсіру.

Пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде Қоғам Еуропа, Америка, Азия және ТМД елдерінің тәжірибесі бойынша мыналарды көздейтін озық технологиялық шешімді ұсынды:

- + шағын, орта және ірі бизнес үшін дайын кешенді шешімдер;
- + құны аналогтарға қарағанда төмен;
- + өндірісті локализациялаудың арқасында жеткізудің қысқа мерзімдері;
- + жүйеде барлық негізгі операцияларды орындау;
- + пайдалану және техникалық қызмет көрсету жеңілдігі;
- + икемді тарифтік желісі бар кепілдік және сервис;
- + 24/7 қолдау.

2021 жылғы 27 тамызда «Raimbek Agro» ЖШС алаңында жасалған хаттамаға сәйкес пилоттық жоба аяқтал-

ды. Оның нәтижелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен тауарларды таңбалау және қадағалау жөніндегі бірыңғай оператор қанағаттандырды.

«АҚЫЛДЫ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ӨТКЕЛІ» ЖОБАСЫ

2021 жылы «Транстелеком» АҚ Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданында «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» жүйесін іске қосты. Жоба Smart City тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде пилоттық режимде іске асырылды. Оның мақсаты – жолдағы қауіпсіздікті арттыру. «Ақылды жаяу жүргінші өткелі» жол учаскесінің автоматты жарықтандыру датчиктерінің арқасында тәуліктің қараңғы уақытында жолды қауіпсіз кесіп өтуге мүмкіндік береді. Датчиктердің бірі жаяу жүргіншінің қозғалысын анықтаған кезде сигнал бағдарламалық жасақтамаға беріледі, сол арқылы қозғалыстың екі бағыты бойынша «Абайлаңыз, жаяу жүргінші!» жарық таблосын автоматты түрде қосады.

Құрылғы GSM(3G), LoRa, NB-IoT және XNB арналары арқылы «бұлтты» инфрақұрылымды қолдана отырып, сымсыз желінің көмегімен жұмыс істейді. Басқару автоматты режимде жүзеге асырылады.

«Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасының түрлі қалаларында «ақылды» жаяу жүргіншілер өткелдерін салуды жоспарлай отырып, осы жүйені масштабтауды жоспарлап отыр.

«ҰАТ» АҚ-МЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысымен «ҰАТ» АҚ «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы, басқаша айтқанда, мемлекеттік органдар үшін байланыс қызметтерінің интеграторы мәртебесі берілді. Осылайша, «ҰАТ» АҚ «Транстелеком» АҚ-ның негізгі корпоративтік және стратегиялық клиенттерінің бірі болып табылады.

2021 жылы Қоғам мен «ҰАТ» АҚ арасында тығыз ынтымақтастық жалғасты:

- 01. республикалық L2 VPN байланыс арналарын ұсыну туралы шарт шеңберінде деректерді берудің магистральдық желісі ұйымдастырылды;
- 02. мемлекеттік органдардың қажеттіліктері үшін L3 IP VPN байланыс арналарын қосу бойынша қызметтер ұсынылды, 2020 жылмен салыстырғанда қосылу көлемі 3 есеге артты;
- 03. талшықты-оптикалық байланыс желілері коммерциялық жалға берілді;
- 04. телекоммуникациялық инфрақұрылымды зерттеу туралы шарт (МО БКО) бойынша техникалық аудит қызметтері көрсетілді.

2021 жылы Қоғам арналарды қосу нүктелерін ұлғайтты, бұл кіріс көрсеткіштерінің жақсаруына әкелді. Жалпы сомасы 1,2 млрд теңгеге шарттар жасалды. 2020 жылға қарай өсу қарқыны 81%-ды құрады.

«ITICKET.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЛЕТТЕУ ЖҮЙЕСІ» ЖОБАСЫ

Көрсетілетін қызметтер желісін кеңейту мақсатында «Транстелеком» АҚ 2021 жылы iTicket.kz мәдени, спорттық, ойын-сауық және өзге де іс-шараларға электрондық билеттер сату сервисін іске қосты. Жаңа қызмет «iTicket.kz» электрондық билеттендіру жүйесі» арнайы жобасы аясында дамуда. Жобаның ауқымды серіктестік базасын өсіру және Қазақстан Республикасындағы негізгі билет провайдерлерінің бірі болу мақсаты бар.

2021 жылы iTicket.kz жоба командасымен жобаны бастау мен дамытуға бағытталған бірқатар шаралар іске асырылды. Атап айтқанда:

- + Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей, Тараз қалаларындағы мәдени және спорт нысандары цифрландырылған;
- + iTicket.kz порталы пысықталды, жаңа бөлімдер ашылды;
- + «эквайринг» төлем технологиясы бойынша жұмыс істейтін қаржы институттарымен келісімдерге қол жеткізілді;

- + серіктес сайттарында iTicket.kz енгізілген виджеттер;
- + Қоғамның байланыс орталығының мамандарын iTicket.kz порталы мәселелері бойынша келіп түсетін сұраныстарды өңдеу бойынша оқыту ұйымдастырылған;
- + Қоғамның сату бөлімі үшін бизнес-процестер дайындалды;
- + қазақстандық электрондық билеттеу нарығында қатысу үлесін арттыру бойынша маркетинг жоспары пысықталды;
- + әлеуметтік желілерде iTicket.kz беттерін жылжытуға бағытталған науқандар мен ұтыс ойындары өткізілді.

Қоғам Басқармасының төрағасы iTicket.kz жобасының жаңа өнімдер мен шешімдерді әзірлеу тұрғысынан перспективалы және маңызды екенін атап өтті. iTicket.kz сервисінің белсенді дамуын ескере отырып, аталған жоба бойынша іс-шаралар B2G блогының 2021-2023 жылдар кезеңіне арналған функционалдық стратегиясына енгізілген.

TTC TV ҚЫЗМЕТІ

TTC TV – қызмет провайдері немесе оның дистрибьюторы ұсынатын TV плеер арқылы, сондай-ақ Smart TV, IOS, Android құрылғыларына арналған мобильді қолданбалар арқылы қолжетімді OTT телевизия қызметі.

Осы қызметті іске асырудың мақсаты:

- + Клиенттік базаны ұлғайту.
- + Қоғам ұсынатын қызметтер спектрін кеңейту.
- + Ең озық жергілікті және жаһандық өнімдермен бәсекелестік.

Теледидар нарығында Қоғамның бірнеше бәсекелестері бар екенін ескере отырып, Қоғамның B2C сегментіне бәсекелестерден артықшылық беретін OTT префиксі берілді:

- + Пайдаланушы интерфейсі.
- + Қашықтан бақылау.
- + Кәдімгі теледидарды Smart TV-ге түрлендіру (Youtube, браузер және т.б.).

- Тіркемені ҚР кез келген нүктесінде кез келген провайдерден қосу.
- TV-мұрағат 7 күнге дейін.
- Ыңғайлы каталог– фильмдер, жанрлар мен рейтингтері бойынша бағдарламаларды іздеу.
- Профильдер, таңдаулылар және отбасының әр мүшесі үшін көрілген фильмдер тарихы.
- Кідіріс, айналдыру және кейінге қалдырып көру.

2021 жылы қолжетімді ойын-сауық, ақпараттық спорт, балалар арналары мен премиум-класс арналарының тізімі кеңейтілді.

Осы қызметті B2C сегментінде қосқан сәттен бастап TTC TV қызметін пайдаланатын абоненттердің өсуі, TTC TV қызметімен жаңа тарифтік жоспарларды кеңейту және құру байқалады.

SAP БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Бүгінгі таңда «Транстелеком» АҚ – ҚР аумағындағы SAP өнімдерінің ірі жүйелік интеграторы. 2019 жылдан бастап Қоғам өзінің SAP құзыреттілік орталығын құрды, ол қысқа уақыт ішінде SAP жобаларын іске асыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді, сондай-ақ компанияның имиджін арттыруға бағытталған. Осылайша, компания SAP Gold Partner мәртебесіне ие. Біздің құзыретіміз сертификаттармен және наградалармен расталған, оның ішінде:

- Мұнай-газ саласындағы расталған сараптамасы бар серіктес (SAP Recognized Expertise Industry: Oil and Gas);
- Пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы расталған сараптамасы бар серіктес (SAP Recognized Expertise Industry: Mining);

- SAP Value Award 2018 жыл сайынғы сыйлығының финалисті дипломы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да SAP жүйелерін SAP HANA жаңа платформасына көшіру» жобасын табысты іске асырғаны үшін алғыс хат.

Қазіргі уақытта Қоғамның SAP бөлімшесінің құрамына бизнестің әртүрлі салаларында Қазақстан Республикасының аумағында SAP жүйелерін енгізу және сүйемелдеу тәжірибесі бар 60-тан астам жетекші қазақстандық SAP-мамандар кірді, олардың 30-дан астам маманы SAP түрлі бағыттары бойынша, оның ішінде SAP S/4HANA бойынша 50-ден астам сертификаттарға ие.

Осылайша, бүгінгі таңда Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында SAP барлық функционалдық бағыттарында SAP жүйелерін енгізу, дамыту және сүйемелдеу бойынша кең құзыреттерге ие.

Жаңа жобаларға келетін болсақ, ағымдағы жылдың маусым айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін SAP HCM жүйесін енгізу бойынша тендерде жеңіске жеттік. Жоба HR блогын автоматтандыруды көздейді, жобаны іске асыру ағымдағы жылдың соңына дейін жоспарланған.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың шілде айында «QBG Partners» ЖШС консорциумында «Интергаз Орталық Азия» АҚ үшін SAP S/4HANA жүйесін енгізу бойынша тендер жеңімпаз атанды. Жобаны іске асыру 2021-2023 жылдарға көзделген. Жоба SAP ERP жүйесінің қолданыстағы функционалдығын SAP S/4HANA платформасына ауыстыруды, SAP S/4 HANA жүйесінің стандартты шешімдерін қолдана отырып, функционалдылықты жетілдіруді және оңтайландыруды қамтиды.

БІРЫҢҒАЙ АНЫҚТАМАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ

Орталық халыққа еліміздің теміржол вокзалдарында ақпараттық-анықтамалық қызметтердің кең спектрін ұсынады.

01.01.2020-31.12.2020 жылдар аралығында анықтама қызметіне тіркелген байланыс абоненттерінен барлығы **739 150** қоңырау келіп түсті, оның ішінде: қызмет көрсетілгендер – **700 110** қоңырау, келіп түскен қоңыраулардың жалпы санынан қызмет көрсетілмегендер үлесі **38 421** қоңырау немесе **5,20%** құрады.

Өткен жылдың ұқсас кезеңінде **1 526 587** қоңырау келіп түсті, оның ішінде: қызмет көрсетілгендер – **1 483 673** қоңырау, келіп түскен қоңыраулардың жалпы санынан қызмет көрсетілмеген қоңыраулардың үлесі **42 914** қоңырау немесе **2,81%** құрады.

2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы тіркелген байланыс абоненттерінің анықтамалық қызметке сұрауларының төмендеуі байқалады. Бұл құлдырау тіркелген байланыс абоненттері байланыстың бұл түрін сирек қолдана бастағанына байланысты.

«SERVICE MANAGEMENT AUTOMATION X» ЖОБАСЫ

2020 жылы «Транстелеком» АҚ-да IT-қызметтерді басқару үшін жаңа бағдарламалық жасақтамаға көшу және IT процестерінің реинжинирингін жүргізу туралы шешім қабылданды. Конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша Micro Focus компаниясынан «Service Management Automation X» (SMAX АЖ) ақпараттық жүйесін сатып алу туралы шешім қабылданды.

SMAX АЖ – бұл IT-қызметті басқарудың және пайдаланушыларға IT-сервистерді ұсыну процестерін автоматтандырудың кешенді жүйесі. Шешім ITSM-тәсілге және ITIL-дің озық тәжірибесі кітапханасының ұсынымдарын қолдауға толық сәйкес келді.

Micro Focus өнімдерінің портфелі гибридіт IT-инфрақұрылымын құруға, қолданбаларды әзірлеу мен тестілеуден бастап қызметтер каталогын, инциденттерді, тәуекелдерді басқаруға, болжамды аналитика деректерін қалыптастыруға дейінгі барлық бизнес-процестерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтаманың кең спектрін қамтиды. Компания шешімдерінің негізгі пайдаланушылары ірі корпоративтік тапсырыс берушілер: банктер, авиақұрылыс концерндері, автомобиль өндірушілер, мемлекеттік органдар мен ұйымдар болып табылады. Корпорация 15 000-нан астам клиенттің шешімдерін жеткізеді, оның ішінде Fortune 100 тізімінен 98 компанияға.

SMAX АЖ-ны сәтті енгізу қызмет көрсетуге сұрауларды, инциденттерді, проблемаларды, конфигурацияларды, өзгерістерді, білімді, қызмет деңгейі туралы келісімді және қызметтер каталогын басқару процестерін автоматтандыруға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда құрылған SMAX АЖ жүйесінде бірінші қолдау желісінің 60-тан астам маманы және екінші қолдау желісінің 600-ге жуық маманы жұмыс істейді. Жобаны іске асыру барысында Zabbix мониторинг жүйесімен, Unify Open Scare конвергентті коммуникациялық жүйесімен, Active directory және басқа да сыртқы жүйелермен интеграция жүргізілді, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ ішкі клиенттері мен клиенттері үшін өзіне-өзі қызмет көрсету порталы құрылды.

«SMAX» жаңа ITSM-жүйесін енгізу шеңберінде «Транстелеком» АҚ қызметкерлері арасында оқыту жүргізілді. Оқуды аяқтағаннан кейін «Транстелеком» АҚ-ның 20 қызметкері сертификат алды, енді «Транстелеком» АҚ «SMAX» жүйесінің қызметтерін алатын басқа компанияларға техникалық қолдау көрсете алады.



ДҒӨ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ПАЙДАЛАНУ

«Транстелеком» АҚ дата-орталықтары – бұл IT-жабдықтарды пайдаланудың қажетті жағдайларын қамтамасыз ететін жаңа жабдықтармен жарақтандырылған технологиялық объектілер.

Әрбір ДӨО тәулік бойғы биометриялық бақылау жүйесімен, сондай-ақ барлық өткізу пункттері мен ғимараттарға, техникалық үй-жайларға өтетін жолдарды толық бақылаумен жабдықталған.

Компания клиенттеріне Ақтау, Қарағанды, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе, Орал, Жезқазған, Нұр-Сұлтан қалаларында жұмыс істейтін дата-орталықтар базасында түрлі сервистер қолжетімді, атап айтқанда: серверлік жабдықтарды орналастыру (colocation), бұлтты инфрақұрылым (IaaS), резервтік көшіру, әкімшілендіру және басқа да сервистер.

Қазақстанда клиенттік сұраныстардың деңгейі өсуде және ДӨО базасында көрсетілетін сервистердің сенімділігі клиенттер талаптарының арасында бірінші орындардың бірінде тұр. Инфрақұрылымдық жүйелердің барлық элементтері резервтелген, электрмен қоректендіру кірмелері мен телекоммуникациялық трассалар тәуелсіз маршруттармен өтеді. Бұл оның жүйелеріне қызмет көрсету кезінде деректер орталығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.

Gartner IT-зерттеуіне сәйкес, 2021 жылы дата-орталықтар үшін ғаламдық жүйелер нарығы \$237 млрд-қа жетеді. Сарапшылардың пікірінше, дәл осы технологиялар пандемия кезінде адамдарға онлайн режимінде оқуға және жұмыс істеуге мүмкіндік беру арқылы әлемдік экономиканың ықтимал құлдырауының алдын алуға мүмкіндік берді

«TTCDOCS» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ ЖҮИЕСІ

2020 жылы «Транстелеком» АҚ «Dynamics Business Technologies» ЖШС-мен табысты ұлғайту және Қоғам

өнімдерінің номенклатурасын кеңейту мақсатында «TTCdocs» электрондық құжат айналымы жүйесі» ЭЕМ бағдарламасына айрықша мүлкітік құқықтарды сатып алу туралы шарт жасасты.

«TTCdocs» ЭҚЖ ұйымдағы ұйымдастырушылық құжаттарды, жазбаларды, топтық жұмысты және бизнес-процестерді басқаруға арналған, онда нәтиже интеграция деңгейін арттыру, қағазсыз құжат айналымы мүмкіндігін беру, құрылымдық бөлімшелердің келісілген жұмысын қамтамасыз ету, құжаттарды құруға, өңдеуге және іздеуге уақытты қысқарту арқылы еңбек өнімділігін арттыру, корпоративтік ақпарат пен құжаттарға қол жеткізуді жеңілдету, олардың сақталуы, қызметкерлердің әртүрлі құжаттарға қол жеткізу құқықтарын теңшеу мүмкіндігі, сондай-ақ электрондық құжат айналымының ақпараттық архитектурасын Тапсырыс берушінің компаниялары ішінде орталықтандырылған сүйемелдеу және техникалық қолдау мүмкіндігімен бірыңғай платформада құру мүмкіндігі.

ЭҚЖ функционалдарының негізі – Адизес (Adizes) әдістемесі. Адизес әдістемесі өзінің өмірлік цикл бар және өсу мен қартаю процесінде болжанын және қайталанатын мінез-құлық көріністерін көрсететін тірі организм ретінде ұйымның негізгі принципіне негізделген.

Сондай-ақ, ЭҚЖ-де қосымша мүмкіндіктер бар:

- 01. Angular-дың соңғы нұсқасы бойынша жаңа технологиялар мен жаңа ыңғайлы интерфейс.
- 02. Жаңа Alfresco платформасы.
- 03. Тегін Alfresco платформасы және тегін бағдарламалық жасақтама қолданылады.
- 04. Электрондық пошта арқылы хабарламалар алу.
- 05. Инвестициялардың нұсқасы.
- 06. Мұрағат – Құжаттарды жою (Қоғамның істер номенклатурасына сәйкес құжаттарды Мұрағатқа жіберу (істер номенклатурасы – жыл сайын бекітіледі) және істер номенклатурасының мерзімі өткеннен кейін оларды жою).

«TTCdocs» ЭҚЖ IT нарығындағы электрондық құжат айналымының икемді және көпфункционалды жүйелерінің бірі болып табылады, өйткені ЭҚЖ функционалдығы мен мүмкіндіктерін көрсету кезінде еліміздің ірі ұйымдарынан алынған жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ескертулер ескеріліп, ағымдағы нұсқаға енгізілді.

«ДАБЫЛ» АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ҚҰЛАҚТАНДЫРУ ЖҮИЕСІ» ЖОБАСЫ

Жеке құрам арасындағы коммуникацияны жақсарту мақсатында ҚР Қорғаныс министрлігінен (ҚР ҚМ) смс және дауыстық хабарламалар жіберу арқылы «Дабыл» онлайн хабарлау жүйесін іске асыруға қатысты сұрау түсті. «Дабыл» автоматтандырылған хабарлау жүйесі коммутацияланатын телефон желілері, ұялы байланыс арналары бойынша сөйлеу және смс-хабарламаларды (құлақтандыруларды) автоматты түрде беруге арналған және өзінің құрамында хабарламалардың кіріктірілген сөздігін, сондай-ақ микрофонды пайдалану кезінде хабарламаларды қалыптастыруды қамтиды. Абоненттерді хабарландыру жалпы тізім бойынша, жеке тізімдер тобында және жеке жүргізілуі мүмкін.

«Дабыл» хабарлау жүйесін әзірлеу барысында кезекші ауысымның лауазымды тұлғаларының (жедел кезекшілер, жауынгерлік басқару және құлақтандыру сигналдарын беру кезінде әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша кезекшілер) жұмысын автоматтандыру үшін жүйеге қойылатын негізгі талаптар айқындалды және ҚР ҚМ Ақпараттандыру департаментінің өкілдерімен келісілді. Сонымен қатар, смс-хабарламалар мен дауыстық аудио-сигналдарды жіберу үшін смс-агрегатормен, ХТЕСН ЖШС (Қазақстан) компаниясымен интеграция жүргізілді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әзірлеу командасы ҚР ҚМ объектілерінде одан әрі енгізу үшін жүйені жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуде.



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БЛОГЫ

Екі негізгі векторды қамтиды – IT&TELCO, бұл Қоғамның қан айналымы жүйесі деп айтуға болады. TELCO байланыс ресурсын, IT – жаңа жобаларды дамыту түрінде «оттегі» береді.

Есепті кезеңде операциялық қызмет блогының командасы Қоғам тарихында алғаш рет 7 жаңа ДӨО-ны өз бетінше сүйемелдеу бойынша тәжірибе алды. Бұл кәсіби сынақ болды, нәтижесінде мамандар IT саласында сапалы тәжірибе жинады.

«Транстелеком» АҚ бұлттарды сүйемелдеді, АҚБЖ кеңейтуден өтті, мониторинг жүйесі бойынша өз әзірлемесін пысықтады, ОСК-да өз күшімен жұмыс істеді, ТОВБЖ салу мүмкіндігі жоқ жерде байланысқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді спутниктік байланысты енгізуге үйретті. Қазіргі уақытта 24/7 режимінде 20-ға жуық жүйеге қолдау көрсетіледі, бір уақытта қашықтағы ауылдар қосылады.

2022 жылы бұдан кем емес ауқымды тапсырмаларды орындау жоспарлануда:

1. Біріншіден, ағымдағы желілерді ретке келтіру үшін пайдалану мен құрылысты бөлу жоспарлануда.
2. Екіншіден, жүргізілетін жұмыстардың ашықтығын қамтамасыз ету, сыйлықақыны беру, тарту, жүктемені бөлу мүмкіндіктерін бағалау үшін әрбір маманның жұмыс көлемін түсіну және бекіту үшін дәл емес, кешенді шешімдерді қолдана отырып, жүйені автоматтандыру жоспарлануда.

«ЭНЕРГОДИСПЕТЧЕРЛІК ТАРТЫМ» АБЖ

«Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі – бұл Қазақстан темір жолдарындағы энергия үнемдеу бойынша ірі жобалардың бірі. Оның негізгі мақсаты – тартуға отын-энергетикалық ресурстардың шығынын азайту. Ол машинистің электрондық маршрутын енгізу есебінен локомотив шаруашылығындағы бизнес-процестерді кешенді автоматтандыру жолымен жүзеге асырылады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобы үшін автоматтандыру және телекоммуникациялар жөніндегі шешімдерді енгізу бойынша бірыңғай интегратор бола отырып, Қоғам сервистік модель қағидаттарында 2013-2015 жылдар кезеңінде ЭДТ АБЖ жобасын енгізді. Бүгінгі таңда еліміздің барлық локомотив күші дизель отынының шығынын және электр энергиясын тұтынуды өлшейтін жоғары дәлдікті жабдықпен жабдықталған.

Сондай-ақ, жоба шеңберінде посткеңестік кеңістікте баламасы жоқ энергиялық тиімді менеджмент жүйесінің орталық деңгейінің өзегі өрістетілді. Ол жобаның бүкіл өмірлік циклі бойында жүйені әрі қарай сүйемелдеудің және локомотивтерге қызмет көрсетудің бірегей бизнес-схемасын іске асыруға негізделген. Қызметтер сапа деңгейі туралы SLA-келісім негізінде ұсынылады.

Жоба отын аппаратурасы мен дизель-генератордың технологиялық параметрлерін өлшеуді, белгілі бір уақыт кезеңдері үшін дизель отынының қалдығы мен шығынын дұрыс және дәл есептеуді, дизель отынының/электр энергиясының нақты шығынын тепловоз/электровоз жұмысының түрлі режимдеріндегі нормативтік мән-дермен бақылауды және салыстыруды, тепловоздардың отын аппаратурасының жанама диагностикасын қамтамасыз етеді.

2014-2021 жылдар кезеңінде ЭДТ АБЖ жобасының командасы шарт бойынша қызметтерді сүйемелдеу шеңберінде айтарлықтай жұмыс көлемін атқарды, жүйенің 80 ірі модификациясы енгізілді.

2021 жылы Қоғамның қабылдаған міндеттемелері шеңберінде тепловоздарды калибрлеу бойынша жүзеге асырылған жұмыстардың көлемі 901 секцияны құрады, бұл жалпы жұмыс көлемінің 73% сәйкес келеді. Бұл жұмыстар бақтағы отынның бар болуын өлшеу дәлдігін одан әрі арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ, ЭДТ АБЖ барлық элементтерінің (Локомотив деңгейі, Локомотив депосының деңгейі, Орталық сервер деңгейі) үздіксіз жұмысын қолдау және қамтамасыз ету мақсатында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС атынан Тапсырыс беруші үшін SLA бұрынғысынша жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі.

«ЭДТ» АБЖ жобалық қуатқа шыққан кезде жобаның тапсырыс берушісі («ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ) 2014-2021 жылдар кезеңінде пойыздардың тартылуына отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеуде айтарлықтай оң нәтиже алды.

МАГИСТРАЛЬ АБЖ

2021 жылы Қоғам «Магистраль» АБЖ жобасын іске асыру шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 6 жаңа мобильді диагностикалық кешен бірлігімен теміржол магистралдық темір жолдарын диагностикалауды табысты жүзеге асыруды жалғастыруда. Қызмет сервистік модель бойынша көрсетіледі.

Пайдалану мәселелерін дәйекті шешетін Қоғамды қолдаудың үш желісінің арқасында жол диагностикасы үздіксіз режимде жүргізіледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да пайдалануға берілген ТЖИАЖБТ бағдарламалық жасақтамасы түйіспесіз жолдың істен шығу жағдайына тұрақты негізде табысты предиктивтік талдау жүргізеді.

2021 жылы мобильді-диагностикалық кешендермен 331 мың км-ге жуық теміржол жолы диагностикаланды және мыңдаған ақаулар туралы хабарлама берілді.

Анықталған/болжамдалған ақауларды уақтылы жою пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін жеткілікті жоғары деңгейде ұстауды қамтамасыз етеді.



Қазіргі уақытта 24/7 режимінде 20-ға жуық жүйеге қолдау көрсетіледі, бір уақытта қашықтағы ауылдар қосылады.

ХАРТИЯЛАР МЕН ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ҚАТЫСУ

Қоғам саяси партиялардың, саясаткерлердің және олармен байланысты ұйымдардың пайдасына қайырымалдықтың, сондай-ақ қоғамдастықтарға қандай да бір инвестициялардың ешқандай түрлерін жүзеге асырмайды. Есепті кезеңде сыртқы тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі жұмыстар шеңберінде Қоғам экономика, экология және әлеуметтік сала саласындағы міндеттемелерді қабылдамады және хартияларды немесе бастамаларды қолдамады.

Қоғам көбінесе байланыс операторының тиімді жұмыс істеуін анықтайтын келесі ұйымдардың мүшесі болып табылады:

- + Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;
- + Ұлттық телекоммуникациялық қауымдастық;
- + «Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы» ЗТБ;
- + Интернет-трафикпен алмасу орталығы;
- + RIPE;
- + FIRST.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰКП) – ҚР Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөздік күшін күшейту үшін құрылған коммерциялық емес ұйым. Кәсіпкерлер палатасы ішкі және сыртқы сауданы қоса алғанда, кәсіпкерліктің барлық саласын өз қызметімен қамти отырып, шағын, орта және ірі бизнестің мүдделерін білдіреді.

«Транстелеком» АҚ 2013 жылы құрылған сәттен бастап осы ұйымның мүшесі болып табылады.

Ұлттық телекоммуникациялық қауымдастық (ҰТА) – қызметінің негізгі түрі телекоммуникациялық қызметтер көрсету болып табылатын, тиісті лицензиялары бар коммерциялық емес ұйым, заңды тұлғалардың

бірлестігі. Бұл баламалы байланыс операторларының әртүрлі мүдделерін барынша толық көрсететін телекоммуникация нарығының көшбасшылары деп танылған компаниялардың ерікті бірлестігі. Бұл ұйымға мүшелік компанияларға басқа байланыс операторларының тәжірибесін алуға, телекоммуникация саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысуға, кадрлық құрамның біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар саласында жәрдем алуға, телекоммуникациялық жабдықтар үшін бірыңғай техникалық стандарттарды әзірлеуге қатысуға мүмкіндік береді.

«Транстелеком» АҚ ҰТА-ның ең көне мүшелерінің бірі болып табылады және 2003 жылдан бастап соның құрамында.

Интернет-трафикпен алмасу орталығы – қазақстандық бастауыш интернет-провайдерлерге IP-трафикпен қосылудың бірыңғай қағидалары мен шарттары бойынша алмасу мүмкіндігін беретін қауымдастық. Қоғам 2010 жылдан бастап Интернет-трафикпен алмасу орталығының құрамында.

RIPE (Réseaux IP Européens) – интернет-ресурстарды бөлуді, сондай-ақ осыған байланысты интернеттің жұмыс істеуін жаһандық қолдауға бағытталған қызметті тіркеуді және үйлестіруді жүзеге асыратын халықаралық интернет-тіркеушілер ұйымы. «Транстелеком» АҚ 2006 жылдан бастап RIPE мүшесі болып табылады.

FIRST (the Forum of Incident Response and Security Teams) – компьютерлік инциденттерге жауап беру саласындағы халықаралық ұйым. FIRST-ке мүшелік инциденттерге жауап беру топтарына реактивті де, проактивті де қауіпсіздік инциденттеріне тиімді жауап беруге мүмкіндік береді.

FIRST мемлекеттік, коммерциялық және білім беру ұйымдарынан компьютерлік қауіпсіздікке қатысты инциденттерге жауап берудің әртүрлі топтарын біріктіреді. FIRST мақсаты – инциденттердің алдын алуда ынтымақтастық пен үйлестіруге ықпал ету, инциденттерге тез жауап беруді ынталандыру және мүшелер мен жалпы қауымдастық арасында ақпарат алмасуды жеңілдету.

FIRST жаһандық инциденттерге жауап беру қауымдастығында қалыптастыратын сенім желісінен басқа, FIRST қосымша қызметтерді де ұсынады. Олардың кейбіреулері мыналар:

- + озық тәжірибе бойынша жаңа құжаттарға қолжетімділік;
- + қауіпсіздік сарапшыларына арналған техникалық коллоквиумдар;
- + практикалық сабақтар;
- + инциденттерге жауап беру бойынша жыл сайынғы конференция;
- + жарияланымдар және веб-сервистер;
- + ерекше мүдделері бар топтар.

Қазіргі уақытта FIRST Америкада, Азияда, Африкада, Еуропада және Океанияда орналасқан 400-ден астам мүшеден тұрады.

«Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы» ЗТБ – Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы 2011 жылы құрылды. Одақтың негізгі міндеті саладағы проблемаларды шешуде шоғырландырылған тәсіл үшін отандық мұнай сервистік компанияларды біріктіру болып табылады.

Одақ жұмыс істейтін міндеттерге мыналар жатады:

- + отандық компанияларды Қазақстанның ірі мұнай-газ жобаларына тарту;
- + Одақ мүшелерінің мүдделерін қорғау;

- + Одақ негізінде ақпараттық-диалог алаңын құру;
- + Одақ мүшелерінен келіп түсетін ұсыныстар мен проблемаларды шоғырландыру.



ROA ЖӘНЕ ROE КӨРСЕТКІШТЕРІ ТАЗА
ПАЙДАНЫҢ ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОҢ
ДИНАМИКАНЫ КӨРСЕТТІ.

«Транстелеком» АҚ өзінің жауапкершілігін сезінеді және өзі жүзеге асыратын инвестициялар қатысатын өңірлерде өндірістік-экономикалық базаны дамытуға ықпал етуге ұмтылады.

```
CLASS TRANSTELECOM {
  PUBLIC STATIC VOID MAIN(String[] args) {
    SYSTEM.OUT.PRINTLN("ANNUAL REPORT");
    //2021
  }
}
```

ҚАРА- ЖАЛҒАН ЖАЛҒАН ЖАЛҒАН



- 2009
- 2010
- 2011
- 2012
- 2013
- 2014
- 2015
- 2016
- 2017
- 2018
- 2019
- 2020
- 2021**

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ

2021 ЖЫЛҒЫ ТҮСІМ

84 615

МЛН ТЕНГЕНІ ҚҰРАЙДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША КІРІСТЕР 41,6 МЛН ТЕНГЕНІ ҚҰРАДЫ.

Негізгі қызметтен түсетін кірістердің құрылымы, мың теңге	2020 жыл	2021 жыл
байланыс қызметтері	29 496 511	41 634 475
IT-қызметтер мен жобалар	38 956 078	42 808 186
өзге де қызметтер	132 541	172 646
Негізгі қызметтен түскен табыстың жиынтығы	68 585 130	84 615 307



ТАЗА ПАЙДА -

4 823 149

МЫҢ ТЕНГЕ (2020 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 25%-ҒА ҰЛҒАЙДЫ).


2020 ЖЫЛҒЫ ТАЗА ПАЙДА - 3 864 001 МЫҢ ТЕНГЕ.

ROE (МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ)



Активтердің рентабельділігі мен меншікті капиталдың рентабельділігі көрсеткіштері таза

ROA (АКТИВТЕРДІҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ)



пайданың өсуіне байланысты оң динамиканы көрсетті.



Көрсеткіш	Сомасы (млрд теңге)
Түсім	84,62
Өзге кірістер	0,83
EBITDA	34,67
EBT	5,83
КТС	1,59
Таза пайда	4,82

2021 ЖЫЛЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР 11%-ҒА,

7 944 МЛН ТЕНГЕГЕ ДЕЙІН ӨСТІ.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР

«Транстелеком» АҚ өзінің жауапкершілігін сезінеді және өзі жүзеге асыратын инвестициялар қатыса-

тын өңірлерде өндірістік-экономикалық базаны дамытуға ықпал етуге ұмтылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ПОРТФЕЛІ

Жобаның сипаты	МЛРД ТЕНГЕ
ҰҚК дата орталығының инфрақұрылымын сервис ретінде дамыту	13,7
Бұлтты инфрақұрылымды дамыту	1,1
SHD жабдықтарын жаңғырту	1,2
ДӨӨ-ға желілерді қосу (ТЖОБ)	1,0

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Транстелеком» АҚ өз қызметіне тұрақты даму қағидастарын біріктіре отырып, Тұрақты дамудың 17 мақсатын ұстанады. «Транстелеком» АҚ ТДМ әрқайсысы көрсететін экологиялық және әлеуметтік проблемалар өзекті болып табылатынын және кез келген ұйымға әсер ететінін түсінеді.

«Транстелеком» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы қызметі бизнесті жауапты жүргізу қағидастарына және экономикалық өсу, экологиялық және әлеуметтік қолайлылық үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын инновациялық әлеуетке негізделеді.

Қоғам өзі қатысатын жерлерде халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, инновациялық технологиялардың, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларының көмегімен өз қызметтерінің сапасын арттыруға, қызметтің ашықтығына, экологиялық мәселелерге теріс әсерді азайтуға зейін қояды.



ҚОҒАМ КЕЛЕСІ ПРИНЦИПТЕРДІҢ Орындалуын өз мойнына алды:

01. адам құқықтарын сақтау саласында: халықаралық қоғамдастық жариялаған адам құқықтарын сақтауды қолдау және құрметтеу, адам құқықтарын бұзуға өзінің қатыспауын қамтамасыз ету;

02. еңбек қатынастары саласында: қауымдастықтар бостандығын қолдау және ұжымдық шарттар жасасу құқығын іс жүзінде тану, мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жоюды қолдау, балалар еңбегін толық жоюды қолдау, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдау;

03. қоршаған ортаны қорғау саласында: қоршаған ортаға теріс әсерлердің алдын алуға ықпал ету, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдау, экологиялық таза технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесу;

04. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында: бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұру.

Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметі көбінесе-телекоммуникация саласының ерекшелігімен анықталады. Бүгінгі таңда ақпараттық-технологиялар компания өмірінің барлық салаларына еніп, Қоғам дамуының қозғаушы күшіне айналды. Телекоммуникация нарығында ең заманауи технологияларды кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейімен үйлесімдікте пайдалану мүмкіндігі Қоғамға қазақстандықтардың жұмысы мен өмірінің сапасын жүйелі түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

Тұрақты даму «Транстелеком» АҚ бизнес-стратегиясының ажырамас элементі болып табылады. Бұл принцип біздің инновацияға, жаңа өнімдерді әзірлеуге және енгізуге деген көзқарасымызды анықтайды.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындайды, Қоғамның жылдық есебін бекітеді.

Басқарма Төрағасы мен Қоғам филиалдарының басқарушы директорлары Қоғамның Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыруды бақылауға, уақтылы жүзеге асыруға, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы қағидастарды енгізуге, ақпаратты дұрыс ашуға жауапты болады. Төраға Қоғамның мүдделі тараптарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді қоса алғанда, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласында Қоғамның тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ӘЛЕУМЕТТІК ҮЛЕСІ

Атауы	Өлш. бірлігі	2020 жыл	2021 жыл
Қызметкерлер			
Қызметкерлердің жалпы саны	адам	3 183	3 358
Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар	млн теңге	10 602	11 955
1 қызметкерге шаққандағы кіріс	млн теңге	21 505	25 633
Еңбек қауіпсіздігін арттыруға арналған шығындар	млн теңге	77	71
Мемлекет			
Пайда салығы	млн теңге	1 240	1587
Қоғам			
Мүшелік жарналар, кәсіподақтарға төлемдер, қайырымдылық бағдарламалар	млн теңге	52	48

«Транстелеком» АҚ 3 350-ден астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Қоғам қызметкерлері тұрақты өсудің басты құрамдас бөлігі болып табылады және Қоғам қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ерекше назар аударады. Қоғамның кадр саясаты кадр әлеуетін нығайтуға, ынталандырудың тиімді жүйесін құруға және персоналдың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған. «Транстелеком» АҚ-да Корпоративтік басқару кодексін, Кадр саясатын, қоршаған ортаны қорғауды қоса алғанда, Қоғамның тұрақты даму саласындағы іс-қимылын реттейтін құжаттар әзірленді, сондай-ақ Қоғамның әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын айқындайтын Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты әзірленуде. Энергия тиімді және

экологиялық таза технологияларды енгізу «Транстелеком» АҚ қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Қоғамның тұрақты даму саласындағы іс-әрекеттері қолайлы еңбек жағдайларын жасауды, жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, қатысатын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауды және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды білдіреді. «Транстелеком» АҚ өзінің мүдделі тараптарының экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әл-ауқаты қағидаттарын қатаң ұстанады және мұны болашаққа инвестициялар ретінде қарастырады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мүдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, «Транстелеком» АҚ өз қызметінің ашықтығы мен айқындығының ең жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. Қоғам мүдделі тараптардың сұраулары мен тілектеріне жауап бере отырып, өз қызметінің барлық аспектілері бойынша маңызды ақпаратты уақтылы ұсына отырып, барлық мүдделі тараптармен белсенді қарым-қатынас жасайды.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-НЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ А ҚӨЗҚАРАСЫ


Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл – бұл ұзақ мерзімді құнды құру, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және «Транстелеком» АҚ-ның оң беделін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың кепілі. Сыртқы, сондай-ақ ішкі стейкхолдерлермен сындарлы қарым-қатынастар құру неғұрлым әділ және тұрақты әлеуметтік дамуды, тәуекелдер мен беделді жақсы басқаруды қамтамасыз етуге, бизнес-орта мен нарықты кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Бізге «Транстелеком» АҚ мүдделі тараптарды қалай көретінін, олардың бизнес-стен және әлеуметтік, экологиялық және қайырымдылық бастамаларынан қажеттіліктері мен үміттері қандай екенін білу маңызды.

Әлеуметтік әріптестік, өзара тиімді ынтымақтастық, құрмет, ашықтық және сенім – мүдделі тараптармен кез келген өзара іс-қимыл процесінде Қоғам басшылыққа алатын негізгі ережелер.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары мен басымдықтары «Транстелеком» АҚ корпоративтік құжаттарында: Корпоративтік әдеп кодексінде және Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген. Қоғам корпоративтік басқарудың жаңа тетіктері мен рәсімдерін қалыптастыра және қазіргілерін үнемі жетілдіре отырып, барлық стейкхолдерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге және мүдделерін үйлестіруге ұмтылады.



СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ



Стейкхолдерлер картасында Қоғамның қандай да бір стейкхолдерге әсер етуінің үш концентрлік саласы ерекшеленеді:

+++ ӘКІЛЕТТІК/ЖАУАПҚЕРШІЛІК САЛАСЫ

Осы салада Қоғамның тікелей бағынысындағы мүдделі тұлғалар анықталды.

++ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТУ АЙМАҒЫ

Бұл аймақта Қоғам тікелей әсер ететін мүдделі тұлғалар бар.

+ ЖАНАМА ӘСЕР ЕТУ АЙМАҒЫ

Бұл аймақта Қоғам жанама әсер ететін стейкхолдерлер кіреді.

Өзара әрекеттесу тәсілі келесі принциптерге негізделген:

- + тұрақты сындарлы диалог;
- + серіктестік;
- + өзара тиімді ынтымақтастық;
- + сенімділік пен шынайылық;
- + жариялылық және ашықтық;
- + өзіне алған міндеттемелерді орындау.

Қоғамның негізгі мүдделі тараптары – акционерлер, кәсіподақтар, тұтынушылар, жеткізушілер, қызметкерлер, мемлекеттік органдар, БАҚ және жергілікті қоғамдастықтар.

АКЦИОНЕРЛЕР

Қоғам акционерлердің мүддесі үшін тұрақты дамуға және оның құнын арттыруға бағытталған. «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін басшылыққа алады және өзінің беделін ойлайды. Қоғам барлық акционерлерге «Транстелеком» АҚ және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратқа бірдей қолжетімділік береді, сондай-ақ акционерлер құқықтарының абсолюттік теңдігін сақтайды. Ақпараттың негізгі көздері міндетті түрде ашу құжаттары болып табылады: Жылдық есеп, қаржылық есептілік, «Транстелеком» АҚ корпоративтік веб-сайты.

«Транстелеком» АҚ Жарғысына сәйкес Қоғамды басқаруды Акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы акционерлердің құқықтарын сақтайды және қорғайды. Акционерлер Қоғамның қаржылық нәтижелеріне мүдделі, бірақ корпоративтік басқару, клиенттермен және жеткізушілермен қатынастар, өндірістік қауіпсіздік және жергілікті қоғамдастықтардың дамуына үлес қосу сияқты Қоғамды басқару сапасын куәландыратын қаржылық емес көрсеткіштерді де назардан тыс қалдырмайды.

ПЕРСОНАЛ

Қоғам мен персоналдың өзара іс-қимылы адами капиталды дамытуға және ынтымақтастық негізінде қатынастарды қалыптастыруға бағытталған.

Қызметкерлердің жалақысы, әлеуметтік пакет және әлеуметтік кепілдіктер, мансаптық өсу, еңбек қауіпсіздігі және еңбек жағдайлары ҚР заңнамасының нормаларына толық сәйкес келеді, еңбек шартымен және Іскерлік этика кодексімен реттеледі. Қоғам әрбір қызметкердің үлесін бағалайды және кадрлармен қарым-қатынасты сыйластық пен ынтымақтастық негізінде құрады, бастаманы, жауапкершілікті және өршіл мақсаттарға қол жеткізуді көтермелейді. Бұл қағидаттар қызметкерлерге олардың тиімділігін арттыруға және жоғары кәсіби нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

ЖЕТКІЗУШІЛЕР МЕН ТҰТЫНУШЫЛАР

Қоғамның ұзақ мерзімді жетістігі Қоғамның сыртқы факторларын жан-жақты ескерусіз мүмкін емес. Негізгі сыртқы факторлардың ішінде жеткізушілер мен тұтынушылардың тұрақты дамуы.

Қоғам сенімді және адал серіктес болып табылады және жеткізушілер мен тұтынушылар алдындағы өз міндеттемелерін уақтылы орындайды. «Транстелеком» АҚ ашықтық, адал бәсекелестік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын ұстанады. Қоғам бәсекелестіктің жосықсыз әдістерін қабылдамайды және сөз байласуға қатыспайды. Қоғам ұзақ мерзімді іскерлік ынтымақтастыққа бағдарланған және диалогқа ашық болып қала отырып және екінші тараптың ұстанымын ескере отырып, өз әріптестеріне барлық қажетті ақпаратты ұсынады.

ҚР Мемлекеттік стандарттарына және Корпоративтік стандарттау жүйесінің стандарттарына сәйкес, «Транстелеком» АҚ-да қызметтердің сапасын бақылау тұрақты түрде жүргізіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

Қоғам жауапкершілік, адалдық және өзара мүдделерді сақтау қағидаттарына негізделген мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен тұрақты және сындарлы қарым-қатынас құруға және қолдауға ұмтылады. «Транстелеком» АҚ ҚР заңдары мен заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу бойынша комитеттер мен жұмыс топтарына белсенді қатысады.

Қоғам саяси партиялар мен саяси қайраткерлерді қолдамайды; Қоғамның елдің әл-ауқатына ерікті үлесі, заңнамалық минимумнан басқа, ауқымды қайырымдылық және демеушілік қызмет болып табылады.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

Жергілікті қоғамдастықтар ортаны қалыптастыра отырып және Қоғам үшін негізгі ресурстардың көзі бола отырып, «Транстелеком» АҚ-ға елеулі әсер етеді. «Транстелеком» АҚ жергілікті қоғамдастықтар үшін білім беру, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, мәдени іс-шаралар өткізу, денсаулық сақтауды қолдау, инфрақұрылымды дамыту, өңірлерді абаттандыру мен көгалдандыруға байланысты бірқатар жобаларды іске асырады. «Транстелеком» АҚ үшін жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл – бұл жүйелі-қызмет, ол болуы регионның атмосфераға және психологиялық климатқа оң әсер етеді.

2020 жылы Қоғамның бос жұмыс орындары жергілікті тұрғындар арасынан 100%-ға жинақталды.

БАҚ

«Транстелеком» АҚ ақпаратты ашу қағидаларын сақтай отырып, Қоғам ашықтықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ баспасөз конференцияларын тұрақты өткізіп, республикалық басылымдарда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есеп бере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарымен сындарлы диалогты қолдайды.

Көптеген мүдделі тұлғаларға қолжетімді ақпаратты таратудың маңызды арнасы Қоғамның ресми веб-сайты (www.ttc.kz) болып табылады, атап айтқанда, веб-сайттың «Компания туралы» бөлімі (www.ttc.kz/kz/About/history). Бұл ресурстарда Қоғамның соңғы жаңалықтарымен, қаржылық және өндірістік көрсеткіштерімен, есептілігімен және Қоғам қызметі туралы басқа да пайдалы ақпаратымен, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ басқару

және бақылау органдарының қызметін регламенттейтін мынадай құжаттармен танысуға болады: Жарғы, Директорлар кеңесі туралы ереже, Басқарма туралы ереже. Барлық мүдделі тұлғалар үшін ақпараттың тең қолжетімділік қағидатын ұстана отырып, «Транстелеком» АҚ ресми веб-сайтта орналастырылатын ақпаратты үш тілде: орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жариялайды.

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ҚОЛ СҰҚПАУШЫЛЫҚ

«Транстелеком» АҚ жеке өмірге қол сұқпаушылық және клиенттер туралы ақпаратты қорғау мәселелеріне аса маңыз береді.

Қоғам тұтынушылар мен Қоғам клиенттерінің деректеріне авторландырылған қолжетімділігі бар қызметкерлер тобын айқындайды. Сонымен қатар, Қоғам үшін клиенттік база стратегиялық және коммерциялық құпия болып табылады.

Клиенттік деректер базасы туралы ақпаратты «Транстелеком» АҚ-ға қатысты бөгде адамдарға ашу ҚР уәкілетті органдарының талап етуі бойынша ғана жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде Қоғамда клиенттер туралы деректердің жоғалу жағдайлары болған жоқ, сондай-ақ тұтынушылардың жеке өміріне қол сұғылмаушылықтың бұзылуына және тұтынушылар туралы деректердің жоғалуына қатысты шағымдар байқалмады.

ПЕРСОНАЛ

«Транстелеком» АҚ-да 2020 жылғы 30 желтоқанда 2021-2023 жылдарға арналған HR стратегиясы бекітілді. HR стратегиясында Қоғамның миссиясы мен пайымын іске асыру үшін қажетті персоналды дамытудың негізгі бағыттары айқындалған – 2023 жылы жеке және мемлекеттік секторларда ірі кешенді жобаларды іске асыратын және жеке тұлғалар мен ұйымдарға қызметтердің кең спектрін көрсететін ақпараттық-коммуникациялық қызметтердің кең спектрінің әртарапандырылған операторы болу.

Персоналды дамытудың бірыңғай курсына іске асыру және корпоративтік мәдениет Қоғамда қабылданған негізгі құндылықтарға негізделеді:

01. ҚҰРМЕТ.

Клиенттерді, серіктестерді, бәсекелестерді тең деп қабылдау, олардың өзіндік құндылықтары мен мақсаттарының болуын қабылдау, оларды тыңдай және ести білу, байланыс нүктелерін табу және өзара тиімді қарым-қатынас құру, егер бұл компанияның құндылықтарына қайшы келмесе.

02. ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ.

Қоғам көрсетілетін қызметтердің сапасы мен клиенттер үшін оларды пайдалану қолайлығы бойынша да, сондай-ақ өз қызметін, қызметкерлердің біліктілігі мен олардың компания қызметіне тартылуын, бизнес-процестер мен рәсімдердің тиімділігін, компанияның ұйымдық құрылымын жетілдіру бойынша да үздіксіз жұмыс істейді.

03. СЕНІМДІЛІК.

Қоғам сенімді жеткізуші мен серіктес, әлеуметтік жауапты және заңға бағынатын нарық ойыншысы беделін сақтау және арттыру үшін өз күш-жігерін жұмсайды.

Кадрлық стратегияның негізгі мақсаты – персоналды тиімді басқару және адами капиталды басқару жүйесін құру арқылы персоналға инвестициялардан барынша қайтарымды алу.

HR стратегиясында келесі стратегиялық бағыттар анықталған:

- + Корпоративтік университетті дамыту.
- + Негізгі қызметкерлерді ұстап қалу.
- + Құзырет орталықтарын дамыту.

КОРПОРАТИВТІК УНИВЕРСИТЕТТІ ДАМУ

«TTC GREEn University» корпоративтік университеті (бұдан әрі – КУ) ішкі оқыту жүйесі ретінде Қоғамның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес қызметкерлерді оқыту мен дамытуға бағытталған және басшылардан бастап мамандарға дейінгі барлық деңгейлерді қамтиды.

КУ негізгі басымдықтары: Қоғамда білім мен дағдыларды жинақтау, сақтау және беру үшін оқыту инфрақұрылымын қалыптастыру; жаттықтырушылар институтын дамыту және таланттарды барынша ашу; басқарушылық, кәсіби (hard skills), «жұмсақ» (soft skill) дағдылармен оқытудың кешенді жүйесін құру болып айқындалды. Бұл бағыт қашықтықтан оқыту жүйесін дамытуды, ішкі жаттықтырушыларды дамытуды және кешенді бағдарламаларды әзірлеуді қамтиды.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҰСТАП ҚАЛУ

Қоғамдағы негізгі қызметкерлерді ұстап қалу стратегиясы еңбекті ұйымдастырудағы мерзімді қиындықтарға және болашақта басқа жұмыстың ықтимал тиімді ұсыныстарына қарамастан, қызметкерлерді штаттағы одан әрі жұмыс істеуге қызықтыруға бағытталған. Қызметкердің оң көзқарасы мен уәжін сақтау қоғамның жетістігі үшін өте маңызды. Қызметкерлерді ұстап қалу бағдарламасын іске асыру – бұл жұмысшылардың жұмыспен қамтылуын және өнімділікті арттыру үшін теңгерімді еңбек режимін қамтамасыз етудің тиімді әдісі. Негізгі қызметкерлерді



ұстап қалу стратегиясын іске асыру шеңберінде мынадай міндеттер шешіледі: ауыспалы сыйақы жүйесін әзірлеу, қызметкерлердің адалдығы бағдарламаларын әзірлеу, таланттар пулын дамыту.

ҚҰЗЫРЕТ ОРТАЛЫҚТАРЫН ДАМУ

Қоғамның Даму стратегиясына сәйкес, Қоғамның сәтті қозғалысын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі аралас бизнес-модельге көшу болып табылады, онда Қоғам қолданатын жобалық бизнес-модель жеке және бизнес-клиенттің жаппай тұтынушысына бағытталған өнім бизнес-моделімен толықтырылады.

Осыған байланысты мынадай саладағы құзырет орталықтарын дамыту қажет: өнімдерді әзірлеу, деректерді өңдеу орталықтары, сәулет.

HR-стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- 01. Қоғамның адами капиталының сапасын дамытатын және арттыратын HR-стратегиясының стратегиялық бағытталған моделін құру.
- 02. Қызметкерлер үшін білімнің, дағдылар мен құзыреттердің катализаторы ретінде дамыған оқыту инфрақұрылымы және жаттықтырушылар қауымдастығы бар корпоративтік университет.
- 03. Бизнесінің қорытынды нәтижелеріне әсер ететін жиынтық сыйақының қалыптасқан жүйесі.
- 04. Басым бағыттар саласындағы дамыған құзыреттілік орталықтары: өнімдерді әзірлеу, деректерді өңдеу орталықтары, сәулет.

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

Денсаулық үшін қауіптердің, жазатайым оқиғалар мен жарақаттанушылықтың алдын алу – бұл біздің компаниямыздың тұрақты стратегиясының негізгі элементі және біздің бизнес-процестеріміздің ажырамас бөлігі. Еңбекті қорғау және техникалық тәуекелдерді табысты басқару біздің қызметкерлеріміз бен активтерімізді қорғауда маңызды рөл атқарады, сол арқылы компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. «Транстелеком» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы сөзсіз басымдықтары өндірістік объектілердің апатсыз жұмыс режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің еңбек қызметі қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіптік ауруларды азайту болып табылады.

2021 жылы Қоғамда 2020 жылдағыдай өндірістік жарақаттанудың бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ.

ҚР заңнамасына сәйкес Қоғамда Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері (ОА-да да, әрбір өңірлік филиалда да) құрылып, табысты жұмыс істеуде. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің атқаратын негізгі функциялары:

- + еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылау;
- + тәуекелдер мен қауіптерді сәйкестендіру;
- + өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау персоналын оқыту.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ

Жоспарланған

- + 195 іс-шара
- + 190 мың теңге

ОРЫНДАЛДЫ

100%

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ ДӘРЕЖЕСІ

01. Қоғамда «Нөлдік жарақаттар» принципін сақтау – жазатайым оқиғалар мен өндірістік жарақаттар саны

ОРЫНДАЛДЫ

100%

02. Электрондық форматта «Near Miss» (орын алған жарақат) тіркеу және есепке алу құралын әзірлеу және енгізу

ОРЫНДАЛДЫ

100%

03. Қоғам қызметкерлерінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техник асы бойынша білімдерін электрондық форматта тестілеуден өткізу шешімін енгізу

ОРЫНДАЛДЫ

100%

04. Компанияның басшылығы мен жауапты қызметкерлеріне ТМҚ, ПТМ мәселелері бойынша корпоративтік университеттің платформасында тренинг өткізу

ОРЫНДАЛДЫ

100%

01. Қоғамда «Нөлдік жарақаттанушылық» қағидатын қолдау – жазатайым оқиғалар мен өндірістік жарақаттар саны.

- + 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жарақаттанушылықсыз 899 күн жұмыс тіркелді (соның ішінде мердігерлік ұйымдар бойынша).

02. Электрондық форматта «Near Miss» (мүмкін болған жарақат) тіркеу және есепке алу құралын жасау және енгізу.

- + «TTC Smart bot» корпоративтік телеграм-бот базасында Қоғамда «ВауQa» сервисі әзірленді және енгізілді.
- + Бұл сервис денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы инциденттерді жедел анықтауға, алдын алуға және болдырмауға бағытталған денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің қосымша элементі болып табылады. Қызметкерлердің аталған сервисі пайдалануға тартылуын арттыру мақсатында Қоғамның Басқарма төрағасының қатысуымен бейнеролик түсірілді.

03. 2021 жылғы мақсаттардың бірі электрондық тестілеу форматында ЕҚЖЕҚ бойынша білімді тексеруді енгізу болды. Бұл құрал 2021 жылдың желтоқсанында үш филиал қатысқан пилоттық жоба арқылы сәтті енгізілді. Жаңа 2022 жылдың басталуымен «Транстелеком» АҚ-да GREEP кор-

поративтік порталының алаңында кезекті білімді тексеру жоспарланған.

Жаңа форматқа көшудің бірқатар артықшылықтары бар:


- + Адам факторының әсерін жою.
 - + Жеделдікті арттыру.
 - + Бірыңғай шарттарды жүзеге асыру.
 - + Экономикалық тиімділік.
- Осы жобаны іске асыру кезінде «ҚЖЕҚ» бағыты «АБП» бағытымен бірлесіп үлкен жұмыс атқарды, бұл тестілеуді Қоғамның әрбір қызметкері үшін қолжетімді етуге мүмкіндік берді.

04. 2021 жылы оқудан «TTC University» корпоративтік университеті базасында 251 басшы және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар өтті.


ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Қоғамда ЕҚЖЕҚ саласындағы тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жүргізілуде. Қоғамдағы қауіптерді сәйкестендіруге сәйкес, белгіленген тәуекелдер орташа немесе рұқсат етілген, жол берілмейтін деңгейдегі тәуекелдер анықталған жоқ. Бұл қауіптің төмен немесе орташа ықтималдығын, салдардың аз немесе орташа ауырлығын көрсетеді.


ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР



ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР




ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР



ІШКІ БАҚЫЛАУ

2021 жылғы кезеңде орталық аппарат өткен жылмен салыстырғанда филиалдардың ЕҚЖЕҚ талаптарына сәйкестігіне 3 реттен артық тексеру жүргізді.



COVID-19 ТАРАТПАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

Қоғамда COVID-19 таратпау бойынша қызметкерлердің іс-қимыл алгоритмі бекітілді. Алгоритмге сәйкес, қызметкерлер суықтың белгілері пайда болған кезде немесе жұқтырған қызметкермен байланыста болған жағдайда қажетті шаралар туралы біледі.

Термометрияны және ASHYQ қолданбасын пайдалана отырып, кіру бақылауы жүзеге асырылады.

Күнделікті негізде Қоғамдағы COVID-19 жағдайы бойынша статистика жүргізіледі.

Міндетті вакцинациялауға жататын жұмыскерлердің санаттары анықталды: вахталық әдіспен жұмыс істейтін,

Тапсырыс берушінің объектілерінде тұрақты орналасқан, халыққа (жеке және заңды тұлғаларға) тікелей қызмет көрсететін техникалық қызмет көрсетуші персонал.

COVID-19 таратпау мақсатында «жұқтырған» және «байланыста болған» мәртебесі бар қызметкерлерге кіруге арналған рұқсаттама бұғатталады.

Қажет болған жағдайларда (іссапарға жіберу, Тапсырыс берушінің объектілерінде орналастыру) жұқтырудың жоқ екендігі туралы растауды ұсыну үшін Қоғам қызметкерлеріне тиісті қызметтер көрсететін медициналық зертханамен жасалған шартқа сәйкес жұмыс берушінің есебінен ПТР-тестілеуден өту мүмкіндігі беріледі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ


Гендерлік және жас топтары бойынша персоналдың құрылымы

Қызметкерлер санаты	Барлығы		оның ішінде:			
			ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
Тізімдік саны	3 728	100	2 262	60,7	1 466	39,3
Басшылар	419	11,2	309	73,7	110	26,3
Мамандар/қызметшілер	2 634	70,7	1 752	66,5	882	33,5
Жұмысшылар	675	18,1	201	29,8	474	70,2



Қызметкерлер санаты	Барлығы		оның ішінде:									
			25 жасқа дейін		25-34 жас		35-44 жас		45-54 жас		55 жастан жоғары	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%		
Тізімдік саны	3 728	100	389	10,4	1 483	39,8	911	24,4	578	15,5	367	9,8
Басшылар	419	11,2	3	0,7	149	35,6	151	36,0	83	19,8	33	7,9
Мамандар/қызметшілер	2 634	70,7	358	13,6	1 194	45,3	611	23,2	301	11,4	170	6,5
Жұмысшылар	675	18,1	28	4,1	140	20,7	149	22,1	194	28,7	164	24,3


2021 ЖЫЛЫ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚАБЫЛДАНДЫ



Термометрияны және ASHYQ қолданбасын пайдалана отырып, кіру бақылауы жүзеге асырылады.


2021 Ж. ЖАСЫ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

%



2021 Ж. ӨНІРЛЕР БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

%




Гендерлік және жас топтары бойынша қабылданғандардың саны

Қызметкерлер санаты	Қабылданды		оның ішінде:			
			ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
Тізімдік саны	1 015	27,2	727	71,6	288	28,4
Басшылар	45	10,7	32	71,1	13	28,9
Мамандар/қызметшілер	825	31,3	614	74,4	211	25,6
Жұмысшылар	145	21,5	81	55,9	64	44,1



Қызметкерлер санаты	Қабылданды		оның ішінде:									
			25 жасқа дейін		25 – 34 жас		35 – 44 жас		45 – 54 жас		55 жастан жоғары	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
Тізімдік саны	1 015	100	217	21,4	445	43,8	272	26,8	59	5,8	22	1015
Басшылар	45	4,4	0,0	12	26,7	26	57,8	6	13,3	1	45	
Мамандар/қызметшілер	825	81,3	199	24,1	379	45,9	206	25,0	31	3,8	10	825
Жұмысшылар	145	14,3	18	12,4	54	37,2	40	27,6	22	15,2	11	145

2021 Ж. ЖАСЫ БОЙЫНША САНЫ



Нәтижелілікті бағалау

Қызметкерлер санаты	Тізімдік саны	оның ішінде:		оның ішінде нәтижелілік бағалауынан өткендері:			
		ерлер	әйелдер	ерлер		әйелдер	
		адам	адам	адам	%	адам	%
Тізімдік саны	3 728	2 262	1 466	38	1,7	2	0,1
Басшылар	419	309	110	38	12,3	2	1,8
Мамандар/қызметшілер	2 634	1 752	882	–	0,0	–	0,0
Жұмысшылар	675	201	474	–	0,0	–	0,0


2021 жылы әйелдер сыйақысының ерлер сыйақысына қатынасы

Қызметкерлер санаты	Базалық мөлшерлеме, %	оның ішінде:		Сыйақы, %	из них:	
		ерлер, %	әйелдер, %		ерлер, %	әйелдер, %
Басшылар	25,7	72,6	25,7	100,0	100,0	0
Мамандар/қызметшілер	66,0	81,9	66,0	–	–	–
Жұмысшылар	8,3	72,4	8,3	–	–	–

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ

Тұрақты даму және нарықта көшбасшы орынға ие болу қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіпқойлығына тікелей байланысты. Қызметкерлердің кәсібилігі мен Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін Қоғам мамандарын сертифициаттауға ерекше көңіл бөлінеді. 2021 жылы жобалық басқару, экономика, қаржы және маркетинг, ақпараттық технологиялар инфрақұрылымы, желілік жабдықтар, маршруттау және виртуализация саласында 40 маман сертифициатталды. Қоғамның сертифициатталған мамандарының жалпы саны 0,6%-ға өсті.

ҚОҒАМНЫҢ СЕРТИФИКАТТАЛАН МАМАНДАРЫНЫҢ ӨСУІ



Компанияның бір қызметкеріне (еркек, әйел) есепті жылы өткен оқу сағаттарының орташа саны

Жалпы сағат саны	Адам саны	1 адамға орташа сағат саны
Барлығы		
64 333	3 500	18,38
еркек		
43 651	2 262	19,3
әйел		
20 682	1 238	16,7



TTC GREEN UNIVERSITY
КОРПОРАТИВТІК УНИВЕРСИТЕТІ

2021 жылы TTC GREEN University KU ішкі жаттықтырушыларының 3-легін шығардық. Біздің 3-лектің ішкі жаттықтырушылары «Жаттықтырушыларға арналған тренинг» 6-модульдік бағдарламасын аяқтап, өздерінің ішкі курстарын сәтті қорғады.

11
ІШКІ ОҚЫТУ
КУРСТАРЫ

25
ІШКІ
ЖАТТЫҚТЫРУШЫ

90%
ІШКІ ОҚЫТУҒА
КӨҢІЛДЕРІ ТОЛҒАН

69%
ФИЛИАЛ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН
ҚАМТУ

2
МАСТЕР-
КЛАСС

3
ӨНІМ БОЙЫНША
ТРЕНИНГТЕР

1 015
ОҚЫТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ
1 015 ҚАМТУ

ӘЛЕУМЕТТІК
САЯСАТ

«Транстелеком» АҚ әлеуметтік саясаты ынталандыру құралы ретінде қызметкерлердің қанағаттанушылығына тікелей әсер етеді, бұл өз кезегінде Қоғам қызметінің өндірістік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер етеді. Ол Қоғам қызметкерлерінің өмір сапасын арттыруға,

әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдарға (қызметкерлер, зейнеткерлер, ҰОС ардагерлері және оларға теңестірілген тұлғалар және т.б.) көмек көрсетуге және қолдау көрсетуге, персоналдың қанағаттану көрсеткіштерін арттыруға бағытталған.



2021 ЖЫЛДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ШЫҒЫСТАР
САНАТТАРЫ БОЙЫНША **МЫН ТЕРГЕ**

- 445 333** Төлемдер, қызметкерлерге материалдық көмек
- 132 109** Қызметкерлердің балаларына төленетін төлемдер
- 26 157** Тіркелген зейнеткерлерге төленетін төлемдер

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТПЕН ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ПАЙЫЗЫ



«Транстелеком» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартта материалдық көмек түрінде әлеуметтік-қолдаудың негізгі бағыттары көзделген:


- + **қызметкерлерге:** мерейтой күнінің басталуымен, 8 наурызға, бала тууына, некені тіркеуге, тістерін протездеуге, сауықтыруға және емдеуге, жерлеуге сыйлықақы, күтпеген жағдайлардың туындауына байланысты материалдық көмек, медициналық сақтандыру;
- + **балаларға:** балаларды мектепке дайындауға, Балаларды қорғау күніне, «Отбасы күніне, балалар мерекелеріне іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;
- + **Қоғамда есепте тұрған зейнеткерлерге:** мерейтой күнінің басталуына, зейнеткерді жерлеуге, ҰОС қатысушылары мен оларға теңестірілгендерге 9 мамырға, Байланыс және ақпарат күніне, Қарттар күніне төлемдер.

Сонымен қатар, ҚР жоғары оқу орындарында білім алып жатқан балалар үшін ақылы негізде мүгедек баланы оқытуға, оңалтуға және сауықтыруға, шығармашылық конкурстарға, спорттық жарыстарға қатысуға өтемақы, зейнеткерлік жасқа келгенге дейін 3 жыл бұрын қызметкерлерді қысқарту кезінде өтемақы көзделген.

2021 жылы әлеуметтік жеңілдіктерге арналған шығыстар 634 973 мың теңгені құрады. 2020 жылмен салыстырғанда әлеуметтік жеңілдіктерге шығыстар 86%-ға ұлғайды.

2021 жылы Қоғамның бір қызметкеріне жұмсалатын орташа шығындар 134 мың теңгені құрады.

БОСАНУ БОЙЫНША ДЕМАЛЫС



- Есепті жылы декреттік демалысқа шықты
- Өткен есепті кезеңде (2020 ж.) бала күтімі демалысынан оралған және қайтып келгеннен кейін кемінде 12 ай компанияда жұмыс істеген



ЕРІКТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Жыл сайын Қоғам қызметкерлері ауырған жағдайда ерікті сақтандыру қызметтерін пайдаланады. 2021 жылы компания «Халық» СК АҚ-мен шарт жасасты. Жыл бойы 6 105 адам сақтандыру қызметтерін пайдаланды, оның ішінде 2 777 қызметкер және 3 328 отбасы мүшелері. Сақтандыру сыйлықақысының сомасы 332 768 мың теңгені құрады.

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

Қоғамда салауатты өмір салтын насихаттауға көп көңіл бөлінеді және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына тұрақты негізде қаражат бөлінеді. Пандемия басталғанға дейін Қоғам Спартакиадасы жақсы дәстүр және біздің корпоративтік мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болды.

2020-2021 жылдары Спартакиаданы өткізу әлемдегі жағдайға байланысты мүмкін болмады (COVID-19). Ағымдағы жылы кезекті Спартакиаданы Шымкент қаласында өткізу жоспарланып отыр. Спорттық іс-шараларды өткізу қызметкерлерді салауатты өмір салтына, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға, адамдарды спорттық іс-шараларға тартуға, салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттауға бағытталған.

Қоғамда қызметкерлер әртүрлі спорт түрлерімен белсенді айналысады. Қоғамда волейбол және хоккей командалары құрылды.

Қоғамның кәсіподағы компания өміріне белсенді қатысады. 2021 жылы кәсіподақ арқылы қызметкерлердің, балалардың, жақын туыстардың емделуіне материалдық көмек көрсетілді. Іс-шаралар, 8 наурыз, Наурыз мейрамына сыйлық сертификаттары ұйымдастырылды.

Биыл 14 ерікті 62 ардагер мен 9 тыл еңбеккеріне кіріп шықты.

Балаларды қорғау күніне орай Қоғамда жыл сайын қызметкерлердің балалары үшін іс-шаралар өткізіледі. 2021 жылы «Үздік сурет» және «Үздік бейнеролик» номинациялары бойынша «Менің өмірімдегі IT-технологиялар» тақырыбында конкурс ұйымдастырылды. Үздік жұмысы үшін балаларға сыйлық сертификаттары берілді.

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ ЖӘНЕ ТАЛАНТТАР ПУЛЫ

Қоғамда кадрлық резерв, Қоғамның перспективалы және негізгі қызметкерлері қатарынан 69 адамнан тұратын таланттар пулы құрылды.

2021 жылы «Транстелеком» АҚ резервшілерінің 23%-ы ротацияланды. Тік өсу – басшылық лауазымға ротацияны 13 қызметкер алды.

Жеке даму жоспарларын (ОЖБ) іске асыру шеңберінде резервшілер Telco және IT-бағыттардың 60 жобасын іске асыруға қатысты, оның ішінде: SMAx жүйесінде CMDB процесін енгізу; SMAx жүйесін өзекті нұсқаға дейін жаңарту; 1С-та ЭЦҚ ҰКО-мен қол қоюды іске асыру; Бұлтты, жаңа ДӨО және Collocation кластерін пайдалануға іске қосу; KTZ серверлік инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету; Exchange тұрақты емес пошта серверін іске асыру; ДӨО инфрақұрылымын ТЖҚ-мен қамтамасыз ету процесін ұйымдастыру; Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Павлодар, Шымкент, Ақтөбе және Қостанай қалаларында Google және Facebook жаңа серверлерін орнату; DDOS шабуылдардан қорғау жүйесін пайдалануға енгізу; клиенттің бизнес-процестерін автоматтандыру бойынша екі пилоттық сынақ жүргізу (Цифрлық ВЧД); Қостанай облысының 5 моноқаласында «IKOMEX» 109» ахуалдық орталықтарын пайдалануға беру; B2B блогының функционалдық стратегиясын, АҚ стратегиясын, Технологиялық стратегиясын әзірлеу; ТОВЖ картасын және Qlik Sense құралында тарифтер бойынша аналитика әзірлеу; «Транстелеком» АҚ Технологиялық стратегиясын әзірлеу шеңберінде қосымшалардың нысаналы архитектурасын құру; Qoldau Colocation жобасы бойынша архитектураны әзірлеу; «Көк және қара кітап бойынша дашборд» жүйесін әзірлеу және енгізу; бастапқы желі жүйесінің мониторингін жүзеге асыру (Lusent, Ericsson, Marconi, DPS, Alcatel Lusent, Ekinops Celestis NMS, Huawei U2000, SAM 5620 (IPMPLS), Cisco Prime Network, Cisco Prime Optic, ELTEK, Zabbix); «Алақандағы бизнес» жобасын іске асыру және басқалар.

Күнтізбелік жыл ішінде резервшілер офлайн және онлайн форматтарда 40-тан астам сыртқы және ішкі оқыту курстарынан өтті.

69

Барлығы оқу
курстарынан өтті

Кадрлық резервті, компания ішіндегі таланттар пулын дамыту білім сабақтастығын сақтауға, басшы лауазымдарға орналасу үшін өз резервінің кепілі ретінде негізгі және перспективалы қызметкерлерді

өсіруге, стратегиялық жобаларды іске асыруға қатысуға, ішкі жаттықтырушылықты дамытуға кепілдік береді, бұл кез келген компанияның басқалардан айрықша артықшылығы болып табылады.

26

оқыту курстары өткізілді

16

ІШКІ
ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР

40

«ӘЛЕУЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕР» САНАТЫ БОЙЫНША
РЕЗЕРВТЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

21

кәсіби аттестациядан өткен
резервтегі қызметкерлер

60

ЖОБАЛАР: SMAx, DATA CENTER, COLLOCATION,
CORM, IKOMEX 109, QOLDAUCOLLOCATION, CISCO
PRIME, OPTIC, ELTEK, ZABBIX, OLIXSENSE,
ҚТЖ ЖӘНЕ Т.Б

23%

резервтегі қызметкерлерді
ротация жасау

3

КӨЛДЕНЕҢ ӨСУ – ДЕРЕКТЕР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

29

«НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТКЕР»
САНАТЫНДАҒЫ РЕЗЕРВТЕГІЛЕР

41

«Перспективалық қызметкер»
санатындағы резервтегілер

13

ТІК ӨСУ – БАС ДИРЕКТОР, В2С ДАМУ
ДИРЕКТОРЫ, ОБЛЫСТАРДЫҢ, СЕКЦИЯЛАРДЫҢ,
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫ

ҚР ЖОО-МЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ. «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ДА ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМДАМА

ТӘЖІРИБЕ ТТС БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫНДА ӨТТІ:

- Сәулет және дизайн
- В2В, В2С, ЖЖ, АТҚ, ЖК, МЖАУ, АТС секторларында және басқаларда IT МЖАУ, СЖБ, БҚБ, АҚБО SOC дамыту және енгізу

2021 ЖЫЛҒА:

- Сулейман Демирел университеті, Astana IT University, Тұран-Астана және аймақтар

20
ЖАСАЛҒАН МЕМОРАНДУМДАР, ОНЫҢ
ІШІНДЕ 2021 ЖЫЛЫ 7 КЕЛІСІМШАРТ

176
СТУДЕНТТЕР
ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТТІ

28
ОРТАЛЫҚ АППАРАТ
ЖӘНЕ АЙМАҚТАРДА
ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН

Компанияға перспективалы және талантты жастарды тарту мақсатында ҚР оқу орындарымен өзара іс-қимыл бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Қазіргі уақытта компания Қазақстанның барлық ірі қалаларындағы білім беру мекемелерімен, оның ішінде аймақтық орталықтар – 20-дан астам оқу орнымен ынтымақтасады.

Қоғамда ҚР ЖОО-мен ынтымақтастық туралы 20-дан астам меморандум жасалды, оның 7-і 2021 жылы жасалды (Республикалық маңызы бар – 3, өңірлік ЖОО-лар – 4). Бұл ретте Транстелеком өзінің әріптес жоғары оқу орындарының тізімін келесі ҚР университеттерімен кеңейтті: «Сулейман Демирель атындағы Университет» мекемесі, «Astana IT University» ЖШС, «Тұран-Астана» Университеті.

2021 жылы компанияның құрылымдық бөлімшелерінде 176 студент тәжірибеден және тағылымдамадан өтті, олардың 28-і жұмысқа орналастырылды. 15 студент Астанатранстелеком филиалына жұмысқа орналасты.

Практика мен тағылымдамадан өтудің мақсаты білім алушыларда кәсіби қызметте іскерлік пен практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ПРАКТИКАНТТАР САНЫ	АЛДАН
Орталық аппарат	3
Шымкент ФТТК	3
Павлодар ФТТК	2
Көкшетау ФТТК	2
Жамбыл ФТТК	1
Астана ФТТК	15
Алматы ФТТК	2

Өткен жылы «Транстелеком» АҚ келесі жоғары оқу орындарының 5 бос орындар жәрмеңкесіне қатысты: Назарбаев Университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Astana IT University (мансап апталары); Орталық Азия университеті (mock interviews/ Computer Science); ҚМЭБИ (Job Fair жәрмеңкесі). Мұндай кездесулер – түлектер мен студенттер үшін компанияның қызметі туралы толығырақ білуге, «Транстелеком» АҚ миссиясы мен пайымымен танысуға, HR-менеджермен әңгімелесуден өтуге, бос жұмыс орындары мен оларға қойылатын талаптар туралы білуге, Қоғамда тәжірибеден/ тағылымдамадан өтуге тамаша мүмкіндік.

Жаңа техникалық кадрларды даярлау мақсатында компанияда дуалды оқытуды дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде – «Транстелеком» АҚ-ға жұмысқа орналасу үшін жас мамандарды (студенттерді) тарту.

«Транстелеком» АҚ Атырау қаласындағы филиалы «Атыраутранстелеком» «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» КеАҚ-мен келісім шартқа отырды.

Дуальді Білім – болашағынан үміт күттіретін, талантты жастарға оның қыр-сырын тәжірибе жүзінде зерттей отырып, болашақ мамандығына бой көтеруге мүмкіндік береді. ТТС Қазақстанның барлық ірі қалаларының, соның ішінде облыс орталықтарының оқу орындарымен белсенді жұмыс жүргізеді.

ТТС 20-дан астам оқу орындарымен ынтымақтасып, дуальды білім беру бағдарламасын кеңейтуде.

Дуальды білім беру перспективалы жастарға оның нюанстарын іс жүзінде зерттей отырып, болашақ мамандыққа енуге мүмкіндік береді. Мысалы, Атыраутранстелеком филиалы мен «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және

газ университеті» КеАҚ арасында кадрларды даярлаудың дуальді жүйесін енгізу бойынша жоғары (бакалавриат) білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Осы Келісім шеңберінде конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша филиал жыл сайын ақпараттық технологиялар факультетінің 20-ға жуық студенттерін практикаға қабылдауды жоспарлап отыр. Магистранттарға арналған осындай келісім «Ақпараттық қауіпсіздік» мамандығы бойынша «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-мен де қолданылады.

САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ҮКІМЕТТІК МАРАПАТТАР

«БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ КҮНІ»

Жыл сайын байланысшылардың кәсіби мерекесіне орай Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жоғары білікті мамандарды кәсіпқойлығы, жоғары еңбек көрсеткіштері және байланыс саласына қосқан елеулі үлесі үшін «Үздік байланысшы» төсбелгісімен марапаттайды. 2021 жылы Қоғамның 4 қызметкері осы жоғары марапатқа ие болды:

- Шоқпаров Әбжан Айтжанұлы – «Ақтөбетранстелеком» филиалының жергілікті желісінің электр механигі;
- Ешпанов Орынбай Жеткербайұлы – «Қызылорда-транстелеком» филиалының техникалық директоры;
- Тұмабаев Ерлан Болатұлы - «Семейтранстелеком» филиалының желілік-кабельдік бригадасының бастығы;
- Сулейманова Толқын Рафиковна – «Жамбылтранстелеком» филиалының ОАТС және жергілікті желілерінің байланыс инженері.

Байланыс және ақпараттандыру күніне Қоғамның 8 қызметкері мінсіз қызметі, байланыс индустриясының



дамуы мен өркендеуіне қосқан зор үлесі үшін **ЦДИАӨМ құрмет грамотасымен** марапатталды.

ЦДИАӨМ-нің алғыс хаттарымен Қоғамның 14 қызметкері марапатталды.

- ✦ Дарыбеков Тілеуғабыл Шәкітайұлы – Қарағандытранстелеком филиалы Балқаш байланыс учаскесінің бастығы;
- ✦ Біржанова Инеш Бермұхамбетқызы – Қостанайтранстелеком филиалының сату қызметінің бастығы;
- ✦ Жадранов Марат Нурахметович – Алматытранстелеком филиалы байланыс учаскесінің бастығы;
- ✦ Капаев Султан Бакитович – Астанатранстелеком филиалының техникалық есепке алу жөніндегі инженері;
- ✦ Каржауов Жоламан Мусаевич – Атыраутранстелеком филиалының ОАТС және жергілікті желінің электр механигі;
- ✦ Андаев Канат Коңарович – Ақтаутранстелеком филиалының Бейнеу ст. ЖКБ бастығы;
- ✦ Джапаркулов Фарух Тахирович – Жамбылтранстелеком филиалының СИТ бастығы;
- ✦ Кайназаров Адилбек – Қызылордатранстелеком филиалының ОАТС және жергілікті желінің электр механигі;
- ✦ Солбырев Руслан Газизович – Өскементранстелеком филиалының жергілікті желісінің электр механигі;
- ✦ Тейковцев Андрей Альбертович – Павлодартранстелеком филиалының коммерциялық директоры;
- ✦ Юров Юрий Юрьевич – Семейтранстелеком филиалының жергілікті желі электромеханигі;
- ✦ Степанов Илья Сергеевич – Көкшетаутранстелеком филиалының байланыс учаскесінің бастығы;
- ✦ Шишкин Владимир Анатольевич – Ақтөбетранстелеком филиалы байланыс учаскесінің бастығы;
- ✦ Болатбаев Нурсултан Алибекович – Шымкентранстелеком филиалының «Түркістанды дамыту» жобалық тобының жетекшісі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

мықты мемлекет құруға және оның еңбек қызметі мен кәсіби саладағы жетістіктерін үздіксіз дамытуға елеулі үлес қосқан қайраткерлер мен тұлғаларға мерейтойлық медальдар тағайындады. Біздің компанияда бұл жоғары марапатты алғандар:

- ✦ Аширбеков Саян Мейрамович – Шымкенттранстелеком филиалының басқарушы директоры;
- ✦ Орманов Дархан Сарсебаевич – Жамбылтранстелеком филиалының басқарушы директоры;
- ✦ Серікұлы Абзал – Ақтаутранстелеком филиалының басқарушы директоры.

ҚР Тәуелсіздік күніне орай Қоғамның 41 қызметкері ҚР Коммуникация және цифрландыру ұлттық қауымдастығының алғыс хаттарымен марапатталды (оның ішінде өңірлер – 11 адам; ОА – 30 адам).

ТРАНСТЕЛЕКОМ АҚ МАРАПАТТАРЫ

Компанияда материалдық емес көтермелеу жүйесі жұмыс істейді, оның шеңберінде жыл сайын Қоғамның Басқарма төрағасының атынан өзінің кәсіби қызметінде жоғары жетістіктері үшін айрықша көзге түскен қызметкерлер көтермеленеді. 2021 жылы жоғары нәтижелерге қол жеткізгені, кәсібилігі, Қоғамның стратегиялық жобаларын іске асыруға қатысқаны үшін «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының құрмет грамотасымен және алғыс хатымен «Байланыс және ақпараттандыру күні», «ҚР Тәуелсіздік күні» мерекелеріне 102 қызметкер марапатталды (оның ішінде өңірлер – 72 адам; ОА – 30 адам).

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҮЗДІК КОМАНДАЛАРЫ» - 2021» КОНКУРСЫ

Бұдан басқа, компанияда «Байланыс және ақпараттандыру күніне» Қоғам өңірлерінде үздік қызметке/бригадаға/бөлімге конкурс өткізудестүрге айналды. 2021 жылы біз қатысушылар санын көбейтіп, 10 номинация бойынша конкурс өткіздік:

01 . Үздік желілік-кабельдік бригада (желілік зақымданулардың болмауы, өндірістік жоспар бойынша жұмыс көлемін орындау, авариялық-қалпына келтіру жұмыста-

рын жедел орындау, өтінімдер бойынша орындалатын жұмыстардың сапасы, магистральдық желінің үздіксіз жұмысы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін);

02 . Үздік жергілікті желі (байланыстың кабельдік және әуе желілеріндегі зақымданулардың ең аз саны, тоқтап қалудың алдын алу, байланыстың тірегіне және жалғастырғыш муфтаны монтаждауға ең аз жұмсалған уақыт, байланыстың кабельдік және әуе желілерін сапалы ілу және төсеу, өтінімдерді өңдеу жылдамдығы және командалық жұмыстың тиімділігі үшін);

03 . Үздік телекоммуникация цехы (телекоммуникация қызметтерін дамытуға көп жылдық үлесі, АТС SI-3000 және MC-240 жабдықтарын баптаудағы үздік өндірістік көрсеткіштері, COPM АТС MC-240 бөлігінде жаңа идеяларды енгізу және жетілдіру, тиімді командалық жұмыс және жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін);

04 . Үздік ақпараттық технологиялар қызметі және интернет желісі (қызметтің/сервистің өмірлік циклі бойында клиенттерді тиімді қолдауды қамтамасыз ету, стратегиялық маңызды арналарды қосу бойынша сапалы және жедел жұмыс, бос тұрып қалу тәуекелдерін төмендету үшін резервтік шешімдердің болуы, жұмыста жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізу үшін);

05 . КТО желілеріне қызмет көрсету бойынша үздік жобалық топ (жедел әрекет ету және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жедел орындау, Тапсырыс беруші желісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, Тапсырыс берушінің коммуникациялық жабдығын өз күшімен тиімді қалпына келтіру, жабдықтың істен шығуының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шұғыл жағдайларда стандартты емес шешімдерді қолдану, жоғары кәсібилік);

06 . ИОА желілеріне қызмет көрсету бойынша үздік жобалау тобы (зақымданулардың ең аз саны, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жедел орындау, кәсіпқойлық, Тапсырыс беруші желісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, Тапсырыс берушінің коммуникациялық жабдығын өз күшімен тиімді қалпына келтіру, жоғары жұмыс қабілеттілігі үшін);

07 . B2R секторындағы үздік сату қызметі (жылдық кіріс жоспарын орындау, әлеуетті клиенттерді тарту перспективаларын көре білу, ағымдағы клиенттерді қолдау және сақтау, SLA-ны компания ішінде де,

сыртқы серіктестермен де қолдау, мамандардың тұрақтамауының болмауы үшін (оның ішінде құнды кадрлардың жоғалуы);

08 . B2C секторындағы үздік сату қызметі (жылдық кіріс жоспарын орындау, өнім желісін жақсы білу, әлеуетті серіктестерді тарту бойынша үздік көрсеткіштер, нарықты дамыту және компания брендині ілгерілету бойынша белсенді жұмыс, сатылымның өсуін арттыру, үздік топтық жұмыс үшін);

09 . Үздік есеп айырысу бөлімі (дебиторлық берешекті төмендету бойынша тиімді жұмыс істегені үшін, жұмыс істеп тұрған абоненттердің кетуін азайту, клиенттерге қызмет көрсету сапасын жоғары деңгейге дейін көтеру, есепті кезеңді уақтылы жабу және тапсырмаларды орындау сапасы үшін);

10 . GREEP порталындағы үздік идея (идеяның өзектілігі, ұтымды астық, тиімділік, көрсетілген бастама, Қоғамдағы қызмет пен процестерді жақсарту, жаңа көзқарас, шығармашылық және креативті тәсілдеме үшін).

Өр номинацияның өз критерийлері болды, олар бойынша командалардың күнтізбелік жылдағы жұмысының тиімділігі бағаланды. Конкурсқа қатысушыларды жетекшілік ететін бағыттардан (ОА) тұратын конкурстық комиссия бағалады. Конкурстың қорытындысы (жеңімпаздар) кәсіби мереке қарсаңында өңірлермен тікелей эфирде өткен салтанатты жиналыста жарияланды, онда Қоғам филиалдарының үздік командалары 2021 жылы 1,2,3 орын үшін сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

САТЫП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Транстелеком» АҚ-да сатып алуды өткізу «Транстелеком» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 02 қыркүйектегі шешімімен (№25/2021 хаттама) бекітілген, «Транстелеком» АҚ тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу саясатына және «Транстелеком» АҚ сатып алу қызметін басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылды.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі қызметтік және өндірістік қажеттілікке сүйене отырып, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің өтінімдері бойынша қалыптастырылған қоғамның бекітілген бюджеті негізінде айқындалады.

Жеткізушіні таңдау Қоғамның ішкі құжаттарымен регламенттелетін өткізілген сатып алу рәсімдерінің нәтижелері бойынша айқындалады. Ішкі құжаттарды өзектендіру бюрократиялық рәсімдерді жоюға және тиісінше сатып алу рәсімдерін жүргізу мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік берді. Ырықтандыру бағаны маркетингтік зерттеу, сатып алу жоспарына түзетулерді келісу және бекіту, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді

сатып алуға өтінімдерді келісу сияқты сатып алудың барлық кезеңдеріне әсер етті. Мәселен, бағаларды маркетингтік зерттеу бюджетті қалыптастыру сатысында жүргізілуде, өтінімдер бойынша электрондық құжат айналымы жүйесінде оларды келісетін адамдардың саны қысқартылды.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу саясатына және «Транстелеком» АҚ сатып алу қызметін басқару қағидаларына сәйкес жеткізушіні конкурс тәсілімен таңдау бойынша сатып алу рәсімдері 2021 жылғы 22 желтоқсанға дейін www.ztender.kz алаңында Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде жүргізілді.

Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу бойынша жеткізушіні таңдау жөніндегі рәсімдер сапалы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, оңтайлы қолайлы бағаларды сатып алу мақсатында және адал бәсекелестікті ескере отырып, тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар нарығын зерделеу жолымен өндірушілерге/жеткізушілерге (дилерлерге, дистрибьютерлерге) сұрау салулар жіберіледі.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА КӨЗҚАРАС

Қоғамның табиғат қорғау қызметі ҚР Экологиялық кодексіне және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғам өз қызметімен қоршаған ортаға тікелей елеулі зиян келтірмейді және экология тұрғысынан әлеуетті қауіпті салаларда бизнес жүргізбейді. Дегенмен, Қазақстанның барлық аумағында жұмыс істейтін телеком-муникация және IT-технологиялар нарығындағы жетекші ойыншы ретінде Қоғам үшін қызметтің энергия тиімділігін арттыру, ресурс үнемдеу, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту жөніндегі міндеттер өзекті екенін түсінеміз.

Біз кез келген қызметті жүзеге асыруда экологиялық фактордың маңыздылығы мен басымдылығын түсінеміз және болашақ ұрпақ үшін салауатты өмірді қамтамасыз етуге өз үлесімізді қосуға ұмтыламыз. Жоғары технологиялық телекоммуникациялық оператордың барлық артықшылықтарына ие бола отырып, біз қоғамның энергия тиімділігін арттыру, атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту және ресурстар шығынын азайту бағытында қозғалуына көмектесетін барлық алғышарттар мен жағдайларға иеміз.

2021 жылы қоршаған ортаны қорғау ұлттық заңнама талаптарын және қабылданған халықаралық міндеттемелерді сақтауға бағытталған әзірленген және бекітілген стандарттар, ережелер, нұсқаулықтар шеңберінде қамтамасыз етілді. Қоғам қоршаған ортаға әсерін азайтуға және осындай әсерді басқарудың ең озық технологияларын қолдануға тырысады.

Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін жетілдіру, экологиялық жауапкершілікті арттыру мақсатында өндірістік процестің барлық сатыларында Қоғамда ISO 14001 экологиялық менеджменттің халықаралық стандарттары (бұдан әрі – ЭМС) және ISO 50001 энергетикалық менеджменттің стандарттары (бұдан әрі – ЭнМС) енгізілді.

Табиғатты пайдалануды басқару және қоршаған ортаны қорғау дегеніміз экологиялық заңнаманы, Қоғамның СЭМ талаптарын іске асыруды қамтамасыз етуді білдіреді, осы саланың тақырыбына қатысты біз табиғи ресурстарды басқару, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруды қамтамасыз ету, қоршаған ортаны сақтау, жеке және заңды тұлғалардың экологиялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы айтып отырмыз.

Қоғам филиалдары басшыларының бұйрығы негізінде экологиялық қауіпсіздік және пайдалану бойынша жауапты қызметкерлер айқындалды.

ЭМС-ді жұмыс жағдайында ұстау, сондай-ақ оның нәтижелілігін үнемі жақсарту үшін ЭМС бойынша ішкі нормативтік құжаттар әзірленді:

- + «Транстелеком» АҚ экологиялық саясаты;
- + Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару;
- + Құрамында сынабы бар жабдықтармен және материалдармен жұмыс істеу;
- + Экологиялық аспектілерді (бұдан әрі – ЭА) сәйкестендіру және бағалау;
- + ЭА тізілімі;
- + Маңызды ЭА тізілімі;
- + Нормативтік талаптардың тізілімі;
- + Экологиялық менеджмент саласындағы мақсаттар, міндеттер және бағдарламалар;
- + ЭМС жөніндегі нұсқаулық.



ЖАЛПЫ САТЫП АЛУ КӨЛЕМІ

43
услуги

39
товары

18
работы

Қоғамның 2021 жылғы сатып алуларының жалпы көлемі 23 676 694 мың теңгені құрады, оның ішінде: 9 200 926 мың теңге сомаға тауарлар, 4 392 755 мың теңге сомаға жұмыстар және 10 083 013 мың теңге сомаға көрсетілетін қызметтер сатып алынды.

Жалпы, Қоғам сатып алу қызметін оңтайландыру, жергілікті өндірушілерді дамыту және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2021 жылы Қоғам қоршаған ортаны қорғау саласында ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкестігіне инспекциялық аудиттен өтті.

Қоғам басшылығы Экология саласындағы саясатты іске асыру жөніндегі жауапкершілікті өз мойнына алды, экологиялық менеджмент жүйесінің нәтижелілігін тұрақты арттыру міндеттемесін қабылдайды және Қоғамның әрбір қызметкері заңнамада белгіленген экологиялық талаптар мен нормалардың орындалуы үшін дербес жауапкершілікті сезінетінін растайды. Телефон және телеграф байланысы қызметтерін, IP-телефония қызметтерін; телекоммуникация қызметтерін көрсету, байланыс желілерін құру және пайдалану саласында өз қызметін жүзеге асыра отырып, Қоғамның қызметі қоршаған ортаға әсер ететінін толық түсінеді.

Экология саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам:

- Қоғамның даму стратегиясын әзірлеу кезінде Қоғамның, қала мен өңірлердің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мүдделерін негізделген ұштастыру қағидатын ұстануға;
- Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасы талаптарының сақталуын, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, сондай-ақ персоналдың тартылуын және оның Қоғамның экологиялық менеджмент жүйесінің барлық элементтеріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге ұмтылады;
- ең озық қолжетімді технологияларды енгізу жолымен қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету есебінен экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- қоршаған ортаға теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін Қоғам қызметінің елеулі экологиялық әсерін анықтау, сондай-ақ оны азайту жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асыру;
- МС ИСО 14001 талаптарына сәйкес Қоғамның экологиялық менеджмент жүйесін қолдау және үздіксіз жетілдіру, оны өз қызметі саласындағы артықшылықтардың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастыра отырып;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етуді жүзеге асырады.

2021 жылы ДӨО инфрақұрылымын сервис ретінде ұсыну үшін «Транстелеком» АҚ инфрақұрылымын дамыту» жобалары шеңберінде ҚОӘБ жобалары әзірленді:

- Деректер орталығы бар кеңсе ғимараттары үшін сыртқы алаңнан тыс инженерлік желілерді салу.
- Қоғамның филиалдарында әзірленген ШРШ нормативтерінің жобасы.
- Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар, атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының лимиттері, 2021 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу жөніндегі декларациялар.

02.01.2021 жылғы Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің қолданысқа енгізілуіне байланысты Қоғамның филиалдары қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті органдарына тиісті объектілерді I, II, III және IV санаттарға жатқызу мақсатында өтініштер берді. Қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектінің санатын айқындау бойынша қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті органы берген шешімдерге сәйкес «Транстелеком» АҚ инфрақұрылымын дамыту сервис ретінде ДӨО инфрақұрылымын ұсыну үшін» жобасының шеңберінде объектінің IV санаты айқындалды.

2020-2021 жылдар кезеңінде нұсқамалық бақылаушы органдардан ескертулер түскен жоқ.

2021 жылы экологиялық заңнаманы сақтамағаны үшін салынған айыппұл санкциялары мен басқа да қаржылық емес санкциялар жоқ.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

Ескіргендердің орнына жаңа технологияларды енгізе отырып, Қоғам ресурс үнемдейтін және экологиялық технологияларды артық көреді. Қоғам энергетикалық талдау жүргізді. 2022-2021 жылдардағы базалық кезеңде энергетикалық ресурстарды пайдалану мен тұтынуды талдаудан энергияны елеулі тұтыну салалары айқындалды: электр энергиясы, жылу энергиясы, отын. Сонымен қатар бұл энергия түрлері энергетикалық нәтижелілікті жақсарту үшін әлеуетін ұсынады.

Филиалдардың энергетикалық жабдықтарының жұмысына жүргізілген талдау бойынша энергияны пайдалануға айтарлықтай әсер ететін жабдықтар анықталды: кондиционерлер, телекоммуникациялық жабдықтардың электрмен қоректендіру құрылғылары және ЦАТС, МС, ТОВЖ, өндірістік бөлім, ӨБҚ, филиалдардың шаруашылық қамтамасыз ету қызметі қызметкерлері. Ауа райы жағдайлары да энергияны айтарлықтай пайдалану режимдеріне жанама әсер етеді.

Энергетикалық тиімділіктің негізгі индикаторлары (энергетикалық нәтижелілік көрсеткіші) мынадай көрсеткіштер қабылданды: ТОВЖ және ТТСиСН жабдықтары үшін электр энергиясын тұтыну, жылу энергиясын тұтыну, ТОВЖ және ТТСиСН қызмет көрсету кезінде автокөлікпен бензин шығындары, ТОВЖ және ТТСиСН қызмет көрсету кезінде автокөлікпен дизель отынының шығындары.

2021 жылы «Транстелеком» АҚ бойынша ОЭР нақты тұтынуы

	Электр энергиясы	Жылу энергиясы	Бензин	Дизель отыны
	Электр энергиясының нақты шығыны (кВт·сағ)	Жылу энергиясының нақты шығыны (Гкал)	Автокөлік (жеңіл, жүк және өнеркәсіптік) үшін ЖЖМ шығыстары (л)	Автокөлік (жеңіл, жүк және өнеркәсіптік) үшін ЖЖМ шығыстары (л)
ТОВЖ	5 972 821,41	569,4779	414 480,728	88 998,59
ТТС және СН	8 952 315,53	3 881,6207	388 257,587	25 552,36
	14 925 136,94	4 451,0986	802 738,315	114 550,95


«Транстелеком» АҚ бойынша энергетикалық тиімділік индикаторлары 2020 жыл үшін

Индикаторлар	01. 2020	02. 2020	03. 2020	04. 2020	05. 2020	06. 2020	07. 2020	08. 2020	09. 2020	10. 2020	11. 2020	12. 2020	Орта
W ТОВЖ	36,55	36,23	31,95	31,65	30,49	31,64	36,51	32,32	35,17	29,39	32,14	33,1	33,10
W ТТСиСН	22,49	22,52	18,65	17,37	17,85	19,09	19,24	20,41	19,61	19,58	20,73	21,05	19,88
Q ж.ә.	0,04	0,04	0,03	0,01	0	0	0	0	0	0,02	0,03	0,04	0,02
V авто бенз.	4,92	4,99	5,74	5,34	5,24	5,12	5,36	5,08	5,3	5,6	5,49	6,2	5,37
V авто диз.	0,71	0,48	0,46	0,59	0,5	0,26	0,5	0,92	0,74	0,92	1	0,91	0,67

«Транстелеком» АҚ бойынша 2021 жылғы энергетикалық тиімділік индикаторлары

Индикаторлар	01. 2021	02. 2021	03. 2021	04. 2021	05. 2021	06. 2021	07. 2021	08. 2021	09. 2021	10. 2021	11. 2021	12. 2021	Орта
W ТОВЖ	40,15	39,65	36,53	36,05	36,51	39,21	38,6	40,75	37,66	33,67	35,13	36,68	37,55
W ТТСиСН	28,19	24,58	22,6	21,83	24,83	27,68	28,06	26,75	26,49	27,51	28,7	25,02	26,02
Q ж.ә.	0,04	0,04	0,03	0,02	0	0	0	0	0	0,02	0,03	0,03	0,02
V авто бенз.	4,96	5,6	4,68	4,98	5,15	5,68	4,86	4,76	5,22	4,89	5,59	5,39	5,15
V авто диз.	0,67	0,38	0,84	0,91	0,78	0,76	0,76	0,76	0,76	0,86	0,61	0,56	0,72


Электр энергиясының индикаторы W ТОБЖ



Кестеден 2021 жылы (37,55) 2020 жылға қарағанда **W ТОБЖ** индикаторының 1%-ға төмендеуіне (33,1) қол жеткізілмегені

байқалады, өйткені ТОБЖ электр энергиясын тұтыну 713 292 кВт-сағ-қа 5 259 529 кВт-сағ-тан 5 972 821 кВт-сағ-қа дейін ұлғайды.


Жылу энергиясының индикаторы Q жылу энергиясы



Жылу энергиясының Q индикаторы бойынша 2021 жылы (0,02) 2020 жылмен (0,17) салыстырғанда индикаторды 1%-

ға төмендетуге қол жеткізілген жоқ, өйткені жылу энергиясын тұтыну 91 Гкал-ға 4 360 Гкал-дан 4 451 Гкал-ға дейін артты.


ЖЖМ индикаторы V авто бензин



2021 жылы (5,15) 2020 жылға қарағанда **V авто бензин** индикаторының 1%-ға төмендеуіне (5,37) қол жеткізілді, өйткені бензинді тұтыну 860616,9 литрден 802738,3 литрге дейін 57879 литрге азайды (1,2-кестелер).

Жалпы көлемі 57 879 литрге бензин тұтынудың азаюы пандемияға байланысты шектеу іс-шараларына байланысты шығу санының азаюымен түсіндіріледі.

ЖЖМ индикаторы V авто дизель отыны



2021 жылы (0,72) 2020 жылға қарағанда **V авто дизель отыны** индикаторының 1%-ға төмендеуіне (0,67) қол жеткізілген жоқ, өйткені дизель отынын тұтыну 106 080,5 литрден 114 550,9 литрге (1,2 таблицасы) дейін 8470,4 литрге ұлғайды.

және сенімді байланысты қамтамасыз ету бойынша отпен жүргізілетін жұмыстар жүргізілді;
 + ТОБЖ трассасының қызмет көрсету аймағының ұлғаюы (ЖМК+250 жобасы), сондай-ақ Көкшетау, Петропавл қалаларында, Зеренді ауылында, Тайынша кентінде жобаларды қосымша іске асыру жүріс нормаларының артуына алып келді;
 + тұтынудың ұлғаюына сәуірден маусымға дейін және қыркүйектен қарашаға дейінгі кезеңдерде күзгі-көктемгі тексеріп-қарау үшін шығуларға байланысты жабдыққа тоқсан сайын жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізу әсер етеді.

Дизель отынын тұтынудың 8 470,4 литрге артуы келе-сідей түсіндіріледі:

- + Ақтау қаласынан 500 км қашықтықта орналасқан «Окарем-Бейнеу» учаскесінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Ақтау» МГМ филиалының «Окарем-Бейнеу» магистральдық газ құбыры бойынша үздіксіз

■ Нақты ■ Негізгі ■ Жоспарлы

2020-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК МОНИТОРИНГІ

ОЕР түрлері	Өлш.бірл.	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	айырмашылық (+/-) 2020/2021 жж.	ауытқу (%) 2020/2021 жж.
Электр энергиясы	кВт·ч	12 570 220	12 729 196	14 925 137	2 195 941	17,25
Жылу энергиясы	Гкал	4 428	4 360	4 451	91	2,08
Дизель отыны	тонн	130 523	106 081	114 551	8470	7,98
Бензин	тонн	852 520	860 617	802 738	-57 879	-7,21

Келесі үш жыл ішінде энергетикалық тиімділікті жақсарту әлеуеті энергияны базалық тұтынудың 3%-ынан аспайды.

Болашақта электр энергиясын тұтыну жаңа жобаларды іске асыруға, меншікке сатып алуға және жаңа жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға беруге байланысты ұлғаятын болады.

«Транстелеком» АҚ 2022 жылға арналған жоспарлары:

- «Globus» (Asia Gas Pipeline LLP) КФҚО соңғы мильден күту бойынша ТОВЖ салу, Алматы қ. әкімдігінің жергілікті желісін дамытуға ТОВЖ салу;
- Жетібай станциясындағы байланыс торабынан «Мұнайтелеком» ЖШС байланыс торабына дейін ТОВЖ салу, Ақтау-Транстелеком Бейнеу ауданының соңғы миль R2G үшін жабдық орнату, «Жергілікті желіні жаңғырту және дамыту» бизнес жоспарын орындау, 2022-2026 жылдарға арналған B2C сегменті бойынша тұрғын үй кешендерін интернет желісіне және теледидарға қосу, 2022 жылға арналған Ақтау қаласындағы «Жетібай ст. байланыс торабынан «Мұнайтелеком» ЖШС байланысына дейін ТОВЖ төсеу» инвестициялық жобасы бойынша;
- Атырау қ. Әбілхайыр хан даңғылы бойынша R2B клиенттерін қосу үшін кабельдік кәрізді «толық аяқтап» салу бойынша кешенді жұмыстар;
- Ақтөбестранстелеком филиалы Қарақия ауданының соңғы миль R2G үшін жабдық орнату, Ақтөбе қаласы бойынша метро желіні дамыту;
- Тараз қаласындағы 19 мектепке интернет желісіне қолжетімділік қызметін ұсыну;

- Балқаш қ. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-не дейін соңғы миль салу, абоненттерді Қарағанды-Транстелекомдағы Жаңаарқа кентінде интернет желісіне қол жеткізу қызметіне қосу.
- Зеренді ауылында талшықты-оптикалық байланыс желісін салу, Петропавл қаласында Көкшетау-Транстелеком филиалының желісін жаңғырту және дамыту, Көкшетау қаласы, Ғабдуллин көшесі бойынша интернет желісіне қолжетімділік қызметін ұсыну үшін ТОВЖ желісін салу;
- Қостанай-Транстелекомдағы Арқалық қаласында метрожелінің құрылысы, Қостанай, Береке шағын ауданында «Жетіқарателеком» ЖШС, GPON дилері үшін соңғы миль салу үшін жабдық орнату;
- Қызылорда қ. Назарбаев даңғылы бойында ТОВЖ құрылысы;
- Семей-Транстелеком Ақтоғай-Дегелең учаскесінде (50 станция) соңғы миль (30 мектеп) үшін жабдық орнату, SDH жабдығын (SDH жобасы бойынша) қосу;
- жаңа жабдықты орнатуды қамтитын FTTB, G-PON технологиялары бойынша қосылатын абоненттерді ұлғайту;
- ТТС және СН жаңа объектілерін пайдалануға енгізу (телекоммуникациялық жабдығы бар үй-жайлар);
- ТОВЖ магистральдық желісінің электр қоректендіру жабдығын жаңғырту, кондиционерлеудің жаңа жүйелерін орнату.

Осы жобалар бойынша алдын ала есептеулер бойынша телекоммуникациялық жабдықтың тұтынылатын қуаты жылына шамамен 3 350 000 кВт құрайтын болады.

АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАР ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

Телекоммуникация саласы басқа салалармен салыстырғанда қоршаған ортаға шамалы әсер етеді. Алайда, жаһандық және жергілікті экологиялық проблемалардың өсіп келе жатқан маңыздылығына байланысты «Транстелеком» АҚ өзінің алдына қоршаған ортаға тікелей және жанама әсерді барынша азайту арқылы өз қызметінен залалды өтеу үшін шараларды іске асыруды мақсат етіп қояды.

Экологиялық аспектіні басқару үшін компанияда экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылған, ол корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және


қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Қоғам ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкестікке сертифициталған және ЭМС-ті тұрақты жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізеді.

Өндірістік қызмет шеңберінде Қоғамның барлық кәсіпорындары тиісті рұқсаттар алады, сондай-ақ жыл сайынғы негізде қадағалау органдарына статистикалық ақпарат ұсынылады.

2021 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы саны **914,997** тоннаны құрады.

Газ тәрізді ластаушы заттардың шығарындылары 2021 жылғы филиалдар бөлінісінде

№	Филиалдар	Нақты көлемі, тонна	Қоршаған ортаға эмиссия үшін сома, теңге	
1	ОА	21,944	255 472,19	-52%
2	Астана ТТК	28,16	60 114	-47%
3	Алматы ТТК	125,261	301 171,5	30%
4	Ақтөбе ТТК	130,651	346 411,69	60%
5	Ақтау ТТК	64,317	179 870	72%
6	Атырау ТТК	57,469	405 489,59	99%
7	Жамбыл ТТК	70,164	166 832	24%
8	Қарағанды ТТК	102,085	296 217	6%
9	Қостанай ТТК	27,57	56 068,83	-22%
10	Көкшетау ТТК	68,011	140 003	16%
11	Қызылорда ТТК	42,662	151 251,59	25%
12	Өскемен ТТК	31,811	61 790	-13%
13	Павлодар ТТК	44,302	86 752	1%
14	Семей ТТК	39,5	76 537	-5%
15	Шымкент ТТК	61,09	121 488,95	38%
Жиыны		914,997	2 705 469,34	



■ 2021 ■ 2021 жылға дейін

2021 жылғы шығарындылар

№	Заттардың атауы	Тонна/жыл
1	Күкірт диоксиді	0,87
2	Уайт-спирит	0,36
3	Көміртек	0,33
4	Құрамында %-бен кремнийдің қос тотығы бар бейорганикалық шаң: 20-дан кем (доломит, цемент өндірісінің G680 шаңы – әктас, бор, тұқыл, шикізат қоспасы, айналатын пештердің шаңы, боксит)	0,01
5	Құрамында кремнийдің қостотығы бар бейорганикалық шаң %-бен: 70-20 (шамот, цемент, цемент өндірісінің шаңы – саз, сазды тақтатас, домна қожы, құм, клинкер, құл, кремнезем, қазақстандық кен орындарының көмір күлі)	8,13
6	Қорғасын және оның бейорганикалық қосылыстары (қорғасынға қайта есептегенде)	0
7	Фторлы газ тәрізді қосылыстар (фторға қайта есептегенде):	0
8	Этан қышқылы	0
9	Этанол	0,05
10	Көміртек оксиді	5,53
11	Формальдегид	0,07
12	Нашар еритін бейорганикалық фторидтер (алюминий фториді, кальций фториді, натрий гексафторалюминаты)	0
13	Ағаш шаңы	0,31
14	Бензапирен	0,29
15	Бутанол	0,03
16	Бутилацетат	0,06
17	Азот (II) оксиді	2,01
18	Азот (IV) диоксиді	3,14
19	C12-19 алкандары (көміртекке қайта есептегенде)	1,88
20	Марганец және оның қосындылары (марганец (IV) оксидіне қайта есептегенде)	0
21	Метилбензол	0,03
22	Қалайы оксиді (қалайыға қайта есептегенде)	0
23	Өлшенген заттар	0
24	Темір (II, III) оксидтері	0,28
25	Ксилол (о-, м-, п-изомерлерінің қоспасы)	0,08
26	Бензин (мұнай, аз күкіртті) (көміртекке қайта есептегенде)	0
27	Пропан-2-он	0,12
28	2-Этоксизтанол	0,01
29	Дисурия триоксиді (сурьмаға қайта есептегенде)	0
30	Диметилбензол (о-, м-, п – изомерлер қоспасы)	0,18
31	Хлорэтилен	0
32	Қалқымалы бөлшектер PM10 (1)	0
33	Күкірт сутегі (дигидросульфид)	0,44
34	Оксиран	0
35	Абразивті шаң	0
36	Хлорэтилен	0
37	Проп-2-ен-1-аль (акролеин)	0,07
	Барлығы	24,3

Қоғамның қызметі өсімдіктер мен жануарлар әлеміне теріс әсер етпейді. Қоғамның мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің немесе қорықтардың аумақтарында, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан объектілері жоқ.

РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ

Жылдан жылға Қоғам өзінің кеңселері мен филиалдарындағы ресурстарды, атап айтқанда су мен қағазды орынды жұмсау арқылы өз қызметінің табиғатқа әсерін төмендетуді жалғастыруда.

Қағаз шығынын азайту электрондық құжат айналымы жүйесі мен электрондық қызметтік жазбалардың арқасында жүзеге асырылады. Сонымен қатар, біз күнделікті жұмыста қағаздың орнына электронды құралдарды қолдануды қолдаймыз және барлық басып шығару және көшіру жабдықтарының әдепкі параметрлері үнемді режимде жұмыс істейді.

Қоғам қоғамдағы экологиялық мәдениетті адамдардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігінің негізі ретінде алға тартады. Қоғам табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыратын және табиғатты сақтауға, оны

зерттеу мен қалпына келтіруге бағытталған жергілікті қоғамдастықтар өкілдерінің экологиялық бастамаларын белсенді қолдайды. «Транстелеком» АҚ қызметкерлері аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру және тазалау бойынша жобаларға қатыса отырып, еріктілер ретінде жыл сайын мамыр айында сенбілік өтеді.

Қоғамның қызметі су жинауға айтарлықтай әсер етпейді, бірақ біз суды пайдалануды азайтуға ұмтыламыз.

Компанияның бөлімшелерін сумен жабдықтау үшін негізінен сумен жабдықтау ұйымдарының желілерінен су пайдаланылады. Су жинау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қорғауында болатын бастапқы екі көзден – жерасты суларынан (ұңғымалардан) және жер үсті суларынан (өзендерден, көлдерден, теңіздерден) жүргізіледі.

Компанияның бөлімшелері телекоммуникация қызметтерін ұсыну жөніндегі өндірістік процесте суды қайта қолдануды пайдаланбайды. «Транстелеком» АҚ суды тек санитарлық-тұрмыстық және шаруашылық қажеттіліктер үшін пайдаланады. Тұтынылатын суды есепке алудың орнатылған аспаптары техникалық түзетілген күйде ұсталады.

месяц	2020 жыл			2021 жыл		
	ҚҚС қоса алғандағы сома	сумен жабдықтау (м³)	су бұру (м³)	ҚҚС қоса алғандағы сома	сумен жабдықтау (м³)	су бұру (м³)
Қаңтар	53 101,42	119	119	10 312,31	23	23
Ақпан	64 333,36	143	143	32 667,31	73	73
Наурыз	740 74,25	166	166	–	–	–
Сәуір	–	–	–	155 459,68	348	348
Мамыр	35 698,44	80	80	55 303,05	116	116
Маусым	30 789,9	69	69	55 371,23	116	116
Шілде, Тамыз	206 482,67	460	460	55 303,05	116	116
				54 954,86	116	116
Қыркүйек	81 678,28	205	205	45 006,14	95	95
Қазан	89 926,48	201	201	51 638,56	109	109
Қараша	47 598,18	106	106	50 549,56	106	106
Желтоқсан	25 720,04	57	57	22 739,95	48	48
Жиыны	642 914,68	1606	1606	589 305,70	1 266	1 266



ҚОҒАМ БАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРІП ОТЫРАДЫ.

Қоғамның қызметі қалыптасатын негізгі корпоративтік құндылықтар оның қызметкерлерінің әдептілігі, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың жұмысының тиімділігі, өзара көмек, бір-біріне, мүдделі тұлғаларға және тұтастай қоғамға құрмет болып табылады.

```
CLASS TRANSTELECOM, {
  PUBLIC STATIC VOID MAIN(STRING[] ARGS) {
    SYSTEM.OUT.PRINTLN(«ANNUAL REPORT»);
    //2021
  }
}
```

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



- 2005
- 2006
- 2007
- 2008
- 2009
- 2010
- 2011
- 2012
- 2013
- 2014
- 2015
- 2016
- 2017
- 2018
- 2019
- 2020
- 2021 ✓

ҚОҒАМДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қоғам барлық акционерлердің тең құқықтарын қамтамасыз етеді және корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіріп отырады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы акционерлердің, инвесторлардың және менеджменттің мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, Қоғамның табысты дамуын қамтамасыз етуге арналған тиімді корпоративтік басқаруды құрады.

Қоғамда заң бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау және құпия қарау тетігі қолданылады. Жедел желі «Транстелеком» АҚ қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ ҚР заңнамасының нормаларын өзге де бұзу фактілері туралы құпия түрде мәлімдеуге мүмкіндік береді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2016 жылғы 04 тамыздағы шешімімен (№ 1 хаттама) бекітілген Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Қоғамдағы корпоративтік басқару акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және Қоғамның тиімді қызметіне, оның ішінде Қоғам активтерінің өсуіне және Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға септігін тигізеді.

Кодекстің негіз қалаушы қағидаттары:

- + акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- + Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;

- + Қоғамның дербес қызметінің қағидаты;
- + Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты;
- + заңдылық пен этика қағидаттары;
- + дивидендтік саясат тиімділігінің қағидаттары;
- + тиімді кадр саясатының қағидаттары;
- + қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- + корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- + жауапкершілік қағидаты.

Осылайша, Қоғам корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына толық сәйкес әрекет етеді, бұл акционерлерге менеджмент қызметін тиімді бақылау және мониторингілеу мүмкіндігін береді және инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал етеді.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 1, 4, 5-тармақшаларына сәйкес «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабының 19-тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 24-тармағының 26-тармақшасына сәйкес, жасалуы туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабына сәйкес Қоғамның үлестес тұлғалары, егер олар:

01. мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса
02. мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болса, қоғамның мәміле жасасуына мүдделі тұлғалары деп танылады.


Сонымен қатар есепті жылы Қоғаммен жасалуында мүдделілік бар үлестес тұлғалармен 62 мәміле жасалды.

Есепті кезеңде Қоғам ірі мәмілелер жасамады.

ҚОҒАМНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпоративтік басқару бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы және басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде маңызды критерийлердің бірі болып табылады. Сапалы және тиімді корпоративтік басқару ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылаудың сенімді жүйесін қамтамасыз етеді.

Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге және акционерлердің мүдделерін сақтауға елеулі көңіл бөледі.



АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары басқару органы болып табылады. Қоғамның Жарғысына және ҚР заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес акционерлердің қатысуы бірқатар маңызды корпоративтік шешімдерді қабылдау үшін талап етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі «Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережеде» баяндалған, онымен www.ttc.kz мекенжайы бойынша Қоғамның веб-сайтында танысуға болады.

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЕСЕБІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Директорлар кеңесі Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесі корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру мен дамытуда негізгі рөл атқарады, акционерлердің құқықтарын қорғауды және іске асыруды қамтамасыз етеді, атқарушы органның қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесін құру тәртібі, оның құзыреті, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Жарғыда және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған («Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2016 жылғы 4 тамыздағы шешімімен бекітілген, кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдан кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

2021 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2021 жылғы 28 маусымда өткізілді. 2021 жылы Акционерлердің жалпы жиналысының 4 отырысы өткізілді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Барлығы 2021 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 12 отырысы өткізілді, оның ішінде: 12 – күндізгі, 0 – сырттай дауыс беру түрінде.

- Директорлар кеңесінің мүшелері сыртқы және ішкі оқыту бағдарламаларына, семинарлар мен тренингтерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға және Қоғам бюджетінде көзделген қаражат есебінен біліктілікті арттырудың басқа да нысандарына қатыса отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі құзыретінің мәселелері және сабақтас мәселелер бойынша өз біліктілігін арттыруға міндетті.
- Директорлар кеңесінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруда анықталған қажеттілік негізінде Қоғамның Директорлар кеңесі тұтас алғанда Директорлар кеңесі мүшелерінің немесе оның жекелеген мүшелерінің біліктілігін Қоғам қаражаты есебінен арттыру туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттырудың жылдық жоспары бекітіледі.

2021 жылы Директорлар кеңесінде күндізгі отырыстар барысында 89 мәселе қаралды, оның ішінде 52 мәселе Директорлар кеңесі комитеттерінің қарауына алдын ала ұсынылды.

Директорлар кеңесінің құзыретіне мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

- қызметтің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау;
- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;
- атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы лауазымына тағайындау туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру, сондай-ақ Акционерлердің

жалпы жиналысына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

- Қоғамның даму жоспарын бекіту және оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;
- Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы саны мен құрылымын бекіту;
- Қоғам Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының уәждемелік карталарын және қызметтің негізгі көрсеткіштерінің паспорттарын бекіту;
- Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы мен атқарушы органдарының құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту.

Қоғамның Директорлар кеңесі 7 (жеті) директордан тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.


2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі 6 (алты) мүшеден: акционерлер тағайындайтын үш мүшеден, сондай-ақ үш тәуелсіз директордан тұрады:

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

№	Директорлар кеңесінің мүшесі	Сайланған күні	Мәртебесі
1	Өлиев Нұрәлі Рахатұлы	2016 жылғы 4 тамыз	Акционердің өкілі
2	Амрин Салмен Габдоллинович	2019 жылғы 15 қараша	Акционердің өкілі
3	Попухин Дмитрий Александрович	2020 жылғы 6 ақпан	Акционердің өкілі
4	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкерімұлы	2019 жылғы 15 қараша	Тәуелсіз директор
5	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	2016 жылғы 4 тамыз	Тәуелсіз директор
6	Өтемурали Берік Мұстайұлы	2020 жылғы 6 ақпан	Тәуелсіз директор



2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі 6 (алты) мүшеден: акционерлер тағайындайтын үш мүшеден.



2021 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2021 жылғы 12 желтоқсанда Директорлар кеңесінің құрамынан Надыров Жанболат Уракович өз бастама-сымен шықты.

Қоғам Директорлар кеңесінің құрамын мүшелер саны, құзыреттер деңгейі, акционерлер мүдделерінің білдірілуі бойынша оңтайлы және тәуелсіз директорлар үлесі бойынша теңгерімді деп санайды. Тәуелсіз директорлардың үлкен үлесі (43%) мәселелерді қарау кезінде объективтілікті қамтамасыз етеді, пайымдаулардың тәуелсіздігі Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттырады, сондай-ақ жалпы Қоғамды корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге ықпал етеді.

ДИРЕКТОРЛАР, БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің өз функцияларын тиімді жүзеге асыруында, әсіресе Қоғамның даму стратегиясын әзірлеуге байланысты, сондай-ақ акционерлердің мүдделерін қорғауға бағытталған мәселелерде маңызды рөл атқарады.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін –тәуелсіз директорларды сайлайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінде есепті жылдың соңында Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің үшеуі тәуелсіз болды – шешім қабылдау процесіне айтарлықтай әсер ету үшін жеткілікті мөлшер.

Директорлар кеңесінің комитеттері 100% тәуелсіз директорлардан тұрады.

Қоғамның тәуелсіз директорлары есепті кезеңде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында көзделген тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді:

- + «Транстелеком» АҚ үлестес тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда),
- + «Транстелеком» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

- + «Транстелеком» АҚ немесе «Транстелеком» АҚ үлестес тұлғалары ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес;
- + мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- + осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ;
- + «Транстелеком» АҚ аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспады.

Директорлар кеңесі туралы ережеде Қоғамның тәуелсіз директорлары да сәйкес келетін тәуелсіз директор лауазымына үміткерлерге қосымша талаптар белгіленген:

- + тәуелсіз директордың функционалдық міндеттеріне, Директорлар кеңесінің Комитеттеріне мүшелікке байланысты белгілі бір салаларда арнайы дағдыларға ие болу;
- + Қоғаммен операциялардың көлемі мен сипаты бойынша ұқсас ұйымға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратты иеленуге, оның ішінде: ұлттық және халықаралық нарықтардағы реттеушілік міндеттемелер, бәсекелес орта, корпоративтік қаржы, аудит және ішкі бақылау саласындағы ерекшеліктер, Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті комитетіне мүше болған кезде сараптамалық пікірді қамтамасыз ету үшін стратегия және/немесе тағайындау және/немесе сыйақы мәселелері бойынша түсінік көрсетуге тиіс;
- + іскерлік және/немесе салалық ортада мінсіз беделге/оң жетістіктерге ие болуы, жоғары этикалық нормаларды сақтауы тиіс. Кандидаттың өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері жоқ.
- + Директорлар кеңесінің жұмысына тек Директорлар кеңесінің отырыстары кезінде ғана емес, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерделеу үшін де қатысу үшін жеткілікті уақыты болуы тиіс.

Басқарма төрағасы үшін тәуелсіздікті іріктеу өлшемдері заңнамада және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделмеген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленеді және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде олардың функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтеледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуелсіздік ақы) өтеледі.

2021 жылы тәуелсіз директорларға барлық сыйақы 61 954 300,48 теңгені құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ, ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ, БАСҚАРМАНЫҢ, ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСШЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметін бағалау 2021 жылы жүргізілген жоқ.

Қоғам Басқармасының қызметін бағалау мақсатында Директорлар кеңесі 2021 жылғы 28 қыркүйекте (№ 7/2021 хаттама) «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлерінің қызметін бағалаудың және сыйақы төлеудің жаңа қағидаларын бекітті, олардың негізінде «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің 2021 жылға арналған ынталандыру карталары бекітілді. «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің іс жүзіндегі мәндері бар мотивациялық карталар 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша 2021 жылғы 28 қыркүйекте қаралды және бекітілді (№ 7/2021 хаттама).

Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен (№ 10/2017 хаттама) бекітілген «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидалары негізінде жүзеге асырылады. 2021 жылғы 12 наурызда (№ 2/2021 хаттама) «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2021 жылға арналған ҚТК уәждемелік картасы бекітілді, 2021 жылғы 27 мамырда (№ 4/2021 хаттама) 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының нақты мәндері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің уәждемелік картасы бекітілді.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесінің жауапкершілігінің негізгі салаларына кешенді талдау алу мақсатында жүргізіледі және Директорлар кеңесіне мынадай мүмкіндіктер береді:

- 01. Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің күшті және әлсіз жақтарын талдау және анықтау;
- 02. Директорлар кеңесінің жұмысына түзетулер енгізу;
- 03. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігін анықтау;
- 04. Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту, біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтау.

Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізудің негізгі қағидаттары:

- 01. жүйелілік (бағалауды тұрақты жүргізу);
- 02. кешенділік (Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Директорлар Кеңесі төрағасының және әрбір директордың жеке бағасы);
- 03. үздіксіз жақсарту (Директорлар кеңесі жұмысын жетілдіру, құндылығы мен үлесін арттыру);
- 04. шынайылық (нақты жағдайдың көрінісі, оны директор қалай қабылдайды);
- 05. құпиялылық (нәтижелер тек жалпыланған түрде беріледі).

Директорлар кеңесі бағалау жүргізе алады:

- 06. сауалнама жүргізу, сұхбат алу және т.б. арқылы өз күшімен;
- 07. корпоративтік басқару рейтингтерін беретін консультанттарды, кәсіби қауымдастықтарды және ұйымдарды тарта отырып;

01. аралас тәсілді қолдана отырып – процесті кеңесшілер үйлестірген кезде өз күштерімен.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАР САНЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ


Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Есепті жылы барлығы Компанияның Директорлар кеңесінің 11 (он бір) отырысы өткізілді, оның ішінде 11 – күндізгі нысанда, 0 – сырттай дауыс беру нысанында.

Директорлар кеңесінің көрсетілген отырыстары барысында 89 (сексен тоғыз) шешім қабылданды, оның ішінде 89 шешім – күндізгі отырыстар барысында, 0 м сырттай дауыс беру арқылы қабылданды.

Төменде Директорлар кеңесі отырыстарының статистикасын және оларда соңғы 3 жылда қаралған мәселелерді көрсетуге мүмкіндік беретін кесте берілген:

ДК ОТЫРЫСТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ


Кездесулер саны



Бетпе-бет



Сырттай



Сұрақтар саны



■ 2021 ■ 2020 ■ 2019

2021 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	ТАӨ	Отырыстарға қатысу көрсеткіші, тағайындалған күннен бастап	%	Есепті кезеңде Директорлар кеңесі құрамында болу кезеңі
1	Әлиев Нұрәлі Рахатұлы	11-ден 11	100	2021 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
2	Надыров Жанболат Орақұлы	10-нан 10	100	2021 жылғы 1 қаңтар – 12 желтоқсан
3	Амрин Салмен Габдоллинович	11-ден 8-і	73	2021 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
4	Попухалев Дмитрий Александрович	11-ден 9-ы	82	2021 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
5	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	11-ден 10	91	2021 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
6	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	11-ден 11	100	2021 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
7	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	11-ден 11	100	2021 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 2021 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің отырыстарында оның құзыретіне кіретін қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамаларында және шешімдерінде көрсетілген.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі келесі бағыттарды реттейтін бірқатар негізгі мәселелерді қарады:

ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:

- + «Транстелеком» АҚ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- + «Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына 2020 жылғы «Транстелеком» АҚ таза табысын бөлу тәртібі және «Транстелеком» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру туралы;
- + «Транстелеком» АҚ-ның 2022 жылға арналған бюджетін бекіту туралы;
- + ірі мәмілелерді және жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ:

- + «Транстелеком» АҚ 2019-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясының жаңа редакциясын бекіту туралы;
- + «Транстелеком» АҚ-ның 2020-2021 жылдарға арналған бюджетінің атқарылуын талдауды қарау.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ:

- + Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының жылдық және кезектен тыс отырыстарын өткізуге дайындық аясында шешімдер қабылданды;
- + «Транстелеком» АҚ Корпоративтік тергеу қызметін құру, Корпоративтік тергеу қызметі мен Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау туралы;
- + «Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарын бекіту туралы;
- + «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2020 жылғы жұмысы туралы есептерді мақұлдау;
- + «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- + «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі тапсырмаларының орындалуы туралы есептерді тыңдау.

ІШКІ АУДИТ:

- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған аудиторлық жоспарын бекіту;
- Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдайды.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДА:

- «Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына енгізілетін «Транстелеком» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» мәселені алдын ала қарау және мақұлдау туралы;
- «Транстелеком» АҚ Басқармасы туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы;
- «Транстелеком» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу рәсімдерін жетілдіру бойынша жүргізілетін жұмыс туралы ақпарат;
- «Транстелеком» АҚ инсайдерлік ақпаратқа билік ету мен пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын бекіту туралы;
- «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы төлеу қағидаларын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- тоқсан сайынғы негізде Қоғамның тәуекелдері бойынша есептер қаралды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚОҒАМҒА ҚАТЫСТЫ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІН ЕСЕПKE АЛУЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

Акционерлердің Қоғамға қатысты пікірлерін есепке алу үшін Директорлар кеңесінің құрамында тең мөлшерде Қоғамның екі акционерінің өкілдері ұсынылған.

Акционерлердің өкілдері Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір қалыптастырады және Директорлар кеңесінің отырысында осы позицияны білдіреді. Бұл факт Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында көрсетіледі және Директорлар кеңесінің басқа мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде ескеріледі. Акционерлер Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы акционерлердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді «Трансте-

леком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасауға құқылы.

Директорлар кеңесі акционерлер мүдделерінің өкілі болып табылады және акционерлерден келіп түсетін өтініштер мен шағымдарға, оларды өз отырыстарында қарай отырып, жедел ден қоюға тиіс.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің атына акционерлердің Қоғамға қатысты пікірлері түскен жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында «Транстелеком» АҚ-да Директорлар кеңесінің үш Комитеті жұмыс істейді, олар ең маңызды мәселелерді егжей-тегжейлі алдын ала қараумен және тиісті ұсынымдар дайындаумен айналысады:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес Комитеттердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 17 наурыздағы шешімімен (№ 2/2017 хаттама) бекітілген «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сон-

дай-ақ Комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. 2020 жылдың 27 сәуірінен бастап Қоғамның тәуелсіз директоры Өтемұрат Берік Аудит жөніндегі комитеттің

төрағасы болып сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

2021 жыл ішінде Қоғамда Аудит жөніндегі комитеттің келесі құрамы жұмыс істеді:

№	Т. А. Ө.	Лауазымы	Комитет мүшесі атанған күні:
1	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
2	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
3	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

Есепті кезеңде Аудит жөніндегі комитет 10 (он) күндізгі отырыс өткізді. Есепті кезеңде Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды. Аудит жөніндегі комитет

отырыстарының күн тәртібіне сәйкес 24 мәселе қаралды, қаралған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Т. А. Ө.	Отырыстардың барлығы, саны	Отырыстарға қатысу, саны	Отырыстарға қатысу (%)
1	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	10	10	100
2	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	10	10	100
3	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	10	10	100

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КАДРЛАР ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы шешіміне сәйкес құрылды.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 6/2016 хаттама шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Исекешев Ерлан Өрентайұлы сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі шешіміне (№ 3/2020 хаттама) сәйкес Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы анықталды:

№	Т.А.Ө.	Лауазымы	Комитет мүшесі атанған күні:
1	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
2	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
3	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

Есепті кезеңде Комитет 6 (алты) отырыс өткізді, барлық отырыстар күндізгі нысанда өткізілді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес Комитет 17 (он жеті) мәселені қарады, олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Есепті кезеңде Комитет құзыретіне кіретін Қоғам қызметінің барлық мәселелері қаралды.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Т. А. Ө.	Отырыстардың барлығы, саны	Отырыстарға қатысу, саны	Отырыстарға қатысу (%)
1	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	6	6	100
2	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	6	6	100
3	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	6	6	100

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Комитет өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі 2016 жылғы 31 тамызда бекіткен «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге (№ 6/2016 хаттама) сәйкес жүзеге асырады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Қанат Мұхаметкәрімұлы Досмұқаметов сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің келесі құрамы анықталды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 3/2020 хаттама шешімі):

№	Т. А. Ө.	Лауазымы	Сайланған күні
1	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
2	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
3	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы Комитеттің 5 (бес) күндізгі отырысы өткізілді, онда 11 (он бір) мәселе бойынша ұсынымдар қаралды және ұсынылды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Т. А. Ө.	Отырыстардың барлығы, саны	Отырыстарға қатысу, саны	Отырыстарға қатысу, %
1	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	3	3	100
2	Исекешев Ерлан Өрентайұлы	3	3	100
3	Өтемұрат Берік Мұстайұлы	3	3	100

2021 жылы Комитеттер Ережелерге, сондай-ақ 2021 жылға арналған Жұмыс жоспарларына сәйкес мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді толық көлемде орындады.

Комитеттердің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесі мен корпоративтік басқару жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты акционерлердің үмітіне жауап беретінін атап өткен жөн.

Комитеттер отырыстардың күн тәртібінің барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және егжей-тегжейлі ұсынымдар берді.

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ



**НҰРӘЛІ
РАХАТҰЛЫ
ӘЛИЕВ**

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің
Төрағасы

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ҚҰРАМЫНА БІРІНШІ САЙЛАНҒАН КҮНІ – 2016 ЖЫЛҒЫ
4 ТАМЫЗ.

ТУҒАН КҮНІ – 1985 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАР.

БІЛІМІ

- + **2001-2002 жж.** – Пеппердин университеті, Малибу, Калифорния штаты, АҚШ.
- + **2002-2003 жж.** – Халықаралық университет, Вена, Австрия.
- + **2003-2005 жж.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
- + **2006 ж.** – Техас университеті, McCOMBS Бизнес мектебі, АҚШ.
- + **2005-2006 жж.** – «ИМАДЕК» университеті, Вена, Австрия.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **2003-2004 жж.** – «SUCDEN ET DENREES SA» корпорациясы, Франция, Халықаралық сауда департаменті
- + **2004-2005 жж.** – «Қант орталығы» АҚ, халықаралық бөлім басшысы, халықаралық бөлім басшысының орынбасары.
- + **2005-2006 жж.** – «Қант орталығы» АҚ президенті.
- + **2007-2010 жж.** – «Нұрбанк» АҚ, Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары.
- + **2008-2013 жж.** – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі.
- + **2013-2014 жж.** – «Транстелеком» АҚ, президент.
- + **2014-2016 жж.** – Астана қаласының әкімдігі, Астана қаласы әкімінің орынбасары.



**ДМИТРИЙ
АЛЕКСАНДРОВИЧ
ПОКУПАТЕЛЕВ**

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің
мүшесі

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ҚҰРАМЫНА БІРІНШІ САЙЛАНҒАН КҮНІ – 2020 ЖЫЛҒЫ
6 АҚПАН.

ТУҒАН КҮНІ – 1984 ЖЫЛҒЫ 16 MAУCЫM.

БІЛІМІ

- + **2015 ж.** – Jan Amos Komensky University, Чехия, MBA, жалпы және стратегиялық менеджмент (ҚРҰБ жанындағы АӨҚО Академиясымен ынтымақтастық шеңберінде).
- + **2006 ж.** – Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіподақтар университеті, Санкт-Петербург.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **2006-2009 жж.** – «Казкоммерцбанк» АҚ, шағын және орта бизнестің 1-санаттағы менеджері.
- + **2009-2010 жж.** – «Казкоммерцбанк» АҚ, аудитор.
- + **2010-2011 жж.** – «Темірбанк» АҚ, Кредиттік тәуекелдер басқармасы бастығының орынбасары, бас тәуекел-менеджер.
- + **2011-2012 жж.** – «Темірбанк» АҚ, Кредиттік тәуекелдердің әдіснамасы және талдау басқармасының бас тәуекел-менеджері.
- + **2012-2014 жж.** – «Темірбанк» АҚ, Проблемалық кредиттермен жұмыс жүргізу департаменті Әдіснама және талдау басқармасының бастығы.
- + **2014-2015 жж.** – «Сбербанк России» АҚ ЕБ, Проблемалық активтермен жұмыс жөніндегі басқарманың талдау, әдістеме және есептілік бөлімшесінің бастығы.
- + **2015-2017 жж.** – «Food Invest Group» бас директорының орынбасары.
- + **2017 – қазіргі уақытқа дейін** – «Sigma Advisors» ЖШС, Басқарушы директор, Дью дилидженс тобы.



**КАНАТ
МУХАМЕТКӘЙІМҰЛЫ
ДОСМУҚАМЕТОВ**

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ҚҰРАМЫНА БІРІНШІ САЙЛАНҒАН КҮНІ – 2016 ЖЫЛҒЫ
4 ТАМЫЗ.


ТУҒАН КҮНІ – 1973 ЖЫЛҒЫ 22 ЖЕЛТОҚСАН.

БІЛІМІ

- + **1994 ж.** – Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, экономика ғылымдарының кандидаты.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **2000-2003 жж.** – ҚР Ұлттық Банкі (Астана қ.), ҚР Ұлттық Банкінің Үйлестіру басқармасының бастығы; ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық қадағалау департаменті директорының орынбасары
- + **2004-2006 жж.** – Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу агенттігі төрағасының орынбасары.
- + **2006-2007 жж.** – «SAFC» инвестициялық компаниясы, басқарушы директор.
- + **2007 – ж.** – «ҚазАгро» ұлттық холдингі» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары.
- + **2007-2009 жж.** – «Delta Bank» АҚ, Басқарма төрағасы.
- + **2009 ж.** – «Deloitte TCF» ЖШС, Басқарушы директор
- + **2009-2012 жж.** – ҚР Қаржы министрлігі, Қазынашылық комитетінің төрағасы.
- + **2012 ж.** – «Самұрық-Қазына» АҚ, Басқарушы директор.
- + **2012-2015 жж.** – Еуразиялық даму банкі, Басқарма төрағасының орынбасары.
- + **2015 ж.** – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары.
- + **2016 ж.** – «Полиметалл Евразия» ЖШС Бас директоры



**ЕРЛАН
ӨРЕНТАЙҰЛЫ
ИСКЕШЕВ**

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ҚҰРАМЫНА БІРІНШІ САЙЛАНҒАН КҮНІ – 2016 ЖЫЛҒЫ
4 ТАМЫЗ.

ТУҒАН КҮНІ – 1968 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІ.

БІЛІМІ

- + **1992 ж.** – Алматы энергетикалық институты.
- + **2003 ж.** – «Тұран» университеті.
- + **2010 ж.** – «HEC» француз бизнес мектебі, Париж қ.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **2000-2002 жж.** – «Астанаэнергосервис» ЖШС, директордың орынбасары.
- + **2002-2005 жж.** – «Қарағанды Жылу» ЖШС, коммерциялық директор.
- + **2005 ж.** – «Қарағанды Жарық» ЖШС, бас директор.
- + **2005-2007 жж.** – «Қарағанды Жылу» ЖШС, Бас директор.
- + **2007-2008 жж.** – Қарағанды облысының әкімдігі, әкімнің коммуналдық мәселелер жөніндегі орынбасары.
- + **2008 ж.** – «KazynaCapitalManagement» АҚ – «Ithmaar Kazyna CIS Regional Energy Fund» энергетика саласындағы Инвестициялық қорды құру және дамыту мәселелері жөніндегі Басқарма төрағасының кеңесшісі.
- + **2009-2011 жж.** – «Falah Partners» инвестициялық қоры, басқарушы серіктес.
- + **2009-2012 жж.** – «Самұрық-Энерго» АҚ, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.
- + **2011 ж. – қазіргі уақытқа дейін** – «ISS Corporation» ЖШС, көпсалалы холдингтік компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы.



**БЕРІК
ӨТЕМҰРАТ
МҰСТАЙҰЛЫ**

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ҚҰРАМЫНА БІРІНШІ САЙЛАНҒАН КҮНІ – 2020 ЖЫЛҒЫ
6 АҚПАН.

ТУҒАН КҮНІ – 1980 ЖЫЛҒЫ 26 НАУРЫЗ.

БІЛІМІ

- + **2003 ж.** – КИМЕР университеті (бұрынғы – КИМЭП).
- + **2013 ж.** – Лондон бизнес мектебі (London Business School), Лондон қ., Ұлыбритания.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **2003-2004 жж.** – ERNST & YOUNG, аудит жөніндегі аға қызметкер.
- + **2004-2007 жж.** – PARAGON DEVELOPMENT, қаржы директоры.
- + **2007-2008 жж.** – «Қазына» тұрақты даму қоры, Корпоративтік қаржы департаментінің директоры, бас менеджер.
- + **2008-2009 жж.** – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Корпоративтік қаржы департаментінің директоры.
- + **2009-2010 жж.** – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі
- + **2010-2011 жж.** – «БТА Банкі» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.
- + **2012-2013 жж.** – Қазақстан Республикасының Үкіметі, Премьер-Министр орынбасарының кеңесшісі (штаттан тыс).
- + **2013-2014 жж.** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының кеңесшісі.
- + **2014-2016 жж.** – Ұлттық инвестициялық корпорациясы, Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.
- + **2017 – қазіргі уақытқа дейін** – ND CAPITAL, басқарушы серіктес.



**ДК МҮШЕЛЕРІНІҢ
ОРТАША
ЖАСЫ**

- 4** 35-тен 45-ке дейін
- 3** 45-тен 55-ке дейін

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Корпоративтік хатшы институты **Қоғам акционерлері, Директорлар кеңесі және атқарушы орган арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қолдауға арналған. Осы өзара іс-қимыл аясында корпоративтік хатшының қызметі меншік иелерінің мүдделері үшін Қоғамның дамуын басқарудың тиімділігін арттыруға, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға, оны капиталдандырудың өсуіне және бизнестің кірістілігін арттыруға бағытталған. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.**

Корпоративтік хатшы туралы ереже Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 17 қарашадағы шешімімен бекітілген (№9/2016 хаттама). Ережеге сәйкес корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің не Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері болып табылады, оны Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері:

- 01.** Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының ҚР корпоративтік басқару саласындағы заңнамасын, листинг қағидаларын (бағалы қағаздар қор биржасында айналыста болған кезде), Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын сақтауын, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы саясат пен практиканы жетілдіруді қамтамасыз ету.
- 02.** Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету.
- 03.** ҚР заңнамасының, Жарғының және Қоғамның өзге ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдер қабылдауын қамтамасыз ету.
- 04.** Қоғам туралы маңызды ақпаратты сақтауды, ашуды және ұсынуды, сондай-ақ ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қолдауды қамтамасыз ету.
- 05.** Қоғам органдары арасында, оның ішінде Қоғам мен Акционерлердің жалпы жиналысы арасында нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

БАСҚАРМА

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ МЕН МҮШЕЛЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ, ОЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басқарма міндеттерді орындау және стратегияны іске асыру мақсатында акционерлік қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма мүшелері Қоғам Басқармасы туралы ережеге сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүдделерін қорғауға және шешімдерін орындауға міндетті. Басқарма туралы ережеге, Қоғамның Жарғысына және ҚР заңнамасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін тағайындауды және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды жүзеге асырады, сондай-ақ сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімі анықталады. Басқарма мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адам болуға тиіс.

Қоғам мен Басқарма мүшелері арасында еңбек шарттары (егер Басқарма мүшесі Қоғамның қызметкері болып табылған жағдайда еңбек шартына қосымша келісімдер) жасалды, олар Басқарма Төрағасы мен мүшелерін материалдық көтермелеудің Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша мақсаттарға қол жеткізуге тікелей тәуелділігін көздейді.

Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері ҚР заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ еңбек шартымен белгіленген. Басқарма мүшелері, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары сияқты Қоғам мен акционерлер алдында Басқарма қабылдаған шешімдердің уақтылы және сапалы орындалуы үшін, сондай-ақ заңнамада белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу нәтижесінде келтірілген Қоғам шығындары үшін жауапты болады.

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен (№ 10/2020 хаттама) Қоғам Басқармасының құрамы 8 (сегіз) адам болып белгіленді және Қоғам Басқармасының өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болып белгіленді.

Адайбеков Елнар Русланұлы	Қоғамның Басқарма төрағасы
Минавар Ерлан Ерікұлы	Қоғам Басқарма төрағасының стратегиялық дамыту және инновациялар жөніндегі орынбасары
Барменқұлов Кеңес Таңатарұлы	Қоғам Басқарма төрағасының ұйымдық дамыту жөніндегі орынбасары
Дөненбай Ғазиз Болатұлы	Қоғам Басқарма төрағасының корпоративтік бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары
Қасымов Кәрім Досмұхамбетұлы	Қоғам Басқарма төрағасының бизнесті мемлекеттік секторда дамыту жөніндегі орынбасары
Ахметов Мұрат Сайлаубекұлы	Қоғам Басқарма төрағасының операциялық қызметтер жөніндегі орынбасары
Қожасбаев Данияр Жеңісұлы	Қоғам Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Баймырзаұлы Асқар	Қоғам Басқарма төрағасының өкімшілік және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК ТІЗІМІ



**ЕЛНАР
РУСЛАНҰЛЫ
АДАЙБЕКОВ**

«Транстелеком» АҚ
Басқарма төрағасы

ТУҒАН КҮНІ – 1986 ЖЫЛҒЫ 18 АҚПАН

БІЛІМІ

- + Kings College London, University of London, Лондон қ., Ұлыбритания BSc Computer Science мамандығы бойынша.

ҚЫЗМЕТ ТӘЖІРИБЕСІ

- + **Еңбек жолын 2008 жылы «Нұрбанк» АҚ-да Инвестициялық банкинг басқармасының жобалау менеджері болып бастаған.**
- + **2009 жылғы мамырдан бастап** «Нұр-Траст» АҚ-да Тәуекелдер бөлімінің бастығы болып тағайындалды.
- + **2010 жылдан бастап** Бухарест қаласындағы The Rompetrol Group компаниясында Тәуекел менеджері болып жұмыс істейді.
- + **2012 жылдан 2015 жылға дейін** Rompetrol Gas SRL бас директорының орынбасары қызметін атқарды.
- + **2015 жылдан бастап** «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, «Транстелеком» АҚ Корпоративтік басқару және құқықтық мәселелер жөніндегі вице-президент лауазымына сайланды.
- + **2017 жылғы 20 қаңтардан бастап** Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Даму және құқықтық мәселелер жөніндегі вице-президент – Қоғам Басқармасының мүшесі болып сайланды.
- + **2019 жылғы 1 шілдеден бастап** Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Басқарма Төрағасының ұйымдық дамыту жөніндегі орынбасары – Қоғам Басқармасының мүшесі болып сайланды.
- + **2020 жылдың 15 маусымынан бастап** Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғамның Басқарма төрағасы болып сайланды.
- + **2020 жылғы 10 желтоқсанныан бастап** Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғамның Басқарма төрағасы болып қайта сайланды.



**ЕРЛАН
МИНАВАР
ЕРІҚҰЛЫ**

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының стратегиялық дамыту және инновациялар жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

ТУҒАН КҮНІ – 1985 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАН.

БІЛІМІ

- + **2003-2006 жж.** – Карнеги Меллон университеті, Питтсбург, АҚШ, шешім қабылдау ғылымы және ұтымды таңдау мамандығы бойынша, ақпараттық жүйелер саласындағы бакалавр.
- + **2016-2017 жж.** – INSEAD Сингапур, Франция, бизнес-әкімшілендіру магистрі.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **Еңбек жолын 2007 жылы CIBC World Markets / Oppenheimer & Co (АҚШ) компаниясында бірігу және қосып алу талдаушысы (M&A, Инвестициялық Банк) болып бастаған.**
- + **2009 жылдан 2013 жылға дейін** Caspian Engineering & Research қаржы директоры (Қазақстан).
- + **2010 жылдан 2011 жылға дейін** «Белкамит» ЖШС қаржы директоры (Қазақстан).
- + **2013 жылдан 2015 жылға дейін** Frontier Mining (Қазақстан/Англия) атқарушы директоры.
- + **2017 жылдан 2019 жылға дейін** Billboard Video Singapore (Қазақстан/Сингапур) Басқарушы директоры / Product Manager / Scrum Master.
- + **2019 жылдан бастап 2020 жылдың маусымына дейін** Capital Holding Бас директоры болды.
- + **2020 жылғы 15 маусымнан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының даму және инновациялар жөніндегі орынбасары – «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесі («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 маусымдағы шешімі (№4/2020 хаттама)).
- + **2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап** Басқарма төрағасының стратегиялық дамыту және инновациялар жөніндегі орынбасары.
- + **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап** Басқарма төрағасының стратегиялық дамыту және инновациялар жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі болып қайта сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі (№11/2020 хаттама)).



**МҰРАТ
САИЛЯУБЕКҰЛЫ
АХМЕТОВ**

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

ТУҒАН КҮНІ – 1983 ЖЫЛҒЫ 22 ТАМЫЗ.

БІЛІМІ

- + **2005 жыл** – М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, автоматика, телемеханика және байланыс мамандығы бойынша.
- + **2011 жыл** – М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, халықаралық теміржол көлігіндегі өзара әрекеттесу, сертификаттау және қауіпсіздік мамандығы бойынша.
- + **2011 жыл** – СНАМ университеті (Франция), халықаралық теміржол көлігіндегі өзара әрекеттесу, сертификаттау және қауіпсіздік мамандығы бойынша.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **2016 жылдың шілде айынан бастап** «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ «Ақпараттық технологиялар дирекциясы» филиалында директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары.
- + **2017 жылғы ақпаннан бастап** «Транстелеком» АҚ-да АТ қолдау және дамыту жөніндегі атқарушы директор.
- + **2017 жылғы желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ-да АТ пайдалану жөніндегі атқарушы директор.
- + **2018 жылғы шілдеден бастап** «Транстелеком» АҚ-да АТ және инновациялар жөніндегі вице-президенттің м.а.
- + **2018 жылғы қыркүйектен бастап** «Транстелеком» АҚ-да АТ және инновациялар жөніндегі вице-президенті.
- + **2019 жылғы 4 ақпаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 4 ақпандағы шешіміне сәйкес (№1/2019 хаттама) «Транстелеком» АҚ-да АТ және инновациялар жөніндегі вице-президент лауазымына – Басқарма мүшесі болып сайланды.
- + **2019 жылғы 1 шілдеден бастап** Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Басқарма төрағасының инфрақұрылымды пайдалану жөніндегі орынбасары – Қоғам Басқармасының мүшесі болып сайланды.
- + **2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап** Басқарма төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары.
- + **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап** Басқарма төрағасының операциялық қызметтер жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі болып қайта сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі (№11/2020 хаттама)).



**АСКАР
БАЙМЫРЗАҰЛЫ**

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының әкімшілік және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

ТУҒАН КҮНІ – 1985 ЖЫЛҒЫ 9 ҚАҢТАР.

БІЛІМІ

- + **2006 жыл** – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., құқықтану мамандығы бойынша
- + **2008 жыл** – Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., құқықтану магистратурасы.
- + **2010 жыл** – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Алматы қ.
- + **2019 жыл** – Executive MBA, Назарбаев Университет Жоғары бизнес мектебі

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **2016 жылғы шілдеден бастап** «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаменті және Сот-наразылық жұмысы департаменті тобының жетекшісі.
- + **2018 жылғы желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры.
- + **2019 жылғы 4 ақпаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 4 ақпандағы шешіміне сәйкес (№1/2019 хаттама) «Транстелеком» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры – Басқарма мүшесі болып сайланды.
- + **2019 жылғы 1 шілдеден бастап** Қоғамның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директор – Қоғам Басқармасының мүшесі болып сайланды.
- + **2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап** Басқарма төрағасының әкімшілік және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары.
- + **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап** Басқарма төрағасының әкімшілік және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі болып қайта сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі (№11/2020 хаттама)).



**КӘРІМ
ДОСМҰХАМБЕТҰЛЫ
ҚАСЫМОВ**

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының бизнесті мемлекеттік секторда дамыту жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

ТУҒАН КҮНІ – 1985 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАҢТАР.

БІЛІМІ

- + **2007 жыл** – Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, экономика мамандығы бойынша.
- + **2019 жыл** – М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, радиотехника электроника және телекоммуникация мамандығы бойынша.
- + **2020 жыл** – Executive MBA, Назарбаев Университет Жоғары бизнес мектебі.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **Еңбек жолын 2006 жылдың қыркүйегінен «Арман-Мұнай» ЖШС директорының орынбасары болып бастады.**
- + **2006 жылдың қараша айынан бастап** «Компания Алас ЛТД» ЖШС директорының орынбасары.
- + **2009 жылдың маусымынан бастап** «Алматы Мегатау» ЖШС директоры.
- + **2013 жылдың шілде айынан бастап** «KTZ Express» АҚ Сату департаментінің бас менеджері
- + **2013 жылдың желтоқсан айынан бастап** «KTZ Express» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы.
- + **2017 жылдың наурыз айынан бастап** «Транстелеком» АҚ «Сатып алу және қамтамасыз ету» бағытының басшысы.
- + **2017 жылғы желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ жобалар жөніндегі атқарушы директоры.
- + **2019 жылғы шілдеден бастап** «Транстелеком» АҚ Бизнесті дамыту жөніндегі (B2G) атқарушы директоры.
- + **2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының бизнесті мемлекеттік секторда дамыту жөніндегі орынбасары.
- + **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының бизнесті мемлекеттік секторда дамыту жөніндегі орынбасары – «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі (№11/2020 хаттама)).



**ДАНИЯР
ЖЕҢІСҰЛЫ
ҚОЖАСБАЕВ**

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

- + **2020 жылғы 10 тамыздан бастап** «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Басқарма төрағасының экономика және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары – «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.
- + **2020 жылғы 1 желтоқсаннан бастап** – «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.
- + **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесі болып қайта сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі (№11/2020 хаттама)).

ТУҒАН КҮНІ – 1983 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАҢТАР.

БІЛІМІ

- + **2003 жылы** – Алматы экономикалық университеті, Қаржы менеджменті мамандығы бойынша.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **Еңбек жолын 2007 жылы Hewlett Packard Kazakhstan-да Орталық Азия және Кавказ (B2B) өңіріндегі ең ірі клиенттерге сервистер мен қызметтерді сату бойынша өкіл болып бастады.**
- + **2008 жылдан бастап** TOYOTA TSUSHO-да (Toyota Group халықаралық сауда құрылымы) сату жөніндегі (индустриялық жабдықтар және құрылыс техникасы) директор қызметін атқарды.
- + **2010 жылдан бастап** Boart Longyear (Mining & Metals саласындағы халықаралық компания) компаниясының қазақстандық кеңсесінің (Country manager) басшысы.
- + **2013 жылдан бастап** «Казкоммерцбанк» АҚ-да жер қойнауын пайдаланушылармен жұмыс басқармасының бастығы, Корпоративтік кредиттеу департаменті.
- + **2015 жылдан бастап** «Казкоммерцбанк» АҚ-дағы №2 корпоративтік кредиттеу департаментінің директоры.
- + **2016 жылдан бастап** «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ Корпоративтік даму орталығының басқарушы директоры.
- + **2017 жылдан бастап** Атқарушы директор, «Fortebank» АҚ Корпоративтік бизнес бағытының (департаментінің) басшысы.
- + **2018 жылдан бастап** «Fortebank» АҚ-да атқарушы директор, ШОБ және КБ бағытының басшысы.
- + **2019 жылдан бастап** «First Heartland Jysan Bank» АҚ (бұрын «Цеснабанк» АҚ) Басқарма төрағасының орынбасары.
- + **2020 жылдың ақпанынан 2020 жылдың шілдесіне дейін** «Tigin Industry» ЖШС қаржы директоры.
- + **2020 жылғы шілдеден бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының экономика және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары.



**КЕНЕС
ТАНАТАРҰЛЫ
БАРМЕНҚҰЛОВ**

«Транстелеком» АҚ төрағасының ұйымдық дамыту жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

ТУҒАН КҮНІ – 1981 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАРАША.

БІЛІМІ

- + **1999-2003 жж.** – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, халықаралық экономикалық қатынастар.
- + **2010 жыл** – Telecoms MINI MBA, Лондон, Ұлыбритания.
- + **2015-2016 жж.** – Назарбаев Университетінің Бизнес Мектебі, EMBA.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **Еңбек жолын 2003 жылдың желтоқсан айында «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік сату дирекциясында экономист болып бастаған.**
- + **2005 жылдың қазан айынан бастап** «Uni Commerce Ltd» ЖШС филиалының, «TeaLand» филиалының және «RG Brands Kazakhstan» ЖШС «ASF» филиалының қаржы менеджері.
- + **2008 жылдың мамыр айынан бастап** «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Коммуникациялық активтер дирекциясының аға сарапшысы.
- + **2015 жылғы наурыздан бастап** «Транстелеком» АҚ Корпоративтік даму жөніндегі атқарушы директоры.
- + **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының ұйымдық дамыту жөніндегі орынбасары – «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесі болып қайта сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі (№11/2020 хаттама)).



**ФАЗИЗ
ДЗЕНЕНБАЙ
БОЛАТҰЛЫ**

«Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының стратегиялық жобаларды дамыту жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі

- + **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының Корпоративтік бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары – «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімі (№11/2020 хаттама)).
- + **2021 жылғы 12 наурыздан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының Стратегиялық жобаларды дамыту жөніндегі орынбасары – «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды («Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 12 наурыздағы шешімі (№2/2021 хаттама)).

ТУҒАН КҮНІ – 1986 ЖЫЛҒЫ 24 САУИР

БІЛІМІ

- + **2011 жыл** – Asia Pacific University, Kuala Lumpur, Malaysia, BSc (Hons) in Business Information Technology.
- + **2012 жыл** – Asia Pacific University, Kuala Lumpur, Malaysia, Master of Business Administration, Postgraduate program of Staffordshire University, UK.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ

- + **Еңбек жолын 2011 жылдың наурыз айынан Алдияр Б. ЖШС-де бизнес-талдаушы болып бастады.**
- + **2013 жылдың мамыр айынан бастап** «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Ақпараттық технологиялар дирекциясы жобалық менеджмент Басқармасы бизнес-талдау бөлімінің бас маманы.
- + **2014 жылдың наурыз айынан бастап** ҚТЖ ҰК АҚ филиалы-Ақпараттық технологиялар дирекциясы жобалық портфельді талдау бөлімінің сарапшысы.
- + **2014 жылдың қыркүйек айынан бастап** «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы-Ақпараттық технологиялар дирекциясы жобалық менеджмент бөлімінің бастығы.
- + **2015 жылдың шілде айынан бастап** «Транстелеком АҚ филиалы-Ақпараттық коммуникациялық технологиялар дирекциясы АТ инфрақұрылымын енгізу және сүйемелдеу» ПГ инфрақұрылымы бойынша техникалық сарапшы.
- + **2016 жылдың шілде айынан бастап** Транстелеком АҚ филиалының аппараттық-бағдарламалық жүйелер жөніндегі жобалау менеджері-Инфотелекоммуникациялық технологиялар дирекциясы
- + **2017 жылғы ақпаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Жобаларды басқару жөніндегі атқарушы директоры.
- + **2017 жылғы желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ жобалар жөніндегі атқарушы директоры.
- + **2019 жылғы шілдеден бастап** «Транстелеком» АҚ Корпоративтік бизнесті дамыту (B2B) жөніндегі атқарушы директоры.
- + **2020 жылғы желтоқсаннан бастап** «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының Корпоративтік бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары.

**2021 ЖЫЛДАҒЫ ҚОҒАМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ОТЫРЫСТАРЫ**

Қоғам Басқармасының қызметі Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Басқарма туралы ережемен айқындалады. 2021 жылы Басқарманың 42 (қырық екі) отырысы өткізілді, онда Қоғамның Жарғысымен атқарушы органның құзыретіне жатқызылған 193 (жүз тоқсан үш) мәселе бойынша шешімдер қаралды және қабылданды. Басқарма өз қызметін Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырды.

Басқарма отырысында қаралған негізгі мәселелер мыналар:

01. ОА МЕН ФИЛИАЛДАРДЫҢ ШТАТ КЕСТЕСІН БЕКІТУ (өзгерістер мен толықтырулар енгізу);

02. ІШКІ ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУ:

- + «Транстелеком» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 06 тамыздағы шешімімен (№23/2020 хаттама) бекітілген «Транстелеком» АҚ Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы саясатына өзгерістер.
- + Экологиялық саясат жаңа редакцияда.
- + «Транстелеком» АҚ тәртіптік комиссиясы туралы ереже жаңа редакцияда және «Транстелеком» АҚ орталық аппараты мен филиалының тәртіптік комиссиясының құрамы.
- + Жаңа редакциядағы «Транстелеком» акционерлік қоғамының негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін түгендеу және есептен шығару/қалпына келтіру жөніндегі жұмыс комиссиясы туралы ереже;
- + жаңа редакциядағы «Транстелеком» акционерлік қоғамының негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін түгендеу және есептен шығару/қалпына келтіру жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамы;
- + «Транстелеком» АҚ негізгі құралдарын және материалдық емес активтерін есептен шығару/қалпына келтіру жөніндегі комиссия туралы ереже;

- + «Транстелеком» АҚ негізгі құралдарын және материалдық емес активтерін есептен шығару/қалпына келтіру комиссиясының құрамы;
- + «Транстелеком» АҚ Тарифтік-азық-түлік комитеті туралы ереже жаңа редакцияда;
- + Тарифтік-азық-түлік комитетінің жаңа редакциядағы құрамы;
- + «Транстелеком» АҚ-ның B2B, B2C, B2R, B2O, B2G сегменттері бойынша, теміржол саласында бизнесті жаңа редакцияда дамыту жөніндегі функционалдық стратегиялары;
- + «Транстелеком» АҚ Жобалау комитеті туралы ереже жаңа редакцияда;
- + «Транстелеком» АҚ Жобалау комитетінің құрамы;
- + «Транстелеком» АҚ Орталық аппаратының әлеуметтік және тұрғын үй мәселелері жөніндегі комиссиясының құрамы;
- + «Транстелеком» АҚ Бюджеттік-инвестициялық комитеті туралы ереже;
- + «Транстелеком» АҚ Бюджеттік-инвестициялық комитетінің құрамы;
- + «Транстелеком» АҚ-дағы азаматтық қорғаныс штабтары туралы ереже жаңа редакцияда;
- + «Транстелеком» акционерлік қоғамының объектілеріндегі объектішілік режим қағидалары;
- + «Транстелеком» АҚ-ның 2021 жылға арналған түзетілген бюджеті;
- + IT-қызметтерінің менеджменті саясаты;
- + IT-қызметтердің қолжетімділігін басқару саясаты;
- + Ақпараттық технологиялар өзгерістерін басқару саясаты;
- + IT-қызметтердің үздіксіздігін басқару саясаты;
- + Релиздерді және пайдалануға енгізуді басқару саясаты;
- + «Транстелеком» акционерлік қоғамының әлеуметтік және тұрғын үй мәселелері жөніндегі комиссиялары туралы ереже жаңа редакцияда;

- «Транстелеком» акционерлік қоғамының аттестаттау комиссиясы туралы ереже;
- «Транстелеком» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған технологиялық даму тұжырымдамасы;
- «Транстелеком» АҚ ақпараттық қауіпсіздігінің 2022-2024 жылдарға арналған стратегиясы;
- 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ Басқармасының құрамына кірмейтін орталық аппараттың басшы қызметкерлерінің нақты мәні бар уәждеу карталары;
- «Транстелеком» АҚ Басқарма құрамына кірмейтін орталық аппараттың басшы қызметкерлері үшін 2021 жылға арналған ынталандыру карталары.

03. САТЫП АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША:

- «Транстелеком» акционерлік қоғамының тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу саясаты;
- «Транстелеком» акционерлік қоғамының сатып алу қызметін басқару қағидалары;
- «Транстелеком» АҚ білікті жеткізушілер пулына енгізілген жеткізушілерден тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу қағидалары;
- «Транстелеком» АҚ сатып алу жөніндегі комитеті туралы ереже;
- «Транстелеком» АҚ сатып алу комитетінің құрамы.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, «ҚТЖ» ҰК» акционерлік қоғамының басшы және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу және қызметін бағалаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген Қоғамның басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу және қызметін бағалау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Ережелер келесі тұжырымдамаларға негізделген:

- Нақты нәтижеге зейін қою
- Нәтиже сапасына зейін қою
- Мониторинг пен тиімділікті бағалаудың серпінділігі
- Күтілетін мінез-құлықты қалыптастыру және қолдау

- Дельтаға баса зейін қою
- Жүйенің бейімділігі
- Өрекет әрекетсіздікке қарағанда жақсы

Басшы қызметкерлерге сыйақы мөлшерін есептеу үшін мынадай тәртіп қолданылады:

- 01 . Денсаулық индикаторларын анықтау;
- 02 . Денсаулық индикаторлары бойынша паспорттарды әзірлеу/бекіту;
- 03 . мотивациялық карталарды әзірлеу/бекіту/түзету;
- 04 . бизнес-бағыттар бойынша бөліністегі қаржылық нәтижелерді анықтау;
- 05 . Жеке Қор мөлшерін есептеу;
- 06 . төленетін сыйақы сомасын есептеу.

Қоғам денсаулығының индикаторлары Қара кітапта анықталған. Паспорттарды/мотивациялық карталарды әзірлеу кезінде Қоғам үшін сыни Денсаулық индикаторлары қолданылады.

Басшы қызметкерлердің күтілетін мінез-құлқын қалыптастыру және қолдау үшін мотивациялық карталарда ескерілетін Денсаулық индикаторларының мәндеріне мониторинг және бағалау тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Бұл ретте сыйақы жүйесі Денсаулық индикаторларын сыйақы мөлшерін айқындау үшін емес, сыйақының есептелген мөлшерін түзететін құрал ретінде қолданады, бұл тұрақтылық пен ұзақ мерзімділікке зейін қоя отырып, қол жеткізілген нәтиженің «уыттылығын» немесе «денсаулығын» түсінуге көмектеседі.

Сыйақы жүйесі есепті кезең мен алдыңғы кезеңнің Таза пайдасының айырмашылығына негізделген және Таза пайданың өсуіне және/немесе алдыңғы кезеңге қатысты Таза пайданың төмендеуін болдырмауға бағытталған. Таза пайданың өсуі сыйақы мөлшерін арттырады, ал оның төмендеуі сыйақы мөлшерін азайтады.

Қызмет нәтижелері бойынша сыйақы төлеуге арналған қаражат сомасын қалыптастыру бухгалтерлік есеп жүйесінде есепті кезеңнің 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша болжанған есепті кезеңдегі Қоғамның күтілетін таза пайдасының 15%-ынан аспайтын резерв құру арқылы жүргізіледі.

Есептелген резерв пен есепті жылдың қорытындылары бойынша басшы қызметкерлерге нақты төленген сыйақы арасындағы айырма ретінде қалыптасқан қалдық Қоғамның қалған қызметкерлеріне сыйлықақы беруге жіберілуі мүмкін.

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері (ақшалай нысандағы жалақының және көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшері) 536 696 мың теңгені құрады.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

«Транстелеком» АҚ ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Ішкі аудит қызметі қамтамасыз етеді. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Қызметтің басшысы мен қызметкерлерін Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды.

Қызметтің миссиясы Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттерін орындауда Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасына қажетті көмек көрсету болып табылады.

Қызмет жұмысының негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке Қоғамдағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған кепілдіктер мен консультациялар беру арқылы тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

ІАҚ туралы ережеде ІАҚ мақсаттары, өкілеттіктері мен жауапкершілігі, сондай-ақ біліктілік талаптары айқындалған. ІАҚ туралы ереже Халықаралық кәсіби стандарттар негізінде әзірленді. ІАҚ туралы ереже «Транстелеком» АҚ бизнесінің ерекше қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.

ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныстылығы мен функционалдық есеп берушілігіне мынадай шарттармен қол жеткізіледі:

- 01 . Директорлар кеңесінің ІАҚ қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын мен тәртібін регламенттейтін ішкі аудит саласындағы ережені және басқа да саясаттарды бекітуі (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы);
- 02 . Директорлар кеңесінің тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы);
- 03 . Директорлар кеңесіне (Аудит жөніндегі комитетке) жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есепті және ішкі аудит қызметі туралы өзге де ақпаратты ұсынуы;
- 04 . Директорлар кеңесінің ішкі аудит бөлімшесінің басшысын және жұмыскерлерін қызметке тағайындау, қызметтен босату, сыйақы беру туралы шешімдерді бекітуі (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы);
- 05 . Директорлар кеңесінің (Аудит жөніндегі комитеттің) ІАҚ өкілеттіктерінің елеулі шектеулерін немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерді қарауы.

ІАҚ басшысы ІАҚ қызметін реттейтін ішкі құжаттарды (Ереже, Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі басшылық және т.б.) әзірледі, көрсетілген құжаттар қаралды, Аудит жөніндегі комитетпен алдын ала мақұлданды және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілді.

ІАҚ өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі жыл сайын бекітетін тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспардың негізінде жүзеге асырады және қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

ИАҚ қызметтің жалпы қабылданған стандарттары мен озық практикаларды қолдана отырып, ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды кезең-кезеңімен жүргізеді.

2021 жылы ИАҚ бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 9 (тоғыз) жоспарлы аудиторлық тексеру жүргізді.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Қоғамда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты жұмыс істейді, ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Қоғамның басқа да органдары арасындағы корпоративтік жанжалдарды реттеу тәртібі мен рәсімдерін регламенттейді.

Қоғам корпоративтік қақтығыстарды, егер олар Қоғамда туындауы мүмкін болса, барынша толық және тез анықтауды және Қоғам органдарының іс-қимылын нақты үйлестіруді қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

- + корпоративтік жанжалдарды олардың дамуының ең ерте кезеңдерінде анықтауды және оларға Қоғам, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан мұқият қарауды қамтамасыз етеді;
- + Қоғамның корпоративтік хатшысына корпоративтік жанжалдарды есепке алуды, акционерлерден келіп түскен өтініштерді, хаттар мен талаптарды тіркеуді жүзеге асыруды жүктейді. Қоғамның корпоративтік

хатшысы оларға алдын ала баға береді және осы жанжалдарды қарау құзыретіне жатқызылған Қоғамның органына береді.

Корпоративтік хатшы Қоғамның акционерлердің өтініштерін тиісінше қарауын және акционерлердің құқықтарының бұзылуына байланысты қақтығыстарды шешуді қамтамасыз етеді. Қоғамның филиалдарында осындай жұмысты ұйымдастыру оларды басқаратын адамдарға жүктелуі керек. Бірақ бұл жағдайда да Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғамның филиалдарында туындаған корпоративтік жанжалдарды туралы толық ақпаратқа ие болуы тиіс, барынша қысқа мерзімде қақтығыстың мәні бойынша өз ұстанымын айқындайды, тиісті шешім қабылдайды және оны акционерлердің назарына жеткізеді.

2021 жылы Қоғамда мүдделер қақтығысы тіркелген жоқ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ

ЭТИКА ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ

«Транстелеком» АҚ сыбайлас жемқорлық көріністерін ұлттық қауіпсіздікке төнетін жүйелі қатерлердің бірі ретінде қарастырады және құқықтық сауаттылықты және оның көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыру мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатта белгіленетін қағидаттар мен басымдықтарға бағдарланады, Қазақстан Республикасының осы саладағы заңнамасының барлық қолданыстағы талаптарын ескереді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ

2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың басқа да нормативтік актілерінің маңызды ерекшелігі кәсіпкерлік қызметті сыбайлас жемқорлық сын-тегеуріндерден қорғау туралы кепілдіктерден басқа, кәсіпкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жүзеге асыратын субъектілерге жатқызылғаны болып табылады, демек, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жа-сауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды оқшаулау бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

2015 жылғы қарашада Қоғамда бекітілген Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес компания қызметкерлері оның қағидаттарын мүлтіксіз сақтауы және басшылыққа алуы тиіс:

- + заңдылық;
- + адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын тану, қамтамасыз ету және қорғау

Қоғам қызметкерлерінің қызметіндегі жариялылық пен ашықтық;

- + сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жа-сағаны үшін жауаптылықтың бұлтартпастығы;
- + Қоғам қызметкерлерінде лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде адалдық және сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын құқықтық мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу;
- + сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты жүзеге асыру;
- + саяси, ұйымдастырушылық, ақпараттық-насихаттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларды кешенді пайдалану;
- + Компаниямен, мемлекеттік органдармен, Қоғамның контрагенттерімен алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық.

Саясаттың міндеттері:

- + құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу;
- + Қоғам қызметкерлерінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Қоғам қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;
- + алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою.

Сатып алуларды өткізу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік органдармен қарым-қатынас кезінде корпоративтік басқару, серіктестермен, контрагенттермен және клиенттермен өзара іс-қимыл салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша практикалық шараларды іске асыру мақсатында Қоғам мынадай шараларды қабылдайды:



- барлық қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне жол бермеу бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары жеткізіледі;
- сатып алуды өткізу және қызметтерді көрсету кезінде тұрақты негізде бақылау жүзеге асырылады (2021 жылы сатып алуды өткізу және қызметтерді көрсету кезінде нормативтік актілерді бұзу фактілері тіркелген жоқ);
- сатып алу жоспарларын уақтылы қалыптастыру, оларды ұйымдастыру және өткізу процестерін автоматтандыру үшін заманауи ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, сатып алу рәсімдерінің жариялылығы мен қатыстылығы қамтамасыз етіледі.

2016 жылдан бастап Қоғамда «Сенім телефоны» жұмыс істейді, оған компанияның қызметкерлері мен іскерлік серіктестері жүгініп, сыбайлас жемқорлық, алаяқтық көріністерінің, қаржы-бухгалтерлік және кадрлық жұмыстағы бұзушылықтардың болуы мүмкін фактілері туралы жеке немесе жасырын негізде хабарлайды. Сенім телефонына негізделген барлық бұзушылық фактілері бойынша Қоғам басшыларына дереу хабарланады және шаралар қабылданады.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ауыстыру кезінде нормативтік актілерге сәйкес бос лауазымдарға конкурстық іріктеу рәсімдерінің жариялылығын, ашықтығын және айқындығын қамтамасыз етуге бақылау жүргізіледі. Конкурстық іріктеудің қорытындылары туралы ақпарат ресми сайтта орналастырылады.

Қазіргі уақытта Қоғамның орталық аппараты мен филиалдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның алдын алу жағдайына тұрақты мониторинг жүзеге асырылуда. 2021 жылы қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қатысты өтініштер түскен жоқ.

Барлығы 2021 жылы Қоғамның «Ішкі қауіпсіздік» бағытымен барлығы 14 (он төрт) қызметтік тергеу жүргізілді, жалпы анықталған залал сомасы 1 500 000 теңге, ол 100% өтелді.

ТЕРРОРИСТІК ҚАУІПТЕРГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңына сәйкес Қоғамда терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру бойынша мақсатты жоспарлы жұмыс жалғастырылды.

Ұйымдастыру іс-шаралары:

- 2021 жылға арналған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді;
- жаңартылған әдістемелік материалдар негізінде қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыруға өзгерістер енгізілді;
- Қоғам филиалдары объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру жүйесіне талдау жүргізілді, террористік қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша дайындық жүргізілді;
- әзірленген және бекітілген жоспар бойынша кезең-кезеңімен Қоғамның маңызды нысандарын техникалық жабдықтау жүргізілді.

2015 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығының штабы әзірлеген «Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларын» мемлекеттік органдардың қолдану тәртібін зерделеу бойынша сабақтар тұрақты негізде өткізілді.

Режимдік, күзет және алдын алу іс-шаралары:

- Қоғам филиалдарының ғимараттарына кіруді бақылау және басқару жүйесі жұмыс істейді, жаңадан қабылданған қызметкерлерге электрондық қолжетімділік карталары беріледі;
- Қоғам объектілерінде тәулік бойы жұмыс істейтін және күндізгі физикалық күзет бекеттері орнатылды;
- ай сайын әкімшілік ғимараттар, аумақтар және желілік-кабельдік шаруашылық объектілерінің

- қоршауының жай-күйіне бөгде заттарды анықтау тұрғысынан тексеру жүргізіледі;
- нысандар заманауи инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен, басқару, кіруді бақылау және бейнебақылау жүйесімен жабдықталады;
- әкімшілік ғимараттар объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорттары әзірленді және бекітілді;
- ай сайын террористік сипаттағы қауіп-қатер туындаған жағдайда жұмыс істейтін персоналды іс-қимылдарға оқыту бойынша жоспарлы сабақтар өткізіледі;
- Қоғам объектілерінде қауіп төнген немесе террористік акт жасалған жағдайда хабарлау схемалары мен тізімдері түзетіледі және жаңартылады.

Техникалық іс-шаралар:

- түнгі уақытта объектілердің аумағын жарықтандыру құралдарының жарамдылығы тұрақты негізде қамтамасыз етіледі;
- антитеррористік қорғау тақырыбына үгіт-насихат жаңартылуда;
- ай сайын күзет сигнализациясының жұмысқа қабілеттілігін тексеру жүргізіледі;
- тоқсан сайын Қоғам филиалдарында бар жеке қорғану құралдарының жай-күйін тексеру және алдын алу жүргізіледі;
- ай сайын жертөле, шатыр үй-жайларын және Қоғам филиалдарының іргелес аумақтарын тексеру жүргізіледі;
- байланыстың желілік құрылыстарына бөгде заттардың болуына мерзімді тексеру жүргізіледі.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІV ҚР Заңының орындалуын қамтамасыз ету

Қоғамда діни төзімділікті, өзара сыйластықты дарытуға және діни экстремизмге жол бермеуге бағытталған насихат жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Аталған жұмыс аясында келесі іс-шаралар өткізілді:

- діни экстремизмге және терроризмге қарсы күрестің нормативтік-құқықтық базасын зерделеу жөніндегі сабақтар мен дәрістер;
- филиалдардың шағын станцияларында қызметкерлермен және жас мамандармен терроризмге қарсы қорғалу және діни экстремизмнің алдын алу бойынша сабақтар;
- тұрақты негізде Қоғам объектілеріне террористік және экстремистік сипаттағы әдебиеттің енуіне жол бермеу бойынша бақылау жүзеге асырылды;
- ҚР Еңбек кодексінің, ҚР Әкімшілік кодексінің және ҚР Қылмыстық Кодексінің баптарының, 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңдарының талаптарын түсіндіре отырып, филиалдардың бөлімшелеріндегі діни жағдайды зерделеу.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ІС-ШАРАЛАРЫ

Қоғамда азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою іс-шараларын орындау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Қоғам 2021 жылы оқу-жаттығулар мен жаттығуларды ұйымдастырды, өткізді:

- Қоғам ұйымдастырған және «Көктем-2021» Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға қатысты (2021 жылғы 4-5 наурыз);
- ОА және «Астанатранстелеком» филиалы бойынша кешенді оқу-жаттығу ұйымдастырылды және өткізілді (2021 жылғы 26 шілде);
- қысқы кезеңдегі ТЖ ден қою бойынша Қоғамның штабтық жаттығуы ұйымдастырылды және өткізілді (2021 жылғы 24 желтоқсан).

Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру бойынша жұмыстар үнемі жүргізіледі.

Қоғамның 14 қызметкерін азаматтық қорғаныс курстарында оқыту ұйымдастырылған.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР

ҚОҒАМНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қоғамның қызметі қалыптасатын негізгі корпоративтік құндылықтар оның қызметкерлерінің әдептілігі, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың жұмысының тиімділігі, өзара көмек, бір-біріне, мүдделі тұлғаларға және тұтастай қоғамға құрмет болып табылады.

Қоғам іскерлік этиканың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады:

- + адалдық;
- + әділдік;
- + адал ниеттілік;
- + ашықтық;
- + жауаптылық.

Қоғамның іскерлік этика кодексі Қоғамның корпоративтік мәдениетін қалыптастыратын және корпоративтік құндылықтарын бекітетін ішкі нормативтік құжат болып табылады. Кодекс Қоғам мен оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқының неғұрлым маңызды қағидаларын, корпоратившілік өзара қарым-қатынастардың этикалық нормаларын, әлеуметтік жауапкершілікті, сондай-ақ корпоративтік басқарудың іскерлік этикасы мәселелерін айқындайды.

Іскерлік әдеп кодексі корпоративтік басқарудың үздік қазақстандық және шетелдік практикаларының тәжірибесін ескере отырып, жалпы қабылданған іскерлік әдеп нормалары негізінде әзірленді.

Кодекс Қоғамның барлық қызметкерлері (филиалдардың қызметкерлерін қоса алғанда) мен оның басқару органдарының мүшелері үшін міндетті сипатқа ие.

Компаниямен жасалған азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар үшін, сондай-ақ тапсырмаларды орындайтын агенттер болып табылатын не үшінші тұлғалардың алдында Қоғамның атынан өкілдік ететін мердігерлер мен консультанттар үшін, егер олардың әрекеттері Қоғам атынан жүзеге асырылатын болса, Кодекс қолда бар міндеттемелердің мәніне қайшы келмейтін бөлігінде ұсынымдық сипатқа ие болады.

Кодекстің ережелері қолданыстағы заңнамаға қатысты бағынышты мәнге ие және даулы мәселелерді шешу кезінде ескерілуі мүмкін.

ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР

Телекоммуникация қызметтері нарығындағы «Транстелеком» АҚ негізгі міндеттерінің бірі телекоммуникация қызметтерін ұсынатын операторға пайдаланушының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында сапалы қызмет көрсету болып табылады. Бұл үшін қызметтердің сапасын арттыруға және оны нормативтік деңгейде қолдауға бағытталған ұйымдастыру іс-шараларын енгізу қажет (қызметтердің сапасын басқару жүйелерін әзірлеу және енгізу, қызметтердің сапасын бақылаудың міндетті рәсімдерін жетілдіру, Қоғамның телекоммуникация қызметтерін пайдаланатын азаматтардың шағымдарын (өтініштерін) есепке алуды дұрыс ұйымдастыру және т.б.).



Қоғамға жүгінген кезде жеке және заңды тұлғалармен жұмысты одан әрі жетілдіру, олардың өтініштерін жедел және объективті қарау және уақтылы ден қою мақсатында Қоғам «Өтініштерді (арыздарды, ұсыныстар мен шағымдарды) есепке алу және қарау тәртібі» (РІ 8.2-01/04-17) нұсқаулығын, сондай-ақ «Шағымдарды басқару процесі» (РІ CRM-05-00-01/03-21) әзірледі. Телекоммуникациялардың ұсынылатын қызметтерінің сапасы, жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштері Қоғамның бақылауында болады, жүйелі түрде талданады және бағаланады. Қоғамның ОА/ТКТК-на тікелей өтініш берушілер немесе әртүрлі адресаттар (мемлекеттік органдар және басқа да заңды тұлғалар) жолдаған шағым сипатындағы барлық ауызша және жазбаша өтініштер есепке алуға жатады.

БӘСЕКЕЛЕСТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

«Транстелеком» АҚ жосықсыз бәсекелестік пен үстем жағдайды теріс пайдалану фактілеріне жол бермей, монополияға қарсы заңнаманы мүлтіксіз сақтай отырып және бәсекелестерге қатысты өткір мәлімдемелерге жол бермей, өзара сыйластық және өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарында бәсекелестермен қатынастар орнатады.

Қоғам қызметкерлері бәсекелестердің өнімдері мен қызметтерін негізсіз сынға алуға құқылы емес, ал олармен қарым-қатынас қиын болған жағдайда олар тікелей менеджерлердің нұсқауларын басшылыққа алуы керек.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

«Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын Қоғамның құны мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге және олардың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде түсінеді. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару саясаты Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) енгізу арқылы жүзеге асырылады.

«Транстелеком» АҚ ішкі бақылау жүйесі ТБКЖ компоненттері мен қағидаттарымен тығыз қиылысатын модельде құрылған:

Компонент	Қағидаттар
Бақылау ортасы	Ұйымдық құрылымы Адалдық және этикалық нормалар Көшбасшылық философиясы мен стилі Кадр саясаты Қызметкерлердің құзыреттілігі («Басқару және мәдениет» компонентімен қиылысады)
Тәуекелдерді бағалау	Тәуекелдерді сәйкестендіру және талдау («Қызмет тиімділігі» компонентімен тығыз байланысты)
Бақылау рәсімдері	Рәсімдер мен саясаттар (тәуекелдерді басқарудың бір бөлігі болып табылады)
Ақпарат және коммуникациялар	Ішкі бақылау саласындағы ішкі және сыртқы коммуникациялар
Мониторинг	Мониторинг, есептілік және өзгерістерді енгізу «Ақпарат, коммуникация және есептілік» компонентімен тығыз қиылысады

ТБКЖ енгізу және жетілдіру Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуінің қажетті шарты болып табылады, сондай-ақ қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті орнатуды және дамытуды тұспалдайды, шығындарды болдырмау және пайданы барынша көбейту

ТБКЖ тиімді жұмыс істеуі мақсатында Қоғам өз қызметінің барлық деңгейлерінде бизнестің өмірлік цикліне сәйкес келетін мынадай өзара байланысты компоненттерді басшылыққа алады:

- 01 . басқару және мәдениет;
- 02 . стратегия және мақсат қою;
- 03 . қызметтің тиімділігі;
- 04 . өзгерістерді мониторингілеу және енгізу;
- 05 . ақпарат, коммуникация және есептілік.

мақсатында Қоғамның қызметінің барлық бағыттарына, функцияларына немесе процестеріне тән тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және бағалау, мониторингілеу, бақылау және басқарудың логикалық және жүйелі әдістерін қолдануды қамтиды.

ТБКЖ МАҚСАТТАРЫ

ТБКЖ негізгі мақсаты капиталдандыруды ұлғайту процесіне ықпал етуі тиіс қауіптер мен мүмкіндіктерді басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

ТБКЖ өз алдына келесі мақсаттарды қояды:

- 01 . Қоғамда тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және басқаруға бірыңғай және дәйекті тәсілдерді әзірлеу және қолдану, тігінен (басқару) және көлденеңінен (тәжірибе алмасу) тәуекелдер туралы ақпарат алмасу рәсімдерін оңайлату;
- 02 . айқын және түсінікті критерийлер негізінде Қоғамда тәуекелдерді басқару сапасын анықтау және қадағалау үшін Қоғам мүмкіндігін қалыптастыру;
- 03 . активтерді, олардың нарықтық құнын есепке алу жүйесін құру және акционерлік капиталды бағалау үшін ақпараттық базаны қалыптастыру;
- 04 . туындайтын тәуекел оқиғаларына жедел ден қою, сыртқы және ішкі ортаның өзгерістерін қадағалау;
- 05 . тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету не үшінші тараптарға беру мақсатында оларды басқару жөніндегі мақсатты қызметті ұйымдастыру (сақтандыру, хеджирлеу);
- 06 . Қоғамның тәуекелдері туралы ақпаратты жүйелеу және одан әрі жинақтау, бизнестің басқарылуын арттыру;
- 07 . нәтижесінде – тиімділікті арттыру және тәуекелдерді басқаруды оңтайландыру арқылы Қоғамның капиталдануын арттыру.

ТБКЖ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімділігін қадағалауды жүзеге асырады. Қоғамның аудит жөніндегі комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне ТБКЖ және ішкі бақылаудың сенімділігі мен тиімділігін бақылау мәселелері бойынша көмек көрсетеді.

Қоғам Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін құруды және қолдауды қамтамасыз етеді.


Деңгейлес коммуникацияны қамтамасыз ету және тәуекелдер тізілімін тиімді енгізу үшін Қоғамда Тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол Қоғам Басқармасы жанындағы тәуекелдерді басқару бөлігінде ұсыныстар әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын орындау кезінде «Қорғаудың үш желісі» моделіне сүйенеді.

Бірінші қорғау желісі (бизнес-функциялар) – өз құзыреті шеңберінде әрбір қызметкер тұлғасындағы құрылымдық бөлімшелер. Қоғам қызметкерлері (тәуекел иелері) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәуекелдерді тікелей басқарады және өз құзыреті шеңберінде бақылау рәсімдерін орындайды.

Екінші қорғау желісі – бірінші қорғау желісінің қызметін және негізгі тәуекелдерді мониторингілеу функцияларын жүзеге асыратын, тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың, заңнаманы, әкімшілік қағидаларды/ ішкі регламенттерді сақтаудың тиімді практикасының енгізілуін қамтамасыз ететін және қадағалайтын, тәуекел-бөлімшені қоса алғанда, құрылымдық бөлімшелер. Екінші қорғау желісі бірінші қорғау желісінің қызметіне мониторинг, шолу, бағалау, сараптама жүргізеді.

Үшінші қорғау желісі (тәуелсіз кепілдік) – Тиімділікке тәуелсіз бағалау жүргізетін және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жетілдіруге жәрдемдесетін, Қоғамның Аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне қолдау көрсететін, оларға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау беретін Қоғамның ішкі аудит қызметі.

ТБКЖ ТӘСІЛДЕРІ



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ КЕЛЕСІ БЕС ҚАДАМНАН ТҰРАТЫН ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ ЦИКЛДІК ПРОЦЕСТІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ:

- 01 Бизнес мақсаттарын тұжырымдау және тәуекелдерді анықтау
- 02 Тәуекелдердің маңыздылығын бағалау
- 03 Тәуекелдерге басымдық беру
- 04 Тәуекелдерге жауап беру
- 05 Тәуекелдер мен қызметтің тиімділігін талдау

01. БИЗНЕС МАҚСАТТАРЫН ТҰЖЫРЫМДАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ:

Қоғам өз қызметінде кездесетін стратегиялық және ажырамас тәуекелдерді ескере отырып, бизнес-мақсаттарды тұжырымдайды. Бизнес контекстінің тәуекел бейініне ықтимал әсері, сондай-ақ Қоғам ұшыраған тәуекелдер деңгейін төмендетудің ықтимал тәсілдері қарастырылады.

02. ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ЕЛЕУЛІГІН БАҒАЛАУ:

Тәуекелдерді бағалау процесі Қоғамның қызметіне теріс әсер етуі және оның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуі мүмкін неғұрлым маңызды тәуекелдерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Тәуекелді бағалау нәтижелері тәуекелге ден қою шараларын таңдауды айқындайды.

03. ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ БАСЫМДЫҒЫ:

Тәуекелдердің басымдығы тәуекелдер картасындағы әрбір тәуекелдің позициясына сәйкес белгіленеді (сындарлы, ірі, орта және төмен тәуекелдер). Тәуекелдерді басымдықпен бағалау нәтижелерінен басқа критерийлер ескерілуі мүмкін: Қоғамның тәуекелге бейімделу және оған жауап беру қабілеті,

тәуекелдердің өзара тәуелділігі, нәтижесінде оларды басқарудың күрделілігі артады, тәуекелдің Қоғам қызметіне әсер ету жылдамдығы, тәуекел салдарының Қоғамға теріс әсерінің ұзақтығы және т.б.

04. ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ДЕН ҚОЮ:

Қоғам қызметті жүргізу шарттарын, пайдалар мен шығындардың, міндеттемелер мен күтулердің арақатынасын, тәуекелдердің басымдылығын, тәуекел-тәбетті (тәуекелді қабылдау, тәуекелден жалтару, тәуекелді саналы түрде ұлғайту, тәуекелді қысқарту және тәуекелді беру) ескере отырып, тәуекелге ден қою стратегиясын айқындайды.

05. ҚЫЗМЕТТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ:

Тәуекелдер мен қызмет тиімділігін талдау Қоғам қызметіне біріктіріледі. Қоғам қызмет нәтижелеріне, оның ішінде тәуекелдерді ескере отырып, жекелеген бағыттар бөлінісінде шолу жүргізеді: нәтижелілікке әсер еткен тәуекелдер қаралады; тәуекелдер бұрын қаншалықты тиімді бағаланғаны және ден қою жөніндегі шаралар белгіленгені; шаралардың өздері қаншалықты тиімді іске асырылғаны қаралады.

2021 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процесінің негізгі нәтижелері мен қорытындылары тәуекелдер мен оларға ден қою, Қоғамның тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және қолдау жөніндегі іс-шаралар бойынша тұрақты есептік нысанында көрсетіледі.

Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, Қоғамда тәуекел-мәдениетін дамыту, сондай-ақ үздік тәжірибелерді енгізу шеңберінде 2021 жылы бірқатар іс-шаралар өткізілді:

- 01. ТБКЖ диагностикасы компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы сыртқы сарапшыларымен жүргізіліп, соңғылардың ұсынымдарын орындады.
- 02. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарын бекітті.
- 03. Қоғамның сыни тәуекелдерін сипаттаумен және талдаумен, сондай-ақ Қоғамның атқарушы органы мен Директорлар кеңесі үшін тәуекелдерді азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша мәліметтермен тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер дайындалды.
- 04. Қоғамның тәуекел-менеджерлері тәуекелдерді басқару бойынша кейбір ішкі нормативтік құжаттарды өзектендірді.

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қорытындылары бойынша 2021 жылы Қоғамның қызметіне және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін мынадай сындарлы тәуекелдер анықталды:

Өтімділік тапшылығының тәуекелі. Қоғамның өз міндеттемелерін толық көлемде уақтылы орындай алмауына байланысты не Қоғамның қаржы активтері мен міндеттемелерінің теңгерімсіздігі нәтижесінде туындайтын тәуекел. Жыл қорытындысы бойынша ағымдағы өтімділік коэффициентінің мәні 0,18-ге артып, 0,80-ді құрады (белгіленген норматив кезінде 1,20). Қоғамның

ағымдағы міндеттемелерінің ұлғаюына байланысты нормативтік мәнге қол жеткізілген жоқ.

Мерзімі өткен дебиторлық берешектің ұлғаюу тәуекелі (мерзімі өткен 3 айдан астам). Қоғамның са-тып алушылары мен тапсырыс берушілеріне бұрын көрсетілген қызметтер үшін табыс алумен байланысты тәуекел. 2021 жылы Қоғамның мерзімі өткен дебиторлық берешегінің деңгейі 0,25 млрд теңгеге артып, 1,39 млрд теңгені құрады.

Жоспарланбаған кіріс тәуекелі (B2B дамуы). Қоғамның ірі жобаларынан жоспарланған кірістерді толық емес көлемде алумен байланысты тәуекел. 2021 жылдың қорытындысы бойынша жобалардан түскен табыс жоспардағы 6,62 млрд теңгенің орнына 5,25 млрд теңгені құрады, бұл жоспардың 79,3%-ын құрайды.

ҰҚК сервис ретінде ДӨӨ инфрақұрылымын ұсыну үшін «Транстелеком» АҚ инфрақұрылымын дамыту» жобасын уақтылы іске асырмау тәуекелі. Жоба бойынша сапалы жобалау және жоспарлау, жеткізушілердің міндеттемелерді мерзімінде орындамауы сияқты жоба бойынша бірқатар іс-шаралардың орындалмауына байланысты тәуекел. 31.12.21 ж.жағдай бойынша жоба бойынша жұмыс кестесінің орындалу дәрежесі 100% құрайды. Қоғам тарапынан жоба бойынша қызметтер Тапсырыс берушіге толық көлемде ұсынылады.


ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҮЗДІК ПРАКТИКАЛАРЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫН ОДАН ӘРІ ЕНГІЗУ

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жаңа жағдайларды ескере отырып, Қоғам ТБКЖ-ды халықаралық стандарттарға, корпоративтік басқару өлшемдеріне сәйкес дамытуды қамтамасыз етуге және компанияның қойылған мақсаттарға қол жеткізуіне кедергі келтіруге, сондай-ақ компанияның одан әрі өсу мүмкіндіктерін алуға қабілетті тәуекелдерді азайтуға тиіс негізгі міндеттерді айқындады:

01. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту және оларды стратегиялық жоспарлау, қаржы-инвестициялық қызмет, операциялық қызмет процестерімен және бизнес-шешімдер қабылдаумен интеграциялау.
02. Бизнес-процестер иелерінің тәуекелдерді басқаруды жақсарту және олардың Қоғамның Директорлар кеңесін елеулі тәуекелдер, алынған сабақтар және түзету шаралары туралы хабардар етудегі рөлін күшейту үшін жауапкершілігін арттыру.
03. ТБКЖ кемелдену деңгейі мен тиімділігін және Қоғамдағы ішкі бақылауды одан әрі арттыру.



САПАНЫ БАСҚАРУ

БІРІҚТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Клиенттерге бар қызметтерді ұсына отырып және жаңа ақпараттық-коммуникациялық сервистерді дамыта отырып, Қоғам дәстүрлі түрде оларға нарықтағы бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ету үшін өз қызметтерінің сапа деңгейіне елеулі назар аударады.

Біздің компания ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 50001:2018, ISO/IEC 20000-1:2018, СТ РК ISO/IEC 27001-2015, ISO 45001:2018 менеджмент жүйелері саласында басқару жүйесін дамыту және жұмыс жағдайында қолдау есебінен корпоративтік басқарудың халықаралық талаптарына және менеджменттің озық технологияларына сәйкес келуге ұмтылады.

2021 жылы Қоғам:

- + ISO 9001:2015 және ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» халықаралық стандартының нұсқасы бойынша инспекциялық аудит өтті.
- + ISO 14001:2015 халықаралық стандарты және ҚР СТ ISO 14001-2016 «Экологиялық менеджмент жүйесі» нұсқасы бойынша инспекциялық аудит өтті.
- + ISO 45001:2018 «Кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының нұсқасы бойынша инспекциялық аудит өтті.
- + ҚР СТ ISO/IEC 27001-2015 «Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі» ұлттық стандартының нұсқасы бойынша инспекциялық аудит өтті.
- + ISO 50001:2018 және ҚР СТ ISO 50001-2019 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» стандарттарының жаңа нұсқасына көшті.
- + «IT-сервистердің менеджмент жүйесі» ISO/IEC 20000-1:2018 стандарттарының жаңа нұсқасына көшті.

Сертификаттық аудит нәтижелері бойынша келесі сертификаттар алынды:

- + IQNet сертификаттау жөніндегі органдардың халықаралық қауымдастығының мүшесі болып табылатын «Русский Регистр Евразия» сертификаттау қауымдастығы берген ISO/IEC 20000-1:2018 стандартының талаптарына халықаралық сәйкестік сертификаты.
- + IQNet сертификаттау жөніндегі органдардың халықаралық қауымдастығының мүшесі болып табылатын «Русский Регистр Евразия» сертификаттау қауымдастығы берген ISO 50001:2018 стандартының талаптарына халықаралық сәйкестік сертификаты.

Инспекциялық аудит нәтижелері бойынша Қоғам сәтті өтті және стандарттар мен алынған сертификаттардың талаптарына сәйкестігін растады:

- + IQNet сертификаттау жөніндегі органдардың халықаралық қауымдастығының мүшесі болып табылатын «Русский Регистр Евразия» сертификаттау қауымдастығы берген ISO 9001:2015 стандартының талаптарына халықаралық сәйкестік сертификаты.
- + IQNet сертификаттау жөніндегі органдардың халықаралық қауымдастығының мүшесі болып табылатын «Русский Регистр Евразия» сертификаттау қауымдастығы берген ISO 14001:2015 стандартының талаптарына халықаралық сәйкестік сертификаты.
- + IQNet сертификаттау жөніндегі органдардың халықаралық қауымдастығының мүшесі болып табылатын «Русский Регистр Евразия» сертификаттау қауымдастығы берген ISO 45001:2018 стандартының талаптарына халықаралық сәйкестік сертификаты.

Қоғамда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде тіркелген ұлттық стандарт талаптарына сәйкестікке қазақстандық үлгідегі сертификаттар бар: ҚР СТ ISO 14001:2016 (ЭМЖ), ҚР СТ ISO 9001:2016 (СМЖ), ҚР СТ ISO 50001-2019 (ЭНМЖ), ҚР СТ ISO 45001-2019 (ДСЕҚ МЖ), ҚР СТ ISO/IEC 27001-2015 (АҚМЖ), ҚР СТ ISO/IEC 20000-1:2016.

Қоғамда менеджменттің интеграцияланған жүйесін дамыту «Транстелеком» АҚ Сапа саласындағы саясатында, Экология саласындағы саясатта, Энергетикалық саясатта, Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы саясатта және Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясатта айқындалған мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Сертификаттар бүкіл Қоғамның менеджмент жүйесіне қолданылады. ISO 9000 сериялы стандарттары қызмет сапасына емес, клиенттердің қызмет сапасына қанағаттануына байланысты мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару жүйесіне талап етеді. Қазіргі уақытта осы серияның ISO стандарттары ең көп таралған – олар бүкіл әлемде танылған және 164-тен астам елде ұлттық стандарттар ретінде қабылданған.

Сертификаттардың болуы Қоғамның тұтынушылардың талаптарына сәйкес келетін қызметтерді көрсете алатындығын куәландырады және бизнестің тиімді және табысты дамуына жәрдемдеседі, бұл нарықтың әртүрлі сегменттерінде көшбасшы позицияларды алу және ұстап тұру үшін маңызды.

Қоғамда сертифицирталған қызметтердің болуы «Транстелеком» АҚ телекоммуникация, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласында тұтынушылардың талаптарына жауап беретін және техникалық нормалар мен стандарттарға сәйкес келетін кепілдік берілген жоғары сапалы қызметтерді ұсынатынын қосымша растау болып табылады.

Жыл сайын Қоғамда менеджмент жүйелері бойынша инспекциялық аудит жүргізіледі.

БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ (МИЖ) ІШКІ АУДИТІ

БМЖ нәтижелілігі процестерді өлшеу, талдау және түзету арқылы жүйенің жұмыс істеуін тұрақты мониторингтеу арқылы қамтамасыз етіледі. Есепті жылы Қоғамда сертифицирталған МИЖ одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылды.

МС ISO 9001:2015, МС ISO 14001:2015, МС ISO 50001:2018, ISO/IEC 20000-1:2011, СТ РК ISO/IEC 27001-2015, ISO 45001:2018 стандарттарының талаптарына сәйкес, ұйым жоспарланған іс-шараларға және осы стандарттың талаптарына және ұйым белгілеген МС талаптарына, сондай-ақ нәтижелілікке сәйкес келетінін анықтау үшін ішкі аудит жүргізуі тиіс оны енгізу және жұмыс жағдайында ұстау.

Стандарттардың талаптарын орындау үшін 2021 жылға арналған БМЖ ішкі аудиттерін жүргізу кестесі әзірленді және бекітілді.

«Қоғамның БМЖ ішкі аудитін жүргізу кестесін бекіту туралы» Басқарма Төрағасы орынбасарының бұйрығына сәйкес филиалдарда ішкі аудит жүргізілді:

- + «Астанатранстелеком»;
- + «Алматытранстелеком»;
- + «Ақтаутранстелеком»;
- + «Ақтөбетранстелеком»;
- + «Атыраутранстелеком»;
- + «Жамбылтранстелеком»;
- + «Қарағандытранстелеком»;
- + «Көкшетаутранстелеком»;
- + «Қостанайтранстелеком»;
- + «Қызылордатранстелеком»;
- + «Өскементранстелеком»;
- + «Павлодартранстелеком»;
- + «Семейтранстелеком»;
- + «Шымкенттранстелеком».

Кесте негізінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде ішкі аудит жүргізу жоспары бекітілді.

